

Ш.З. ЗАМАНБЕКОВ

КӘСІПОРЫННЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ

Оқулық




65.053.011
3-11

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Ш.З. ЗАМАНБЕКОВ

КӘСІПОРЫННЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ

Оқулық



АЛМАТЫ
2016

ӘОЖ 631 (075)
КБЖ 65.291 я 7
3 21

Нархоз университеті жанындағы ҚР БЖҒМ-нің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі республикалық оқу-әдістемелік кеңесі оқу-әдістемелік бірлестігінің «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» мамандықтар тобы бойынша баспаға ұсынылды (№1 хаттама, 22 қаңтар 2016 жыл)

Рецензенттер: **О.А. Абралиев** – ҚазҰАУ-нің профессоры, э.ғ.д;
Р.А. Қамшыбаев – ҚазМемҚызПУ-нің профессоры, э.ғ.д;
А.Б. Азаматова – Нархоз университетінің профессоры, э.ғ.к.

3 21 Заманбеков Ш.З.

Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау: оқулық / Ш.З. Заманбеков. – Алматы: Экономика, 2016. – 220 б.

ISBN 978-601-225-906-3

Қазіргі кезеңде кәсіпорын дамуының стратегиясы және тактикасы, жоспары мен басқару шешімі, өндіріс тиімділігін көтерудің резервтері шаруашылық қызметті талдау негізінде жүргізіліп, анықталады. Сол себептен оқулықтың студенттер мен кәсіпорын қызметкерлері үшін өз ерекшелігі мен құндылықтары бар. Оқулықта қаржылық-шаруашылық қызметті талдаудың теориялық негізі қарастырылып, кәсіпорын деңгейінде басқарушылық талдау тәсілі зерттеледі және қаржылық жағдайдың негізгі көрсеткіштерін талдау әдістері көрсетілген. Әрбір тараудан кейін студенттердің өз білімін тексеру және пысықтау сұрақтары, есептері берілген.

Оқулық экономика мамандарын даярлайтын жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттеріне, магистранттары мен оқытушыларына арналған. Сонымен қатар компаниялар мен кәсіпорындар мамандарына да қажетті оқулық болып саналады.

ӘОЖ 631 (075)
КБЖ 65.291 я 7

ISBN 978-601-225-906-3

© Заманбеков Ш.З., 2016.

© «Экономика» баспасы ЖШС, 2016.

Бұл еңбекті немесе оның бөліктерін автордың келісімінсіз таратуға және авторлық құқық жөніндегі нормаларға қайшы келетін басқа да әрекеттерге тыйым салынады әрі заң бойынша жазаланады.

КІРІСПЕ

Кәсіпорынның нарықтық қатынас жағдайындағы шаруашылық механизмін экономикалық және құрылымдық қайта құру кезеңінде, көңіл аударатын маңызды бағыты – шаруашылық субъектісінің микродеңгейі. Оның қарқынды дамуына қаржылық және шаруашылық тұрақтылығы әсер етеді.

Кәсіпорынның қаржылық және шаруашылық тұрақтылығына өндірістің тиімділігін көтеру арқылы жете аламыз және бұл үшін барлық иикізат пен материалдарды тиімді пайдаланып, шығынды төмендету керек.

Шаруашылық субъектісі деңгейінде бұл мақсатты орындау үшін экономикалық талдауға үлкен мән берілген. Оның көмегімен кәсіпорын дамуының стратегиясы және тактикасы жасалады, жоспары мен басқару шешімі негізделеді, олардың орындалуын бақылау іске асырылады, өндіріс тиімділігін көтерудің резервтері анықталады, кәсіпорын қызметінің, оның бөлімдері мен қызметкерлерінің нәтижесі бағаланады.

Білікті экономист, қаржыгер, бухгалтер, аудитор экономикалық зерттеудің бүгінгі кездегі амалдарын, жүйелі және кешенді экономикалық талдаудың әдіс-тәсілдерін, шаруашылық қызметті дәл, уақытында жан-жақты талдау шеберлігін жақсы меңгеруге міндетті.

«Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау» оқулығы үш бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімінде қаржылық – шаруашылық қызметті талдаудың методологиялық негізі қарастырылады. Бұнда экономикалық талдаудың пәні, мазмұны және міндеттері, әдістері мен тәсілдері, талдауды ұйымдастыру және ақпараттық қамсыздандыру жолдары көрсетілген.

Екінші бөлімінде кәсіпорын деңгейінде басқарушылық (ішкі) талдау тәсілі зерттеледі: барлық ресурстар түрлерін, шығындарды және өндіріс қызметінің шаруашылық нәтижесін тиімді пайдалану көздері анықталып берілген.

Үшінші бөлімінде қаржылық жағдайдың негізгі көрсеткіштерін талдау әдісі зерделенген. Өтімділік, қаржылық тұрақ-

4 ♦ Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау

тылық, төлем қабілеті, кәсіпорын табысы мен динамикасын талдау көрсеткіштері нақты мәліметтерге негізделген.

Оқулықта қарастырылған әрбір тақырыпқа байланысты студенттердің өз білімін тексеру және пысықтау сұрақтары, есептері, тест сұрақтары, сонымен қатар оқу жетістігін бағалау және қорытынды бақылауға дайындалу сұрақтары мен тақырыптары берілген. Даярлау барысында белгілі ғалымдар Шеремет А.Д., Баканов М.И., Ковалев О.В., Савицкая Г.В., Чуев И.Н. т.б. оқулықтары қолданыс тапты.

Курстың мақсаты кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау әдістерін үйрету арқылы студенттің теориялық және тәжірибелік машығын қалыптастыру.

Курстың негізгі міндеті студенттерді ғылыми білімділікке және оқулықта көрсетілген жаттығу есебін шығару арқылы тәжірибелік өзіндік жұмысқа машықтануын үйрету.

«Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау» пәнін оқу үдерісіндегі студенттің міндеттері:

- кәсіпкерлік қызметінің бір функциясы ретінде экономикалық талдау туралы білім жүйесін меңгеру;
- экономикалық құбылыстың маңызын, үдерісін, олардың өзара байланысын, талдау әдістерін түсіну және сандық факторлар әсерін анықтау;
- ішкі және сыртқы ақпараттарды пайдаланушылар үшін қаржылық және басқарушылық нәтижесінің өзара байланысын есептей отырып қорытындыны негіздеуді және басқарушылық шешімді қабылдауды, іскер серіктесті таңдауды негіздеуді үйрену;

• қол жеткізген нәтижелерді бағалау және экономикалық өсудің резервтерін анықтау.

Курсты оқып бітіру нәтижесінде студент және магистранттар келесі бағыттарды үйреніп-білуге толық мүмкіншіліктері бар:

- талдау жүргізу барысында экономикалық әдістерді және ақпараттарды қолдана білу;
- тәжірибеде талдау құралдарын дұрыс қолдану;

- қаржы-шаруашылық қызметіне талдау жүргізу әдістерін білу;
- шаруашылық субъектісінің қаржылық тұрақтылығын және төлем қабілеттілігін бағалау.

Оқулықтың кемшілігі жоқ деп айта алмаймын. Сондықтан мамандар мен оқырмандар тарапынан құнды ұсыныстар мен түзетулер енгізу талабы байқалса, онда оған автор күні бұрын ризалығын білдіре отырып, мына мекен-жайға жіберулеріңізді сұрайды:

050091, Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 99-үй. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, «Экономика және бизнес» кафедрасы.

I БӨЛІМ

ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ТАЛДАУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

1 ТАРАУ.

ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ТАЛДАУДЫҢ ПӘНІ, МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

- *Шаруашылық қызметті талдаудың түсінігі, мазмұны, орны және міндеті*
- *Шаруашылық қызметті талдаудың түрлері және оларды жіктеу*
- *Шаруашылық қызметті талдаудың пәні мен объектісі*

1.1. Шаруашылық қызметті талдаудың түсінігі, мазмұны, орны және міндеті

Экономикалық талдау – бұл экономикалық құбылыстардың мәнін ғылыми түрде тану мен оларды құрам бөлігіне қарай бөлуге негізделген үрдіс және олардың байланысының алуан түрлілігін және қарым-қатынасын зерттеу.

Талдау *макроэкономикалық* және *микроэкономикалық* болып 2 түрге бөлінеді. *Макроэкономикалық талдау* – ұлттық және әлемдік экономика деңгейіндегі үрдісті және экономикалық құбылыстарды зерттейді. *Микроэкономикалық талдау* – бұл құбылыстар мен үдерістерді жеке шаруашылық субъектілері деңгейінде зерттей отырып, қаржы-шаруашылық қызметінің экономикалық талдауы деген атауға ие болды.

Қаржы-шаруашылық қызметті талдаудың мазмұны кәсіпорынның басқару жүйесіндегі орны мен қызметінің рөліне байланысты және кәсіпорынның оңтайлы тиімді нәтижесіне жету жолдарымен түсіндіріледі.

Шаруашылық қызметті талдаудың мазмұны кәсіпорынды басқару жүйесіндегі оның рөлі мен міндетінен шығады (сурет 1.1).


Басқару жүйесі өзара байланысты келесі қызметтерден тұрады:

1. **Жоспарлау және болжам жасаудың** көмегімен кәсіпорын қызметінің негізгі бағыты мен мазмұны және сонымен қатар кәсіпорынның оңтайлы тиімді нәтижесіне жету жолдары анықталады.

2. **Есеп және бақылау** – өндіріс үрдістерінің жолдарын бақылау және өндірісті басқаруға қажетті ақпаратты талдап қорыту, жүйелеудің тұрақты жиынтығын қамтамасыз етеді.

3. **Қаржы-шаруашылық қызметті талдау** – басқару шешімдерін қабылдау мен есеп арасындағы байланыстырушы буын болып табылады. Қаржы-шаруашылық қызметті талдау үрдісінде есептеу ақпараты аналитикалық талдаудан өтеді:

- жеткен нәтижелер өткен уақыт кезеңіндегі мәліметтермен, орта салалы және басқа кәсіпорындар көрсеткіштерімен салыстырылады;
- шаруашылық қызмет нәтижесіне әсер ететін басқа факторлар анықталады;
- кемшіліктері, қателіктері, пайдаланылмаған мүмкіндіктері, келешегі т.б. анықталады.



Сурет 1.1. Басқару жүйесіндегі экономикалық талдаудың орны

4. Басқару шешімдерін қабылдау – қаржы-шаруашылық қызметін талдаудың басқару қызметі ретінде өндірісті болжау және жоспарлаумен тығыз байланысты, себебі бұл қызметті терең талдамай жүзеге асыру мүмкін емес. Сондықтан қаржы-шаруашылық қызметін талдау өндіріс жүйесін басқарудың ең басты элементі болып, ішкі шаруашылық қорды анықтау құралы және ғылыми түрде негізделген жоспарлар мен басқару шешімдерін дайындаудың негізі болып табылады.

Шаруашылық қызметтің субъектілік шаруашылығын талдаудың негізгі міндеттері келесілер:

1. Кәсіпорынның нақты жағдайдағы экономикалық құбылыстары мен үдерістерінің заңдылықтарын анықтауды, экономикалық заңдардың әсерін сипаттауды зерттеу;

2. Болашақтағы және ағымдағы жоспарларды ғылыми тұрғыдан негіздеу;

3. Қорларды тиімді пайдалану және жоспарды орындауды бақылау;

4. Шаруашылық қызметтің нәтижесіне ішкі және сыртқы объективті және субъективті факторлардың әсерін зерттеу;

5. Ғылымдағы және тәжірибедегі жетістіктер мен алдыңғы қатардағы озық тәжірибені негізге ала отырып, кәсіпорынның қызметінің тиімділігін арттыру жолдарын іздестіру;

6. Кәсіпорынның қызметінің нәтижесін бағалау;

7. Кәсіпорын бизнесінің табысын арттыру және нарықтың жағдайын бекіту мақсатында ішкі басқару механизімін жетілдіру, қаржылық және операциялық тәуекелін бағалау;

8. Анықталған қорларды пайдалану бойынша ұсыныстар дайындау.

Қаржы-шаруашылық қызметті таладауды өткізе отырып, белгілі ұстанымдар мен заңдылықтарды сақтау қажет:

1. Ғылымилық – талдау ғылыми сипатта болу, өндірістің экономикалық даму заңдылықтарының талаптарын ескеру, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері мен алдыңғы қатардағы тәжірибенің жетістіктерін пайдалану;

2. Кешендік – кәсіпорын қызметінің барлық жағын және барлық звеноларын қамтуды талап ету;

3. Жүйелілік – зерттелетін әрбір жеке объект, бір-бірімен және сыртқы ортамен байланысқан, бірнеше элементтен тұратын күрделі жүйе ретінде қарастырылуы керек;

4. Объективтілік – шаруашылық қызметті қаржылық талдау объективті, нақты, дәл болу, яғни анықталған шын ақпаратпен толықтырылуы қажет;

5. Ұтымдылық – талдау өндірістің жолына және оның нәтижесіне белсенді әсер етуі керек, дер кезінде жұмыстағы кемшіліктерді табу және кәсіпорынның басшыларына бұл туралы мәлімет беру;

6. Реттілік – талдау бір жағдайдан екіншіге емес, үнемі жүйелі түрде жүргізіліп отыруы қажет;

7. Жылдамдылық – талдауды нақты және тез өткізе білу;

8. Коопшіліктілік – талдауды кәсіпорынның жұмысшыларын кең түрде қатыстыра отырып жүргізу, ол алдыңғы қатардағы тәжірибені анықтауды және ішкі шаруашылық қорларды пайдалануды толық қамтамасыз етеді;

9. Мемлекеттік жолмен – шаруашылық қызметтің нәтижесін бағалай отырып, оның мемлекеттік, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, халықаралық саясатта және заңдылыққа сәйкес екенін ескеру;

10. Тиімділігі – талдауды жүргізудің шығыны, тиімділікті дүркін-дүркін арттыруы қажет.

Шаруашылық қызметті талдауды оқып бітіру нәтижесінде студент міндетті:

- талдау жүргізу барысында экономикалық ақпараттарды қолдануды білуге;
- тәжірибеде талдау құралдарын дұрыс қолдануға;
- қаржы-шаруашылық қызметін талдауды жүргізудің әдістерін білуге;
- шаруашылық субъектісінің қаржылық тұрақтылығын және төлем қабілеттілігін бағалауға.

1.2. Шаруашылық қызметті талдаудың түрлері және оларды жіктеу

Шаруашылық қызметті талдау *салалық нышаны* бойынша жеке салалар қызметінің ерекшелігін ескеретін, *салалық* (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, сауда т.б.) және талдаудың салалық әдістемесінің теориялық және әдістемелік негізі болатын *салааралық* болып бөлінеді.

Уақыт нышаны бойынша *алдын ала талдау* (шаруашылық операцияларын жүргізгенге дейін) және *келесі талдау* (шаруашылық операцияларын жүргізгеннен кейін) болып бөлінеді. *Алдын ала (перспективалық) талдау* жоспар мен басқару шешімін негіздеу үшін қажет. *Өткенді (ретроспективалық, тарихи) талдау* кәсіпорынның даму үрдісін, қабылданған жоспардың орындалуын бақылауды және оның жағдайын диагностикалауды зерттеу үшін қолданылады. Болашақ және өткенді талдау бір-бірімен тығыз байланысты. Өткенді шолусыз болашақ талдау жүргізу мүмкін емес.

Өткенді талдау оперативті және қорытынды (нәтижелі) болып бөлінеді. *Оперативті талдау* бірден шаруашылық операцияларын іске асырғаннан кейін немесе қысқа уақыт ішінде (аусым, тәулік, декада т.б.) жағдайдың өзгергеніне байланысты жүргізіледі. Оның мақсаты оперативті түрде арнаулы параметрлерден керек емес ауытқуларды айқындау және оны жою үшін уақытында шара қолдану.

Қорытынды талдау есепті жылға жүргізіледі (ай, тоқсан, жыл). Бұл кәсіпорынды жан-жақты жүйелі түрде зерттеуге мүмкіншілік береді.

Болашақты талдау уақыт ұзақтығына байланысты қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып бөлінеді. *Қысқа мерзімді* талдау бір жылға дейінгі кезеңді қамтыйды, ал *ұзақ мерзімді* бір жылдан жоғары деңгейді қамтиды. Қысқа мерзімді болжам талдауы кәсіпорынның бизнес аймағындағы тактикалық, ал ұзақ мерзімді стратегиялық саясатты жасау үшін қолданылады.

Кеңістік нышаны бойынша фирмаішіндегі және фирмааралық болып бөлінеді.

Фирмааралық салыстыру келесі мақсатта жүргізіледі:

- басшылыққа өз кәсіпорнының жұмысының нәтижесінің ұқсас кәсіпорындармен арақатынастығын көрсету;
- басшылықтың назарын бизнестің күшті және әлсіз жақтарына қызықтыру;
- кәсіпорынның сапалы жұмыс істеуін бағалау үшін объективті базасын көрсету.

Зерттеу аспектісі бойынша қаржылық, басқарушылық, әлеуметтік-экономикалық, экономика-статистикалық, маркетингтік, инвестициялық, экономика-экологиялық, логистикалық және басқада талдау түрлеріне бөлінеді.

Қаржылық талдау кәсіпорынның инвестициялық-қаржылық шешімін негіздеу және бағалау мақсатында жүргізіледі.

Басқарушылық талдауды кәсіпорынның барлық қызметтерін жоспарлау, бақылау және оптимальды басқарушылық шешімін қабылдау мақсатында жүргізеді.

Әлеуметтік-экономикалық талдау – әлеуметтік және экономикалық үрдістердің өзара байланысын, олардың бір-біріне және шаруашылық қызметтің экономикалық нәтижесіне әсер етуін зерттейді.

Экономика-статистикалық талдау статистикалық мекемелерде қолданылады.

Инвестициялық талдау шаруашылық субъектілерінің инвестициялық қызметінің тиімділігін бағалауға және бағдарлама әзірлеу үшін қолданылады.

Объектіні зерттеу әдісі бойынша сапалық және сандық, экономика-математикалық т.б. болып бөлінеді.

1.3. Шаруашылық қызметті талдаудың пәні мен объектісі

Шаруашылық қызметті *таладау объектісі* кәсіпорынның шаруашылық қызметінің экономикалық нәтижесі ретінде көрінеді. Мысалы өндіріс кәсіпорнында талдау объектісіне өнімді өндіру мен тарату, өзіндік құн, материалдық, еңбек және қаржылық қорларды пайдалану жатады.

Шаруашылық қызметті талдаудың *пәні*, ол экономикалық құбылыс пен үрдістердің себеп-салдарының байланыстары.

Пәнді зерттеудің мақсаты – шаруашылық субъектінің әрекетінің нәтижесін қалыптастыратын үрдісін және экономикалық құбылыстардың тәуелділігі мен оның себеп-салдарының байланысын зерттеу болып табылады.

Жақсы қожайынға, кәсіпорын басшыларына, тіпті кішкене дүкендерге де талдау өте қажет, себебі ақшаны қайда салу, тиімді қандай өнімге сұраныс көп және өз қызметінде үлкен пайда табу жолы қандай екенін біледі.

1 тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер

Бақылау сұрақтары

1. Экономикалық талдау деп нені түсінеді?
2. Кәсіпорынды басқарудағы және қызметінің тиімділігін көтерудегі талдаудың рөлі қандай?
3. Макро- және микроэкономикалық талдаудың айырмашылығы неде?
4. Шаруашылық қызметті талдаудың міндеттері қандай?
5. Ғылым ретінде экономикалық талдаудың мазмұны қандай?
6. Шаруашылық қызметті талдаудың пәні мен объектісі не болып есептеледі?
7. Экономикалық талдаудың түрлері мен жіктелуіне не жатады?

Есептер

1 **Есеп.** Қандай талдау әдісі қолданылғанын анықтағын және қорытындыла, егерде берілсе:

Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2015 ж. % 2013 ж.
Өнім шығару, тн	145	150	148	102,1
Жұмысшылар саны, адам	25	22	23	96

2 Есеп. Өнімді шығаруды өзгертуге факторлардың (сандық және сапалық) әсерін анықта. Қорытынды шығар.

Көрсеткіштер	Есепті жыл		Ауытқу (+,-)
	жоспар бойынша	дерек бойынша	
Өнім шығару, мың теңге	7840	7925	
Жұмысшылар саны, адам	376	373	
1 жұмысшыға өндірілген өнім, мың теңге	20,851	21,247	

3 Есеп. Өнім көлеміне факторлардың (сандық және сапалық) әсерін анықта және қорытынды жаса.

Көрсеткіштер	Есепті жыл		Ауытқу (+,-)
	жоспар бойынша	дерек бойынша	
Өнім көлемі, мың теңге	9140	10200	
Негізгі өндіріс қорының орташа құны, мың теңге	4820	4800	
Қорқайтарымдылығы, теңге			

4 Есеп. Өнім көлеміне факторлардың (сандық және сапалық) әсерін анықта және қорытынды жаса.

Көрсеткіштер	Есепті жыл		Ауытқу (+,-)
	жоспар бойынша	дерек бойынша	
Өнім көлемі, мың теңге	6640	6700	
Материалдық шығындар, мың теңге	3280	3300	
Материалқайтарымдылығы, теңге			

2 ТАРАУ.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

- *Экономикалық талдаудың әдістері туралы түсінік*
- *Экономикалық талдаудың тәсілдері және оны жіктеу*

2.1. Экономикалық талдаудың әдістері туралы түсінік

Әр ғылымдағы пәннің өзінің зерттеу пәні мен әдістері бар. **Экономикалық талдау әдістері** дегеніміз шаруашылық үрдістерін және оның қалыптасуы мен дамуын зерттеуді үйрену тәсілі.

Экономикалық талдаудың әдістерін анықтайтын ерекшелігі келесілер:

- шаруашылық субъектісінің экономикалық қызметін жан-жақты сипаттайтын экономикалық көрсеткіштер жүйесін пайдалану;
- көрсеткіштердің өзгеру себептері зерттеледі;
- көрсеткіштердің арасындағы байланыс анықталады;
- өндірістің тиімділігін арттыратын факторлық көрсеткіштердің сандық әсері анықталады.

Экономикалық ақпараттарды талдауды жүргізу және өңдеу үрдісінде әртүрлі тәсілдер мен әдістер пайдаланылады. Кез келген талдау әдістемесі келесі кезеңдерден тұрады:

- аналитикалық зерттеуді жүргізудің жүйелілігі мен мерзімділігіне кеңес беру;
- талдау объектісінің зерттеу тәсілдері мен әдістерін сипаттау;
- талдау жүргізілетін мәлімет көздерін анықтау;
- талдауды ұйымдастыру, әдістемелік және ақпараттық қамсыздандыру бойынша нұсқау даярлау;
- талдау нәтижесін рәсімдеу ұсыныстарын беру.

Шаруашылық қызметті талдауды кешенді жүргізу келесі технологиялық кезеңдерден тұрады:

- талдаудың объектісі, мақсаты және міндеті нақтыланады, аналитикалық жұмыстың жоспары құрастырылады;

- талдау объектісін сипаттайтын синтетикалық және аналитикалық жүйе құрастырылады;
- талдау жүргізіуге керекті ақпарат жинақталады және даярланады;
- шаруашылықтың нақты нәтижесі есепті мезгілдің жоспарының көрсеткіштерімен, өткен мезгілдің нақты мәліметтерімен, алдыңғы қатарлы кәсіпорындардың жетістіктерімен т.б. салыстырылады;
- факторлық талдау жүргізіледі (факторларға бөлінеді және олардың қорытындыға әсері анықталады);
- өндіріс тиімділігін көтерудің пайдаланылмаған болашақ қорлары анықталады;
- шаруашылық қызметінің нәтижесіне баға беріледі.

2.2. Экономикалық талдаудың тәсілдері және оны жіктеу

Талдауда пайдаланылатын әдістер мен тәсілдердің жиынтығы экономикалық талдаудың әдісінің ерекшелігін көрсетеді. Экономикалық талдаудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығын шартты түрде 3 топқа бөлуге болады:

1. Логикалық;
2. Математикалық;
3. Эвристикалық.

Логикалық тәсілдер қарапайымдылығымен ерекшеленеді және күрделі математикалық аппаратты қолдануды қажет етпейді.

Оған келесі әдістер жатады:

1. Салыстыру;
2. Толық талдап тексеру, нақтылау;
3. Орташа және салыстырмалы шама әдісі;
4. Топтастыру;
5. Тізбекті алмастыру әдісі;
6. Айырмашылық әдісі;
7. Интегралды әдіс;
8. Тепе-теңдік.

1. Салыстыру әдісі – кең тараған әдіс, оның мазмұны зерттеліп отырған объектіні, басқа сол сияқты объект арқылы талдау және бағалау. *Салыстырудың негізгі шарты* ол көрсеткіштерінің салыстырмалылығы және олардың біркелкілігі. Жоспарлы, нормативті, басқа кәсіпорындардың ұқсас көрсеткіштері мен өткен жылғы тәжірибелік көрсеткіштері салыстырылады.

Салыстыру әдісі және оның негізгі түрлері:

1. Жоспарлы және шын мәніндегі мәліметтерді салыстыру нәтижесі – жоспарды орындау пайызын, факт және жоспарды, динамикасын анықтау;

2. Ағымдағы нақты мәнін алдындағы фактімен салыстыру: салыстыру мақсаты – экономикалық құбылыстар дамуындағы заңдылықтарды, үрдістерді анықтау;

3. Елдегі, аймақтағы кәсіпорынның салалары бойынша орташа көрсеткішін талдайтын көрсеткішімен салыстыру;

4. Талданып отырған кәсіпорынның, саланың көрсеткішін бәсекелестердің көрсеткішіне сәйкес салыстыру;

5. Ең жақсы шешім қабылдау мақсатында болжамдалған әртүрлі басқарушылық шешімдерімен салыстыру;

6. Тиімділігін бағалау мақсатында басқарушылық шешімдерін қабылдағанға дейін және онан кейінгі шаруашылықтың нақты нәтижелерін салыстыру.

Салыстыру талдауының түрлері: көлденең, вертикальды, трендті (экономикалық көрсеткіштердің ұзақ өзгеру бағыты), бір өлшемді, көп өлшемді.

Көлденең салыстырмалы талдау – зерттеліп отырған көрсеткіштің шын деңгейінің абсолютті және салыстырмалы деңгейін, базалықтан ауытқуын анықтау үшін қолданылады: жоспарланғаннан, алдыңғыдан, орташадан т.б.

Вертикальды салыстырмалы талдауда – экономикалық құбылыстардың құрылымы зерттеледі және жалпы алғандағы үлес салмақ қатынасы, үлес салмақты есептеу үрдісі арқылы жүргізіледі (мысалы, өзіндік капитал үлес салмағы жалпы сомада т.б.).

Трендті талдау – өсудің салыстырмалы қарқынын зерттеуде және базистік жылдық деңгейіне бұрынғы жылдар көрсеткішінің өсуін яғни, динамикалық зерттеуде пайдаланады.

Бірөлшемді талдау – бір немесе бірнеше кәсіпорындардың немесе объектілердің, бір немесе бірнеше көрсеткіштері салыстырылады.

Көпөлшемді талдау – бірнеше кәсіпорынның қызметінің нәтижесі кең түрдегі көрсеткіштермен салыстырылады.

2. Толық талдау әдісінде өндірістік көрсеткіш бөлшектерге бөлінеді, элементтің құрамы бойынша жеке қарастырылады. Бөлшектеу қызметіне әсер ететін факторға байланысты уақыт бойынша жүргізіледі (жыл, квартал, ай, он күндік). Мысал: қай өнімнің шықанына байланысты жоспар артығымен орындалғанын білу үшін, оны өнімнің түріне қарай бөлшектеу керек.

3. Орташа және салыстырмалы шама әдісі – бір өндірістік көрсеткіштің басқасына қатынасымен сипатталады: жоспарды орындау, зерттелетін құбылыстардың құрылысы, көрсеткіштердің уақытпен өзгеруі. Салыстырмалы шама бір абсолютті салыстырмалы шама басқа шамадан қанша есе үлкен екенін, немесе қазіргі шама басқаға қарағанда қанша бөлікті құрайтынын анықтауға мүмкіндік береді. Егер салыстырмалы шама пайыз түрінде берілсе, онда бір шама жүз пайыз деп қабылданады, ал екіншісі одан аз немесе көп болады.

Орташа шама – зерттеліп отырған құбылыстың (мысly, жа-laқы) жалпылама сипатын алу үшін пайдаланатын көрсеткіш. Орташа шаманы бір шаманы екінші шамаға бөлу арқылы алады.

Мысалы: орташа жылдық өнім шығару - жылдық, кварталдық, айлық шығарылатын өнімді осы кезеңдегі күн санына қатынасымен анықтайды. Орташа шаманы орташа арифметикалық (қарапайым және өлшенген), орташа хронологиялық, орташа геометриялық ретінде есептеуге болады.

Орташа арифметикалық *қарапайым*, ол түрлендіргіш белгінің әрбір мағынасының жиынтығы бір рет кездескенде қолданылады, ал *өлшенген* нұсқа қайталанғанда кездеседі.

4. Топтастыру – бөлшектеп қарастыру мақсатында, талдау кезінде зерттеліп отырған объектіні жеке белгілеріне қарай топтарға бөлшектеу. Мысалы: жұмысшыларды кәсібі мен разряды бойынша топтастыру; өнімді сапа категориясы бойынша түрлерге бөлу. Көрнекті болу үшін топтастырылған мәліметтер кесте, гра-

фик, диаграмма түрінде безендіріледі. Топтарды шектеу белгілерді таңдау арқылы талдау мақсатында жүзеге асырады.

5. Тізбекті алмастыру әдісі – талдайтын көрсеткіштің өзгеруіне әртүрлі факторлардың әсерін анықтайтын, бөліп таратушы тәсіл. Бұл әдісті қолданудың негізгі жағдайы зерттеліп отырған көрсеткіштерде тіке немесе кері тәуелділіктің болуын анықтау. Тізбекті алмастыру әдісінің негізі, ол туындаған өзгертулер әсерінен, жалпылама көрсеткіштің өзгеруіне байланысты базистік, жеке, ұқсас көрсеткіштердің және олардың шын шамасының өзгертілуі. Бұл үшін бір ғана шын алмастырғышы бар өзара базистік мәннің көрсеткіші, оның алмастырғыш деп аталатын шын мәнімен бірнеше есептеулер құрастырылады. Алмастырғыштың саны өзара әсер ететін көрсеткіштердің санына тең, ал есептеу саны 1-ге артық.

Әр факторды есептеу берілген фактор өзгерді ал қалғаны өзгеріссіз қалды дей отырып жүргізіледі. Әр алмастырудан кейін алынған нәтижеден алдыңғыны алып тастайды. Бұнымен берілген фактордың жалпылама көрсеткішіне әсері анықталады. Бірлескен әсер қосу арқылы анықталып, шын көрсеткіштің өзгеруіне тең болуы тиіс. Осы кезде қарым-қатынас тепе-теңдігі құрастырылады. Осы тәсілді қолдану тәртібін келесі мысалда көруге болады:

Шығару көлеміне әсер ететін факторларды анықтайтын бастапқы мәліметтер келесілер:

Көрсеткіштер	Жоспар	Факт	Ауытқуы (+, -)
1. Станоктар саны, дана	50	48	-2
2. 1 станоктың жұмыс істеу уақыты, сағат	375	364	-11
3. 1 станоктың 1 жұмыс сағатындағы өнімділігі, дана	16	18	+2
4. 1 айдағы даярланған бөлшектер, дана	300000	314496	+14496

Талдау объектісі бойынша 1 айда шығарылған бөлшектердің көлемінің өзгеруі: $314496 - 300000 = 14496$ дана.

Әртүрлі факторлар өнімнің көлемінің өзгеруіне қалай әсер еткенін анықтау үшін келесі есептеулерді жүргіземіз:

1. Барлық жоспарланған көрсеткіштер: $50 \times 375 \times 16 = 300000$ дана;

2. Шын мәнінде станок саны, қалған жоспарланған көрсеткіштер:

$48 \times 375 \times 16 = 279552$ (288000) дана;

3. Станоктар саны және шын мәнінде 1 станоктың жұмыс мерзімі, станоктың жоспарлы өнімділігі: $48 \times 364 \times 16 = 279552$ дана;

4. Шын мәніндегі барлық көрсеткіштер: $48 \times 364 \times 18 = 314496$ дана.

Шын мәніндегі өнімнің жоспарланған өнімнен айырмашылығы келесі факторлардың әсерінен болды:

– станоктар санының 2 данаға азаюы, өндірістің көлемінің 12000 данаға төмендеуіне әкелді (288000 - 300000);

– 1 станок жұмыс мерзімінің ұзақтығының 11 сағатқа азаюы өндірістің көлемінің 8448 данаға төмендеуіне әкеледі (279552-288000);

– 1 станокты өнімділігінің 2 данаға көбеюі, өндіріс көлемін 34944 данаға өсірді (314496-279552).

Жалпы ауытқу +14496 дананы құрайды: $(-12000-8448+34944)$.

Егер шаруашылықтағы субъект барлық жоспарланған құрал санын пайдаланып, ішкі аусымдық тоқтауды болдырмағанда 1 айдағы өнімді өндіру 20448 данаға көп болар еді (12000+8448).

6. Абсолютті айырмашылық әдісі. Бұл әдісте есептеу, алмастыру орнына, шын мәніндегі шама мен жоспарланған шаманың көрсеткішінің айырмашылық шамасы қойылады да, нәтижесінде жалпылаушы көрсеткіштің өзгеруіне әсер ететін фактор анықталады. Әр алдыңғы көрсеткіштің айырмашылығы шын мәніндегі шама мен жоспарланған шаманың айырмашылығымен алынады.

7. Тепе-теңдік әдісі - бухгалтерлік есепте, статистикада және жоспарлауда қолданылады. Өнеркәсіптік кәсіпорындарда осы әдіс көмегімен жұмыс уақытын пайдалануды, дайын өнімді және қаржы жағдайын талдайды.

2 тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер

Бақылау сұрақтары

1. Шаруашылық қызметті талдаудың әдісін сипаттаңыз, оның ерекше белгілерін атаңыз.
2. Шаруашылық қызметті талдаудың әдісі нені көрсетеді?
3. Шаруашылық қызметті талдауда қолданылатын негізгі тәсілдерді атаңыз.
4. Негізгі жіктеу факторларының түрлерін атаңыз.
5. Салыстыру тәсілінің мәні неде?
6. Талдауда салыстырудың қандай түрлері қолданылады және олардың мақсаты неде?
7. Салыстырмалы шамалардың негізгі түрлерін сипаттап беріңіз.

Есептер

1-есеп. Келесі көрсеткіштердің өсу және өсім қарқынын анықтау керек:

Жылдыр	Өнім шығару, тн	Жұмыс істеушілер саны, адам	Негізгі қорлар құны, мың теңге
2013	100	20	120
2014	120	22	125
2015	115	19	128

Есеп бойынша қорытынды шығарып талдау әдісін анықта.

2-есеп. Қандай талдау әдістері қолданылғанын анықта, қорытынды шығар, есепті шеш, егерде берілсе:

Өнім түрлері	Өнім шығару, тн		Ауытқу (+,-)	
	жоспар	факт	абсолютті	салыстырмалы
Жоғары сортты ұн	68	75		
1-ші сортты ұн	110	115		
2-ші сортты ұн	48	41		

3-есеп. Базистік, тізбектік индекстерді анықта, қорытынды шығар, егер берілсе:

Өнім түрлері	Өнім шығару, тн		Ауытқу (+,-)	
	жоспар	факт	абсолютті	салыстырмалы
Жоғары сортты ұн	68	75		
1-ші сортты ұн	110	115		
2-ші сортты ұн	48	41		

3 ТАРАУ.

ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ТАЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

- *Шаруашылық қызметті талдауды ұйымдастырудың негізгі қағидаттары*
- *Кәсіпорында шаруашылық қызметті талдаудың орын-душылары және ұйымдастыру түрлері*
 - *Аналитикалық жұмыстарды жоспарлау*
 - *Шаруашылық қызметті талдауды ақпараттық және әдістемелік қамсыздандыру*
 - *Шаруашылық қызметінің нәтижесін құжаттап, рәсімдеу*

3.1. Шаруашылық қызметті талдауды ұйымдастырудың негізгі қағидаттары

Шаруашылық қызметті талдау нәтижесі, оны дұрыс ұйымдастыруға байланысты. Ол жоспарлы түрде, жаңа әдістемелерге негізделіп, талдау үрдісінің іс-әрекетін және тиімділігін қамтамасыз ету үшін құрылуға тиіс.

Талдау жұмысы басқару шешімдерін қабылдайтын әр менеджердің қызметтік міндеттеріне кіреді. Сондықтан оны ұйымдастырудың ең негізгі қағидаты, талдауды жүргізетін орындаушылар арасында міндеттерді нақты бөліп беру.

Талдауды ұйымдастырудың ұстанымдарының бірі, талдау үрдісінің тиімділігін және үнемділігін қамтамасыз ету болып табылады, яғни талдауды жүргізуді, аз шығынмен жан-жақты толық зерттеп орындау. Осы мақсатта талдау жүргізудің жаңа әдістемелік түрлерін кең пайдалануымыз қажет: оларға ақпараттарды өңдеудің компьютерлік технологиялары, мәліметтерді сақтау мен жинаудың тиімді әдістері жатады.

Кәсіпорындарда талдау жұмыстарын ұйымдастырудың негізгі қағидаттарына бірегейлендіру және жұмыс тәртібін белгілеу жатады.

Жұмыс тәртібін белгілеу – жеке орындаушы үшін міндеттердің ең аз кестесін және талдауды жүргізу түрінің нұсқауын қарастырады.

Бірегейлендіру – типтік әдістемелерді және нұсқауларды, шығару түрлері мен кестелерді, стандартты бағдарламаларды, бағалау критерилерінің бірегейлігін құруды қарастыру. Бұл талдаудың нәтижесінде басқарудың жоғарғы деңгейі қамтамасыз етіледі, мәліметердің сәйкестігін салыстыра отырып, салаларда шаруашылықаралық бағалаудың объективтілігін арттырады, уақыт шығынын азайтады және нәтижесінде оның тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Кәсіпорындардағы талдау жұмысын жүргізу келесі ұйымдастыру кезеңдеріне бөлінеді:

1. Шаруашылық қызметті талдау объектілерін және субъектілерді анықтау, талдау түрлерін ұйымдастыруды таңдау және салалар мен қызметтер арасындағы міндеттерді бөлу;
2. Талдау жұмыстарын жоспарлау;
3. Шаруашылық қызметін талдауды ақпаратпен және әдістемелік жағынан қамтамасыздандыру;
4. Талдау нәтижесін жүйеге келтіру;
5. Талдау нәтижесі бойынша жасалған ұсыныстарды өндіріске ендіруді бақылау.

3.2. Кәсіпорында шаруашылық қызметті талдаудың орындаушылары және ұйымдастыру түрлері

Кәсіпорында шаруашылық қызметті талдауды ұйымдастыру түрлері ақпарат құралы және басқарудың техникалық деңгейімен анықталды. Үлкен өндірістік кәсіпорындарда барлық экономикалық қызметтің іс-әрекеттерін, директордың экономикалық ісі жөніндегі орынбасары, бас экономист басқарады. Ол кәсіпорындарда барлық экономикалық жұмыстарды және шаруашылық қызметін талдауды ұйымдастырады. Оның қарамағына экономикалық зертханасы және өндірісті ұйымдастыру, жоспарлау экономикалық бөлімдері,

еңбекақы және сңбек, баға белгілеу, маркетинг, бухгалтерлік есеп, қаржы бөлімдері жатады.

Басқа құрылымдық салаларда экономикалық талдау топтары немесе бөлімдері болуы мүмкін. Орташа және кіші кәсіпорындарда талдау жұмысын бас есепші немесе жоспарлау бөлімінің менеджері басқарып жүргізеді. Шаруашылық қызметті талдау жұмысы келесі көрсетілген бөлімдерден тұрады.

Қаржы бөлімі – кәсіпорынның капиталын тиімді пайдалану және бөлуді қалыптастыру үрдісін талдайды, ақша ағымдарын, салық, инвестициялау, табыс үрдісін қалыптастыру және оны пайдалану, кәсіпорынның қаржы жағдайын оның төлемге қабілеттілігін т.б. талдайды.

Бухгалтерлік есеп қызметі – өнімді өндіруге кеткен шығынның өзіндік құнын, қаржы нәтижесін талдайды және есептейді.

Жоспарлау-экономикалық бөлім – талдау жұмысының жоспарын құрады, оның орындалуын қадағалайды, талдаудың әдістемелік жағын қамтамасыз етеді, кәсіпорынның және оның салаларының шаруашылық қызметін талдау нәтижесін қорытындылайды, кәсіпорынның стратегиялық даму келешегінің сұрақтарын зерттейді, талдау қорытындысы бойынша ағымдағы және болашақтағы жоспарына нұсқау және өзгерістер енгізеді.

Өндірістік бөлім – шығарылған өнімнің көлемі, ассортименті және сапасы бойынша жоспардың орындалуын, өндірістің ырғақтылығын, жаңа технологияны енгізу, өндірісті кешенді түрде автоматтандыру және механизациялау, құрал-жабдықтар жұмысы, материалдық ресурстарды жұмсау, технологиялық цикл ұзақтығын, өнімді шығару кешенділігін, жалпы техникалық және өндірісті ұйымдастыру деңгейін талдайды.

Бас механик және энергетик бөлімі – машиналар мен құрал жабдықтарды пайдалану жағдайын, құралдарды модернизациялау және жөндеу жоспар кестесінің орындалуын, жөндеу жұмысының сапасы мен құнын, өндіріс қуатын және құралдарды пайдалануды толық қамту, энергоресурстарды тиімді пайдалануды зерттейді.

Техникалық бақылау бөлімі – дайын өнім мен шикізаттың сапасын, жарамсыз өнім мен жарамсыздықтан шыққан шығынды сатып алушыларға жарнамалау, жарамсыздықты қысқарту бойын-

ша іс-шараларды, өнімнің сапасын арттыруды, технологиялық тәртіпті сақтауды т.б. талдайды.

Жабдықтау бөлімі – материалдық ресурстар және шикізатпен жабдықтайды, өндірісті уақытылы сапалы материалды-техникалық қамтамасыздауды бақылайды, жеткізу жоспарының көлемі, номенклатура мерзімі, сапасы, қоймадағы қордың сақталуы мен жағдайы, олардың айналымы, материалдарды жіберу мөлшерін сақтау, көліктік дайындық шығындары т.б. бойынша нарықты зерттейді.

Өткізу бөлімі – өнімді көлемі, сапасы, мерзімі, номенклатурасы, жаңа өнімнің қоймада сақталуы және қорының жағдайы, сатылу қарқыны бойынша тұтынушыларға жеткізудің келісім-шартының міндеттемелерін және жоспарын орындауды талдайды.

Маркетинг бөлімі – өнімді өткізу нарығын, өткізу нарығындағы тауарлар жағдайын, олардың бәсекеге қабілеттілігін, кәсіпорынның бағалық және құрылымдық саясатын зерттейді.

Еңбек және еңбекақы төлеу бөлімі – еңбекті ұйымдастыру жағдайының деңгейін арттыру бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуын, кәсіпорындардың категория және кәсібилігі бойынша еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуін, еңбек өнімділігінің деңгейін, жұмыс уақытының қорын пайдалануды, еңбекақы қорын жұмсауды талдайды.

3.3. Аналитикалық жұмыстарды жоспарлау

Шаруашылық қызметін талдаудың өтімділігі мен тиімділігіне әсер ететін маңызды жағдай аналитикалық жұмысты жоспарлау. Дұрыс құрылған жоспар, оның табыстылығы және нәтижелілігінің кепілі. *Аналитикалық жұмыстың кешенді жоспары*, оны өткізуге жауапты мамандармен бір жылға жасалады. Онда алдымен талдаудың мақсаты, зерттейтін объектілердің тізімі анықталып белгіленеді. Содан кейін қойылған мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін талдаудың жүйелі көрсеткіштері жасалынады.

Жоспарда міндетті түрде талдау объектісі бойынша кезеңге бөлінуі қарастырылады (жылына бір рет, квартал сайын, ай сайын,

он күн сайын, күнде) және талдау жұмысының орындалу мерзімі (мысалы, келесі айдың бесінші санында) анықталады. Жоспарда талданатын әр сұрақ бойынша орындаушылар құрамын және олардың арасындағы міндеттерін бөлуді көрсету қажет. Сонымен қатар ақпарат көздерін және зерттелетін әр сұрақ бойынша әдістемелік талдауды қамтамасыз етуді қарастырады (нұсқау нөмірі немесе компьютерлік бағдарламалар), жоспарда сыртқы және ішкі талдауды жүргізу және пайдалану жолдары көрсетіледі.

3.4. Шаруашылық қызметті талдауды ақпараттық және әдістемелік қамсыздандыру

Шаруашылық қызметті талдаудың нәтижелілігі, оны ақпараттық және әдістемелік қамсыздандыруына байланысты. Шаруашылық қызметті талдауда барлық мәлімет көздері нормативті-жоспарлы, есептеуге және есептен тыс болып бөлінеді.

Нормативті-жоспарлы сипаттағы ақпарат көздеріне, кәсіпорындарда жасалатын жоспарлардың барлық үлгілері (келешектегі, ағымдағы, оперативті, технологиялық карталар) және сонымен қатар нормативті материалдар, сметалар, бағалары, жобалау тапсырмалары т.б. жатады.

Есепке алу сипаттағы ақпарат көздеріне бухгалтерлік, статистикалық және оперативті есептеу мен есеп беруге байланысты барлық құжаттар және мәліметтер жатады.

Талдаудың ақпараттық қамсыздандырудағы негізгі рөлі бухгалтерлік есеп және есеп беру болып табылады, онда шаруашылық құбылыстар, үрдістер және оның нәтижелері толық көрінеді. Мәліметтерді өз уақытында және толық талдау шаруашылықта бағытталған жоспардың орындалуын және оның жақсы нәтиже беруін қамтамасыз етеді.

Есептен тыс ақпарат көздеріне – шаруашылық қызметті реттейтін, сонымен қатар жоғарыда айтылғандарға жатпайтын құжаттар жатады. Олардың қатарына келесі құжаттарды кіргізуге болады:

1. Кәсіпорын қызметінің барысында міндеггі түрде пайдаланатын арнайы құжаттар: мемлекет заңдары, Президент жарлығы, Үкімет қаулысы, жоғарыда тұрған ұйымдардың бұйрығы, тексеру актілері, кәсіпорынның жетекшілерінің бұйрықтары мен тапсырмалары.

2. Шаруашылық-құқықтық құжаттар: келісім-шарттар, өзара келісімдер, сот және арбитраждық мекемелер шешімі, жарнамалау.

3. Ғылыми-техникалық ақпараттар жариялау, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша есептер.

4. Техникалық және технологиялық құжаттар.

5. Өндірістік жеке жұмыс орнын арнайы тексеру материалдары.

6. Кәсіпорынның негізгі контрагенті (келісім-шарт бойынша тараптардың бір-біріне қатыстары) туралы ақпараттар, жабдықтаушылар және сатып алушылар туралы, жабдыктанушылардың баға саясатындағы және сенімділігін болжау үшін мәліметтер. Ағымдағы және ұзақ мерзімдегі сатып алу қабілеттілігін сипаттайтын сатып алушылар туралы мәліметтерді талап ету.

7. Өртүрлі ақпарат көздерінен алынған (интернет, радио, теледидар, газет-журналдар, статистикалық ақпараттық бюллетендер т.б.) негізгі бәсекелестер туралы мәліметтер.

8. Материалдық қорлар нарығының жағдайы туралы мәліметтер (нарық көлемі, жеке қорлар түріне бағаның динамикасы және деңгейі).

9. Капитал нарығының жағдайы туралы мәліметтер, қайта қаржыландыру төлемі, шетел валютасының арнайы курсы, депозиттер мен несиелер бойынша коммерциялық банктер ставкасы.

10. Қор нарығының жағдайы туралы мәліметтер (күңды қағаз түрлеріне сұраныстар мен ұсыныстар бағасы, негізгі қор құралдары түрлері бойынша көлемі мен баға келісімдері, қор нарығындағы баға динамикасының жинақ индексі).

11. Еліміздегі макроэкономикалық жағдайлардың өзгеруі туралы министрліктің статистикалық және талдауы туралы мәліметтер.

Зерттеу объектісіне байланысты ақпараттар ішкі және сыртқы болып бөлінеді.

Ішкі ақпараттар жүйесі – олар статистикалық, бухгалтерлік, оперативті есептеу және есеп беру, кәсіпорындағы жоспарлық мәліметтер, нормативті мәліметтер және т.б.

Сыртқы ақпараттар жүйесі – олар статистикалық жинақ мәліметтері, конференция, іскер кездесу, арнайы шаруашылық жоспарлы құжаттар және т.б.

Өңдеу үрдісіне қатысты ақпараттар – ол алғашқы есеп мәліметін инвентаризациялау, тексеру және екінші белгілі бір өңдеу сатысынан өтіп және қайта құрылған ақпараттар (есеп беру, компьютерлік шолу) т.б. қарастыруға болады.

3.5. Шаруашылық қызметінің нәтижесін құжаттап, рәсімдеу

Кәсіпорынның және оның салаларының қызметінің кез келген аналитикалық талдау нәтижесін құжаттар түрінде рәсімдеу қажет. Олар талдау есептері (түсініктеме), анықтама, шарт түрінде болады.

Түсініктемелер сыртқы пайдаланушылар үшін құрастырылады. Егер талдау нәтижесі ішкі шаруашылыққа пайдаланылса, онда олар анықтама немесе келісімшарт түрінде рәсімделеді. Түсініктеме хағтың мазмұны толық болуы керек. Ол алдымен кәсіпорынның экономикалық даму деңгейін көрсететін жалпы сұрақтарды қамтуы тиіс. Сонымен қатар кәсіпорынның шаруашылық жағдайындағы баға саясатын, ассортимент сипатын, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін, өнімді өткізу үлесі туралы мәліметтерді, кәсіпорынның іскер ортадағы беделін (имидж) және өткізу нарығындағы тауардың жағдайын, яғни нарықтағы әр тауар өміршеңдігі қай деңгейде екенін көрсету қажет (енгізу, өсу және даму, жетілу, көбею және төмендеуі). Мүмкіндігі мол бәсекелестерді сипаттап, бизнестің әлсіз және күшті жақтарын көрсете білу қажет.

Ал талдау нәтижесі бойынша *шарттар* мен *анықтамаларға* келетін болсақ, олардың мазмұны түсініктемеге қарағанда нақты кемшіліктер мен жетістіктерін көрсететін қорларды анықтап, оларды меңгеру тәсілін көрсете алатындай болуы керек. Бұл жерде кәсіпорынға және оның қызметінің жағдайына жалпы сипаттама берілмейді.

3 тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер

Бақылау сұрақтары

1. Кәсіпорында шаруашылық қызметті талдаудың негізгі қағидағтарын атап өтіңіз.
2. Кәсіпорында аналитикалық жұмыстың негізгі ұйымдастыру жағдайын атаңыз.
3. Талдаудың және оны орындаушылардың негізгі ұйымдастыру формалары қандай?
4. Кәсіпорынның аналитикалық жұмысының жоспары нені көрсетеді?
5. Кәсіпорынды талдаудың ақпараттық базасы қандай?
6. Шаруашылық қызметті талдауды ұйымдастырудың негізгі қағидағтарын атаңыз.
7. Шаруашылық қызметті талдауды әдістемелік қамтамасыз етудің маңызы мен мақсаты қандай?

Есептер

1-есеп. Өнім көлемінің өзгеруіне факторлардың (сандық және сапалық) әсерін анықтаңыз. Қорытынды шығар.

Көрсеткіштер	Есепті жыл		Ауытқу (+, -)
	Жоспар бойынша	Дерек бойынша	
Өнім көлемі, мың теңге.	8440	8880	
Қызметкерлер саны, адам	145	143	
I жұмысшыға өндірілген өнім, мың теңге			

2-есеп. Жоспарлық көрсеткіштердің негізділігін тексер. Қорытынды шығар.

Өнім түрлері	Өндіріс көлемі, млн. теңге.		Жоспардың орындалуы, %
	Жоспар бойынша	Дерек бойынша	
А	250	300	
В	270	250	
С	400	420	
Барлығы:	920	970	

II БӨЛІМ

КӘСІПОРЫН ДЕҢГЕЙІНДЕ БАСҚАРУШЫЛЫҚ (ІШКІ) ТАЛДАУ ТӘСІЛІ

4 ТАРАУ.

ӨНІМДІ ӨНДІРУДІ ЖӘНЕ ТАРАТУДЫ ТАЛДАУ

- Талдаудың ақпараттық көздері және міндеттері
- Өнімді шығарудың жалпы бағасы
- Өнімнің номенклатурасын, ассортиментін және құрылымын талдау
- Жарамсыздықтан болған шығынды және өнім сапасын талдау
- Өнімді таратуды талдау
- Өнімнің ырғақтығын талдау

4.1. Талдаудың ақпараттық көздері және міндеттері

Кәсіпорынның негізгі міндеттері, халықтың сұранысын жоғары сапалы өніммен барынша, толығымен қамтамасыз ету. Сондықтан кәсіпорын жұмысын талдауды шығарылған өнімнің келесі көрсеткіштерін зерттеуден бастайды:

- толықтай және ассортименті бойынша өнім өндіру және тарату көлемі;
- өнімнің сапасы және бәсекеге қабілеттілігі;
- өндіріс құрылымы және өнімді тарату;
- өндірістің ырғақтылығы және өнімді тарату.

Талдаудың негізгі міндеттері:

- өнім өндірудің және таратудың жоспары мен динамикасының орындалу дәрежесін бағалау;
- жоспар көрсеткіштерінің ауытқуына әсер ететін факторларын анықтау;

– өнімді шығаруды көбейту, олардың әртүрлі ассортименттерін және сапасын жақсарту үшін ішкі шаруашылық қорларын табу;

– талдау барысында табылған қорларды меңгеру іс шараларын зерттеу.

Өнім өндіруді және таратуды талдаудың ақпараттық көздері болып бухгалтерлік және статистикалық есептіліктің жоспарлы көрсеткіштерінің тиісті формалары болып табылады:

– Жылдық нәтижесін талдау кезінде – I-II формасы (жылдық) «Кәсіпорынның өнім өндіру және өнім қалдығы (тауар мен қызмет) туралы есебі»;

– Ай сайын және тоқсан нәтижесін талдау кезінде – «Өндірістік кәсіпорын бірлестігінің өнім өндіруінің жоспарының орындалуы туралы есебі» және «Кәсіпорынның тауарлы өнімінің өзіндік құнының жоспарының орындалуы есебі».

Одан басқа келесі бухгалтерлік құжаттар пайдаланылады:

- шот бойынша таратылған жылдық өнімнің жазбасы;
- дайын өнімді түсіру және қоймаға тапсыру тізімдемесі;
- сатып алушыларға жарнамалау;
- шығын мен пайда туралы есеп;
- өнімнің кәсіпорын қоймаларына жеткізілуі туралы мәлімет;
- өнімді шығару және қоймаға тапсыру туралы цех есебі.

4.2. Өнімді шығарудың жалпы бағасы

Кәсіпорындарда өндіру көлемін сипаттау үшін *натуралды, шартты натуралды, еңбек және бағалық өлшемдер* көрсеткіштері пайдаланылады.

Натуралды көрсеткіштің (дана, метр, тонна т.б.) өндірістік бағдарламаны орындау бағасы үшін маңызы зор және жеке түрдегі, бірыңғай өнімнің тобы бойынша өндірілген және таратылған өнім көлемін талдауға пайдаланылады.

Шартты-натуралды көрсеткіштер – құндық ретінде, жалпылама сипаттағы өндірілген өнім үшін пайдаланылады. Мы-

салы консерві жасайтын зауытта шартты түрде 1000 банкалар көрсеткіші пайдаланылса, аяқ киім өнеркәсібінде шартты түрдегі аяқ киім сыңарлары т.б.

Еңбек көрсеткіші – көп өнімді өндірісті өндіру жағдайында пайдаланылады. Себебі, мұнда өндірістің жалпы көлемін натуралды немесе шартты натуралды өлшеммен көрсете алмаймыз.

Өндіріс өнімінің көлемінің жалпылама көрсеткішін құндық бағалаудың көтерме бағасы арқылы алады. Өндіріс көлемінің құндық көрсеткіштері салыстырмалы түрге келтірілуі керек.

Инфляция кезінде бағаның өзгеруін бейтараптандыру, немесе «бағалық» фактордың салыстырмалы мәліметі ең маңызды болып табылады.

Бұл жағдайда мына әдістерді пайдалануға болады:

– базистік кезеңіндегі есепті жылдағы өндірген өнімінің көлемін ұқсас өнімнің бағасына қайта есептеу (шығарылатын өнімнің шағын номенклатурасы бойынша салыстыру арқылы);

– бағаны өзгерту агрегаттың индексі (Jб) арқылы біркелкі тауарлар (жұмыс, қызмет) топтары бойынша, немесе біртұтас сала бойынша түзету:

$$J_b = \frac{\sum EK_1 B_0}{\sum BK_0 B_0}$$

мұнда: EK_1 – есептік кезеңде өнім шығарудың натуралды түрі;

BK_0 – базистік кезеңде өнім шығарудың натуралды түрі;

B_0 – базистік кезеңдегі өнім бірлігінің бағасы.

Базистікпен салыстырмалы нақты шығарылған өнім көлемі ($B^{ок}$) мына формуламен есептеледі:

$$B^{ок} = \frac{Ш_{ок}}{B_0}$$

мұнда: $Ш_{ок}$ – бағалық мәнінде шығарылған өнімнің көлемі;

B_0 – бағаны өзгерту агрегаттың индексі.

Талдау өнімді тарату және шығару динамикасын зерттеуден басталады, ол үшін өндіріс көлемі мен өнімді тарату салыстырмалы түрде болуы керек. Таратылған өнімдер мен тауарлық өнімдердің жалпы көлемінің элементтері қызметтегі келісілген бағамен сәйкес болады. Дегенмен бұл көрсеткіштегі кейбір элементтер шамасы әртүрлі болуы мүмкін.

Есеп беру кезеңіндегі таратылған өнім көлеміне тауарлық өнімнің айырмашылығына қарағанда кәсіпорын қоймасындағы дайын заттар және кәсіпорынға қаражаты түспеген қоймаға түсірілген заттар бағасы енбейді. Бұдан басқа таратылған өнімнің көлеміне, алдыңғы кезеңдегі олардың қаражаты және есеп беру кезеңінде түскен дайындалған заттар бағасы қосылады. Тауар өндіру бойынша салыстырмалы бағада жоспардың пайыздық орындалуы жоспарда қабылданған бағаға сәйкес, тауар өнімдерінің нақты көлемін жоспарлы көлеміне бөлгенге тең. Өндіріс көлемінің өсу қарқыны есепті кезеңдегі салыстырмалы бағадағы нақты шығарылған тауар өнімінің алдыңғы кезеңдегі деңгейіне қатынасымен анықталады.

4.3. Өнімнің номенклатурасын, ассортиментін және құрылымын талдау

Шаруашылық қызметтің нәтижесіне өте көп әсер ететін өндірістің номенклатурасы, ассортименті және құрылымы мен тартылуы.

Номенклатура дегеніміз кәсіпорынның жоспарында шынайы түрде тағайындалған заттардың атауының тізімі және коды.

Ассортимент (сұрыпталым) – шығарылған өнім түрі, көрсетілген өнімнің ары қарайғы нақтыланған тізімі.

Ассортимент жиынтығын талдау нәтижесінде мына сұрақтарға жауап беруге болады:

- кәсіпорын өнімнің жаңа түрін меңгере ме?
- кәсіпорын өнімнің рентабельді түрлерін шығара ма?
- кәсіпорын сұранысты қажет етпейтін өнімдерді мөлшерден тыс шығармай ма?

Талдау мақсаты – кәсіпорынның мүмкіндігін және нарықтық сұранысын ескере отырып, өнімнің құрылымы мен ассортиментін өзгертуге талдама жасау. Кәсіпорын өнім шығарарда оның ассортиментін және құрылымын қалыптастыра отырып, бір жағынан сол өнім түріне сұраныс бар ма, екінші жағынан, еңбек, шикізат, техникалық, технологиялық, қаржылық және т.б. қорларды тиімді пайдалануды ескеруі қажет.

Өнімнің ассортиментін қалыптастыруды жүзеге асыруда келесі негізгі сәттерді ескеріңіз:

- сатып алушылардың ағымдағы және болашақтағы сұранысын анықтау;
- шығаруға жоспарланған немесе шығарылып жатқан өнімдердің бәсекеге қабілеттілігі деңгейін бағалау;
- заттардың өміршеңдік циклын зерттеу және жаңа жетілдірілген өнім түрлерін енгізу, моральдық ескірген және экономикалық тиімсіз заттарды өндірістік бағдарламадан алып тастау;
- ассортименттегі өнімнің өзгеру тәуекел деңгейін және экономикалық тиімділігін бағалау.

Ассортименттегі тауарлар жиынтығын талдау міндеттеріне өткізуі шектеулі заттарды, өнімді шығаруды кеңейту мүмкіндігін, сұранысты жеткілікті қанағаттандырмайтын өнімдерді анықтау жатады. Талдау нақты шығарылған өнімді, натуралды және бағалық түрде жоспарланған тапсырмадағы өніммен салыстыру арқылы жүргізіледі. Өнімнің түрлері әр түрлі бірлікте болғанда, талдау бағалық түрінде жүргізіледі.

Әр сорттағы тауарлардың өзгеруінің жалпылама сипаты *ассортиментті тауарлар коэффициентін* береді, олардың деңгейін былай анықтайды:

ассортименттік тауарлар жоспарын орындау бойынша есептелген өнім саны

$$K_{ac} = \frac{\text{-----}}{\text{өнімді өндіру жоспарының көлемі}}$$

Ассортименттік тауарлар жоспарын орындауға сол жоспар бойынша орындалған өнім ғана есептеледі (нақты және жоспар аралығындағы шама).

І мысал. Төмендегі кесте мәліметтері негізінде, ассортименттік тауарлар коэффициентін есептеп, қорытынды шығарындар:

Заттар	Салыстырмалы бағадағы өндірілетін өнім көлемі, мың теңге		өсу қарқыны %	Өндіріс құрылымы, %	
	жоспар	факт		жоспар	факт
A	28800	25200	87,5	35,95	30,66
B	33600	33264	99,0	34,95	33,72
C	19200	22176	115,5	17,12	19,27
D	14400	20160	140,0	11,98	16,35
Барлығы:	96000	100800	105,5	100	100

$$K_{ac} = \frac{25200 + 33264 + 19200 + 14400}{96000}$$

Қорытынды: Коэффициент мәліметінің шамасы бойынша ассортимент тауарлар жоспары орындалмаған, себебі кәсіпорынның әр сортағы тауар жиынтығында маңызды өзгерістер болған: C және D заттарын шығару ұлғайған (2976 және 5760 мың теңгеге, A және B заттарын өндіру көлемі 3600 және 336 мың теңгеге азайған. Ассортимет бойынша жоспардың орындалмағанымен, өндірістегі өнімді өндіру жоспары 4800 мың теңгеге артық орындалған. Ассортимент бойынша жоспар орындалмау ішкі және сыртқы себептерге байланысты болуы мүмкін.

Сыртқы себептерге нарық конъюнктурасы, яғни өнімнің жеке бір түріне сұраныстың өзгеруі, материалдық техникалық жағдайымен қамтамасыз ету, өндірістік күшті іске мезгілсіз енгізу жатады.

Ішкі себептерге – өндірісті ұйымдастырудағы кемшіліктер, құрал-жабдықтардың техникалық жағдайының нашарлығы, олардың тұрып қалуы, электр қуатының жетіспеуі және т.б. әсер етеді.

Өндірістің құрылымының өзгеруі бағалық түрде өнімді шығару көлеміне, материалсығымдылығына, өнімнің өзіндік құнына, пайда және рентабельдікке көп әсер етеді. Егер қымбат заттың үлес салмағы өссе, оның бағалық түрде шығару көлемі өседі, немесе

керісінше. Сол сияқты жоғары рентабельді өнімнің үлес салмағы өсу кезінде кәсіпорын табысы көбейеді және керісінше.

4.4. Жарамсыздықтан болған шығынды және өнім сапасын талдау

Өндірістік кәсіпорындардың қызметінің маңызды көрсеткіші *сапалы өнім* болып табылады.

Сапалы өнім – бұл белгелі тағайындауға сәйкес сұранысты қанағаттандыруға жарайтын өнім қасиеттерінің жиынтығы. Өнімнің сапасының жоғары болуы тұтынушылар сұранысын жоғарылатады және тауардан түсетін табыс пайдасы сатудан ғана емес жоғарғы баға есебінен де көбейеді. Өнімнің сапасын *жсеке*, *жалпылама жсәне жсанама* деп бөлуге болады.

Сапалы өнімнің жалпылама көрсеткіштеріне жататындар:

- жалпы шығарылған жаңа өнімдердің үлес салмағы;
- жоғарғы дәрежедегі өнімдердің үлес салмағы;
- аттестатталған және аттестатталмаған өнімдердің үлес салмағы;
- сертификатталған өнімдердің үлес салмағы;
- әлемдік стандартқа сай өнімдердің үлес салмағы;
- экспортқа шығарылатын өнімдердің үлес салмағы;
- сорттарының орташа коэффициенті.

Өнім сапасының *жсеке көрсеткіштері* оның келесі қасиеттерін сипаттайды:

- пайдалылығы (сүттің майлылығы, тамақ өнімдеріндегі ақуыз (белок) құрамы т.б.);
- сенімділігі (ұзақтығы, жұмысқа пайдаланғандағы мықтылығы);
- технологиялылығы, ол конструкторлық және технологиялық шешімдердің тиімділігін сипаттайды;
- заттың эстетикалық талғамға сай болуы.

Жанама көрсеткіштер – бұл сапасыз өнімдер үшін салынған айыппұл, жарамсыз өнімнің үлес салмағының көлемі, жарна-

маланған өнімнің үлес салмағы, жарамсыз өнімнен болған шығын және басқалар.

Сапаны талдау кезіндегі бірінші міндет жоғарыда көрсетілген көрсеткіштердің динамикасын, соның деңгейінде жоспарды орындауды, өнімнің сапасы бойынша жоспарды орындауды бағалауды, оның өзгеру себептерін зерттеу. Өнімді сапасы бойынша орындауды бағалау кезінде, ассортименттің жалпы көлемдегі нақты үлесін, жоспарланған өніммен салыстырады, ал сапаның динамикасын зерттегенде, өткен кезеңдегі мәліметтермен салыстырады.

2 мысал. Өнімнің сапасының жалпылама көрсеткішін талдау.

Көрсеткіш	Өткен жыл	Есеп беру жылы	
		жоспар	факт
Өнімнің сапасын көрсететін орта өлшем, балл	0,70	0,75	0,74
Үлес салмағы, %: - жоғары категориядағы өнім сапасы	75	76	78
экспортталған өнім	12,5	15,6	15,7
жарамсыз өнім	0,55	0,40	0,50
жарнамаланған өнім	0,30	0,25	0,25
Жарамсыз өнімнен болған шығын, мың теңге	450	350	420

Қорытынды. Кестеден есеп беріп отырған жылда жарамсыз өнім шығарудан болған шығынның көбеюіне қарамастан кәсіпорында өнімнің сапасын жоғарылатуға бірқатар жұмыс жүргізілген және өнімнің бәсекеге қабілеттілігі жоғарылаған. Бұны экспортталған өнімнің үлесі және жоғары категориядағы өнімнің үлес салмағының көбеюінен көруге болады.

Сапалылығы сортпен сипатталатын өнімнің *орташа коэффициенті келесідей есептеледі:*

$$K_{\text{сорт}} = \frac{\text{бірінші сорт өнімінің саны}}{\text{өнімнің жалпы саны}}$$

Бұдан басқа өнімнің сапасы бойынша жоспарды орындауды, аттестатталған заттардың үлес салмағымен, жарнамаланған және жарамсыз болған өнімнің үлес салмағымен бағалайды.

Талдаудың *екінші міндеті* – кәсіпорынның жұмысына өнімнің сапасының бағалық көрсеткішке әсерін анықтау жатады: *өнімді шығару, сатудан түскен пайда және табыс*.

Жарамсыз өнім түзелетін және түзелмейтін, ішкі (кәсіпорында табылған) және сыртқы (тұтынушылар тапқан) болып бөлінеді. Жарамсыз өнімді шығару өнімінің өзіндік құнын жоғарылатып, сатылған өнімнің және тауар көлемін азайтады, рентабельділік пен табысы төмендетіледі. Талдау кезінде жарамсыз өнім шығарудың динамикасын тауар өнімдерін жалпы шығарудағы үлес салмағы және абсолюттік сомасы бойынша зерттейді. Осыдан кейін сапаның төмендеуінің және жарамсыз өнімді шығарудың себептері және оны болдырмау шаралары қарастырылады. Өнім сапасының төмендеу себебі ол, сапасыз шикізат, технологияны және өндірісті ұйымдастыруда жұмысшылар квалификациясы деңгейінің төмендігі болып табылады.

4.5. Өнімді таратуды талдау

Өнімді тарату кәсіпорын қызметінің ең соңғы бөлімі болып табылады.

Өнімдерді тарату көлеміне әсер ететіндер келесілер:

- тауар өнімдерін өндіру жоспарын орындау;
- өнімнің жеткізу келісім-шартын орындау;
- есептесу құжаттарын уақытында құрастыру, ұсыну;
- таратылмаған өнімнің қалдықтарын өзгерту;
- шығарылған өнімнің бағасын өзгерту.

Өнімді таратуды талдау жыл сайын, жарты жылда, квартал сайын, ай сайын жүргізіледі. Өнімді таратуды талдау, өнімді жеткізу бойынша келісім-шарт міндеттемесін орындауды талдаумен тығыз байланысты. Келісім-шарт бойынша жоспарды орындамау кәсіпорын үшін пайданың, табыстың азаюына, айыппұл санкциясын төлеуге алып келеді. Бұдан бөлек бәсекелестік жағдайда кәсіпорындар өнімді өткізетін рынокты жоғалтуы мүмкін және ол өндірістің төмендеуіне алып келеді.

Талдау барысында жеткізу жоспарының орындалуы анықталып, жоспар орындалмау себептері айқындалып және келісім-шарт міндеттемелерінің орындалуы бойынша қызметіне баға беріледі. Өнімді толық жеткізбеу, кәсіпорынның қызметінің нәтижесіне жаман әсерін тигізіп қана қоймай, сауда ұйымдарының, тасымалдаушы ұйымдардың жұмысына да кесірін тигізеді.

Талдау кезінде өнімнің төленбеген қалдықтарының көбею себептерін де зерттеу қажет. Егер төлем уақыты әлі өтпесе, онда ол қалыпты жағдай. Егер тұтынушылардың тауар үшін қарызының мерзімі өтіп кетсе, онда кәсіпорынның қаржы жағдайы қиындайды.

Талдаудың келесі кезеңі тауар өнімдерін шығаруға әсер ететін факторларды және оны тарату көлемін зерттеу. Өндірістік кәсіпорындарда тауар өнімдерін өндіру көлемі көптеген және әртүрлі факторларға байланысты. *Оларды экономикалық мазмұнына байланысты 3 топқа бөлеміз:*

1. Кәсіпорындарды еңбек қорларымен және оны тиімді пайдаланумен қамтамасыз ету;
2. Кәсіпорындарды негізгі қормен және оны тиімді пайдаланумен қамтамасыз ету;
3. Кәсіпорындарды шикізатпен және материалдармен тиімді пайдаланумен қамтамасыз ету.

Талдау кезінде өнімді тарату көлемінің шығару жоспары бойынша, қоймалардағы дайын өнімдердің қалдықтарын және тиелген тауар, санымен қоса есептегендегі буып-түйілуін тексеру қажет.

4.6. Өнімнің ырғақтылығын талдау

Ырғақтылықты талдау, жасалатын уақыт бойы өнімді біркелкі шығарумен сипатталады. Келісім-шарт міндеттемелерін жүзеге асыру мәнділігі ұлғайған сайын, жеткізу келісім-шарттарымен сәйкес жүкті тиеу ырғақтылығын сақтамау қаржылай жазаланады. Осыған байланысты кәсіпорындар жүкті тиеу ырғақтылығын бақылап, талдауы керек, оған мыналар себепші:

- қоймадағы дайын өнімнің болуы;
- талдау жасалатын уақыт кезінде өндірістік бағдарламаларды жүзеге асыру ырғақтылығы.

Ырғақтылық квартал және ай бойынша талданады. Өндіріс ырғақтылығын талдау тек қана жалпы кәсіпорында емес, сонымен қатар оның құрылымдық бөлімшелерінде де жүргізіледі. Кәсіпорын жұмысының ырғақтылығын талдау кезінде көрсеткіштер нақты құндылықпен және еңбек өлшемдерімен көрсетіледі.

Ырғақтылықты талдау – талдау жасалатын уақыт кезінде өндірістік өнімнің фактілі құрылымын жоспарлау кезеңдегі құрылыммен салыстыру арқылы жүргізіледі. Шығару құрылымында маңызды ауытқулар бар кезде, кәсіпорын жұмысы ырғақты болмайды. Кәсіпорын жұмысының ырғақтылығының маңызды шарты сапалы шикізат пен жұмыс күшінің үздіксіз қамтамасыз етілуі болып табылады.

Кәсіпорынның ырғақтылық жұмысын сипаттайтын көрсеткіш *ырғақтылықтық коэффициенті* болып табылады:

$$K_{\text{ырғақ}} = \frac{\text{фактілі шығару сомасы}}{\text{жоспарлы шығару сомасы}},$$

Ырғақтылықты сонымен қатар өнімнің үлес салмағы бойынша талдауға болады:

$$K_{\text{ырғақ}} = \frac{\text{өнімнің үлес сомасы}}{100}$$

Ырғақтылықсыздық барлық экономикалық көрсеткіштерді нашарлатады:

- өнім сапасы төмендейді;
- аяқталмаған өндіріс пен қоймадағы дайын өнімдердің жоспардан тыс қалдықтар көлемі көбейеді;
- келісім-шарт бойынша жеткізуді орындамау және өнімді уақытында тиімегені үшін айыппұл төленеді;
- өзіндік құнның көбеюі мен табыстың азаюына әкеп соғады;
- кәсіпорынның қаржылық жағдайы нашарлайды.

4 тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер

Бақылау сұрақтары

1. Өнім өткізуді және таратуды талдаудың маңызы мен міндеті қандай?
2. Өнім өткізу мен таратудың әдістеріне жалпы сипаттама беріңіз.
3. Өнімнің (тауардың) құрылымы дегеніміз не, және кәсіпорын қызметінің экономикалық көрсеткіштеріне қалай әсер етеді?
4. Кәсіпорын үшін өндіріс құрылымының өзгерісі пайдалы ма және қандай жағдайда?
5. Өнім өндіру мен өткізуге әсер ететін факторлар қандай?
6. Өткізу рыногындағы тауарлардың жағдайы қалай анықталады?
7. Өнімнің бәсекелестігі қалай бағаланады?
8. Кәсіпорынның ырғақты жұмыс істеуін талдау әдісін айтып бер.
9. Өнім өндіру және тарату көлемін ұлғайтудың негізгі резервтерін атаңыз.
10. Өнім сапасын сипаттайтын көрсеткішті атаңыз?
11. Жалпы шығарылымға өнім құрылымының әсерін анықтайтын әдістері қандай?

Есептер

1-есеп. Өнімнің құрылымының бағаның өзгеруіне әсерін анықта. Қорытынды шығар.

Өнімнің құрылымын талдау

Өнім	Бір данасының бағасы, мың теңге	Өнімнің құрылымы, %			Құрылым арқылы орташа бағаның өзгеруі, мың теңге
		жоспар	факт	Ауытқу (+,-)	
А	2000	30	15		
В	3000	60	65		
С	1500	10	20		
Барлығы:		100	100		

2-есеп. Кестеде келтірілген мәліметтерді пайдалана отырып өнім сапасына талдау жүргіз. Қорытынды шығар.

Өнім сорты	Бағасы, мың теңге	Өнім шығару, дана		Шығару құны, мың теңге	
		жоспар	факт	жоспар	факт
1	70	2000	2300		
2	60	3700	3800		
3	30	2200	2000		
Барлығы:	-	-	-		

3-есеп. Кестеде келтірілген мәліметтерді пайдалана отырып өнім сапасына талдау жүргіз. Қорытынды шығар.

Өнім сорты	Бағасы, мың теңге	Өнім шығару, дана		Шығару құны, мың теңге	
		жоспар	факт	жоспар	факт
1	75	2500	2900		
2	65	4700	3800		
3	38	2200	1900		
Барлығы:	-		-		

4-есеп. Төмендегі кестеде келтірілген мәліметтер бойынша өнімнің жеткізілмеген абсолютті мөлшерін және шартты міндеттеменің пайыздық орындалуын анықта. Қорытынды шығар.

Бір айдағы жөнелтілген өнімнің шартты міндеттемесінің орындалуын талдау.

Өнім	Сағып алушы	Келісім бойынша тапсыру жоспары, мың теңге	Нақты жөнелтілді, мың теңге
А	1	850	900
	2	800	750
	3	650	700
В	1	500	450
	2	1200	1050
Барлығы:			

5-есеп. Өнімнің құрылымы бойынша жоспардың пайыздық орындалуын анықта. Қорытынды шығар.

Өнім түрлері	Өнім шығару, тн		Құрылым бойынша есепке алу, тн	Құрылымдық пайыз
	жоспар бойынша	факт бойынша		
А	2400	2520	2412	100,5
Б	1900	1840	1840	96,8
В	630	595	595	94,4
Барлығы:	4930	4955	4847	98,3

6-есеп. Ассортименттік коэффициентті есепте. Қорытынды шығар.

Өнім түрлері	Өнім шығару, тн		Жоспарлы ассортименттің есебінде	Жоспардың пайыздық орындалуы
	жоспар бойынша	факт бойынша		
А	1670	1720		
Б	1512	1526		
В	1920	1810		
Барлығы:				

7-есеп. Келісім-шарт бойынша жеткізілімді және оның әрбір атауы бойынша абсолютті ауытқуын анықта. Қорытынды жаса.

Өнім атауы	Келісім міндеттемелері, метр	Фактілі жеткізілім, метр
А	1600	1500
В	1800	2000
С	2800	2000
Барлығы:		

8-есеп. Кесте мәліметтері бойынша ырғақтылық коэффициентін анықта.

Онкүндік (декада)	Бір жылдық шығарылған өнім, млн. теңге		Өнімнің үлес салмағы, %		Жоспардың орындалуы, %	Ырғақтылық бойынша жоспардың орындалуына есепке алынған өнім үлесі, %
	жоспар	факт	жоспар	факт		
1	80000	55000				
2	80000	50000				
3	80000	65000				
Барлығы:	240000	170000				

5 ТАРАУ.

КӘСІПОРЫННЫҢ ЕҢБЕКАҚЫ ҚОРЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕК РЕСУРСЫН ПАЙДАЛАНУДЫ ТАЛДАУ

- *Ақпарат көздері, міндеттері және маңызы*
- *Кәсіпорынды еңбек ресурстарымен қамтамасыз етуді және қызметкерлер құрылымын талдау*
 - *Еңбек ұжымын әлеуметтік қорғау және еңбек ресурстарының қозғалуын талдау*
 - *Жұмыс уақытының теңгерімін талдау*
 - *Жұмыс уақытын жоғалту және еңбек ресурстарын пайдалануды талдау*
 - *Еңбек өнімділігін және еңбек сыйымдылығын талдау*
 - *Еңбекақы ресурсын пайдалануды талдау*

5.1. Ақпарат көздері, міндеттері және маңызы

Еңбек ресурстарына дені сау, білімді және машықтанған тұрғындар жатады. Кәсіпорындарды жеткілікті түрде қажетті еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету, оларды тиімді пайдалану еңбекті жоғарғы деңгейде өндіруге, өндірістің тиімділігін арттыруға және өнімнің көлемін ұлғайтуда өте маңызды рөл атқарады.

Талдаудың негізгі міндеттеріне жататындар:

- кәсіпорындардың еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуін және оның құрылымдық бөлімдеріндегі қызметкерлерді толық қамти отырып, оларды категория мен кәсібі бойынша зерттеу және бағалау;
- кадрлардың жұмыстан не себепті шығарылуын анықтау және еңбек ресурстарының қозғалысын бағалау;
- жұмыс уақытын тиімді пайдалануды, жарамсыз өнімді шығарғаннан болатын шығынның себебін анықтау;
- еңбекақыны төлеуге жұмсалатын қаржыны бағалау;
- жұмыс уақыты мен еңбек ресурстарын тиімді пайдаланып іс-шаралар жүргізудің нұсқауын жасау.

Талдауды жүргізу үшін ақпарат көздері мыналар:

- кәсіпорынның әлеуметтік және экономикалық даму жоспары;
- еңбек бойынша статистикалық есеп № 1-Т «Еңбек бойынша есеп» формасы;
- кадрлар бөлімі мен табельдік есептің мәліметтері.

5.2. Кәсіпорынды еңбек ресурстарымен қамтамасыз етуді және қызметкерлер құрылымын талдау

Кәсіпорындарды еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету жұмысшылардың нақты санын жоспарлы сұраныспен салыстыру арқылы анықталады. Кәсіпорындарды кадрлармен қамтамасыз етуді талдауда өте маңызды кәсіптерге ерекше назар аударылады.

Кәсіпорын кадрлары деп – жалдамалы әртүрлі кәсіби мамандандырылған топтар жиынтығымен түсіндіруге болады. Олар кәсіпорындардағы штаттық күнтізбеге сәйкес еңбекақы төленетін және сол мекемелерде жұмыс істейтін меншік иелері.

Сонымен қатар қызметкерлердің мамандықтар деңгейі бойынша сапалық құрамын талдау қажет. Өндіріс қызметкерлерінің мамандығына сай екенін бағалау үшін, жұмысшылардың орындайтын жұмысының күрделілігі мен орташа тарифтік жұмысын салыстырады. Мысалы, егер жұмысшының нақты орташа тарифтік разряды орташа тарифты жұмыстан төмен болса, онда шығарылған өнімнің сапасы төмен болуына алып келеді.

Бұндай салыстырулар арқылы учаскелердегі өндірістік қызметкерлер құрамы қаншалықты дұрыс жинақталғанын және олардың еңбекақысының дұрыс жоспарланғанын анықтауға болады.

Өкімшілік-басқару қызметкерлері кадрларды жинақтағанда әр жұмысшы өз жұмыс орнындағы қызметке сай екендігін зерттеп, олардың кәсіби деңгейлерін жоғарылатып, даярлап отырулары қажет. Жұмысшылардың кәсіби деңгейлері, олардың жасына, жұмыс тәжірибесіне және біліміне т.б. көп тәуелді.

Кәсіпорынның құрамы, жеке категориялардың сандық қатынасын және жұмысшылар тобы қызметкерлерінің құрамын сипаттайды. Қызметкерлер құрамын талдау арқылы кәсіпорында жұмысшылар, қызметкерлер, жетекшілер мамандардың жалпы санында қандай үлес алатынын білуге болады.



Сурет 5.1. Кәсіпорын қызметкерлерінің құрамының жіктелуі.

5.1. суретте кәсіпорынның қызметкерлерінің жіктеуі көрсетілген. Құрылымды талдау ол есеп беру жылындағы нақты құрылымды алдыңғы кезеңдегі құрылымымен салыстыру арқылы жүргізіледі. Әр категорияның үлес салмағы оның санының жалпы санына қатынасымен анықталады да пайыздық өлшемімен көрсетіледі.

5.3. Еңбек ұжымын әлеуметтік қорғау және еңбек ресурстарының қозғалуын талдау

Жұмысшылардың қозғалу үрдісі және осы кездегі жұмысшы санының өзгеруі *айналым* - деп аталады. Кәсіпорын қызметкерлері құрамының айналымы: рұқсат етілген және керексіз болып бөлінеді.

Рұқсат етілген айналым келесі көрсеткіштер бойынша сипатталады:

- қызметкерлер құрамын қабылдау бойынша айналым коэффициенті;
- жұмыстан шығарылу бойынша айналым коэффициенті;
- қызметкерлер құрамының тұрақтылығы коэффициенті;
- жұмысшыларды толықтыру коэффициенті.

Қызметкерлерді *қабылдау* бойынша айналым коэффициенті:

жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны

$$K_{\text{қаб}} = \frac{\text{жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны}}{\text{қызметкерлердің орташа тізімдік саны}}$$

қызметкерлердің орташа тізімдік саны

Жұмыстан шығу айналым коэффициенті:

жұмыстан босаған жұмыскерлер саны

$$K_{\text{шығу}} = \frac{\text{жұмыстан босаған жұмыскерлер саны}}{\text{қызметкерлердің орташа тізімдік саны}}$$

қызметкерлердің орташа тізімдік саны

Қызметкерлердің *тұрақты* құрамы коэффициенті:

жыл бойы жұмыс істеген жұмыскерлер саны

$$K_{\text{тұрақты}} = \frac{\text{жыл бойы жұмыс істеген жұмыскерлер саны}}{\text{қызметкерлердің орташа тізімдік саны}}$$

қызметкерлердің орташа тізімдік саны

Жұмыскерлердің орнын *толтыру* коэффициенті:

жұмысқа қабылдаған жұмысшылар саны

$$K_{\text{толтыру}} = \frac{\text{жұмысқа қабылдаған жұмысшылар саны}}{\text{жұмыстан шыққан жұмысшылар саны}}$$

Керексіз айналым *тұрақсыз* кадрлар коэффициентімен сипатталады:

өз еркімен жұмыстан босанған жұмысшылар саны

$$K_{\text{тұрақсыз}} = \frac{\text{өз еркімен жұмыстан босанған жұмысшылар саны}}{\text{қызметкерлердің орташа тізімдік саны}}$$

Жұмысшыларды жиі ауыстыру еңбек өнімділігін өсіруге кедергі болады. Сондықтан кадрлардың ағымын талдағанда, жұмысшылардың жұмыстан шығу себептерін зерттеп, оларды болдырмау шарасын қабылдау керек.

Мысал: Қызметкерлердің қозғалысының көрсеткішін талдау қажет, егерде келесілер берілсе:

Жұмысшылардың орташа тізімдік саны – 1569 адам, жұмысқа қабылданған барлық адам саны – 280 адам; шығып кеткендер жұмысшылар – 332 адам, оның ішінде:

- басқа кәсіпорынға – 5 адам;
- сол мекемеде басқа жұмысқа ауыстырылғандар - 149 адам;
- өз еркімен жұмыстан шығарылғандар - 136 адам;
- себепсіз жұмыстан қалғаны үшін шығарылғандар - 42 адам.

Кәсіпорын тізімінде 1 қаңтардан 31 желтоқсан аралығында тұрған жұмысшылар саны – 1578 адам.

Шешуі:

$$K_{\text{қаб}} = \frac{280}{1569} = 0,18$$

$$K_{\text{шығу}} = \frac{332}{1569} = 0,21$$

$$K_{\text{тұрақты}} = \frac{1578}{1569} = 1,01$$

$$K_{\text{толтыру}} = \frac{280}{332} = 0,84$$

$$K_{\text{тұрақсыз}} = \frac{136+42}{569} = 0,11$$

Ұжымның әлеуметтік қорғауын талдай отырып, кәсіпорынның әлеуметтік даму жоспарының орындалуын мына көрсеткіштер тобымен зерттеуге болады:

1. Жұмысшылардың кәсіби деңгейін жоғарлату;
2. Жұмысшылардың еңбек ету жағдайын және денсаулығын жақсарту;
3. Тұрмыстық-тұрғын үй және әлеуметтік-мәдениетті жағдайын жақсарту;
4. Еңбек ұжымының мүшелерінің әлеуметтік қорғалуын жақсарту.

Кәсіпорынның жұмысшыларының кәсібилігін жоғарлату бойынша жоспардың орындалу динамикасын талдай отырып мынандай көрсеткіштер зерттеледі:

1. Оқу орындарында білім алып жүрген жұмысшылар пайызы;
2. Өз біліктілігін жетілдіріп жүрген жұмысшылар пайызы мен саны;
3. Мамандығына сай емес еңбекпен айналысып жүрген жұмысшылар пайызы.

Жұмысшылардың кәсіби деңгейін жетілдіру бойынша жоспардың орындалуы және артығымен орындалуы, олардың еңбек өнімділігінің өсуіне ықпал етеді.

Жұмысшылардың еңбек жағдайын және денсаулығын жақсарту бойынша жасалатын іс-шараларды бағалау үшін, келесі көрсеткіштер пайдаланылады:

- жұмысшыларды санитарлық-тұрмыстық бөлмемен қамтамасыз ету;
- жұмыс жағдайындағы санитарлы-гигиеналық деңгей;
- 100 адамға есептегендегі жарақат алу жиілігінің деңгейі;
- кәсіби аурулармен ауыратын жұмысшылар пайызы;
- 100 адамға шаққандағы, уақытша жұмысқа қабілетсіз адам саны.

Сонымен қатар еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздігі бойынша жүргізілетін іс-шаралар талданады.

Жұмысшылардың және олардың отбасы мүшелерінің тұрмыстық үй-жағдайы және әлеуметтік-мәдениеті мына көрсеткіштермен сипатталады:

- жұмысшылардың тұрғын үймен қамтамасыз етілуі;
- жаңа тұрғын үй салу жоспарының орындалуы;
- бала-бақшалардың құрылысын салу;
- шипажайлар мен демалыс орындар салу т.б.

Кәсіпорын шешіміне сүйене отырып, еңбек ұжымы мүшелерінің әлеуметтік қорғауы туралы сұраққа өте көп көңіл бөлінеді. *Әлеуметтік қорғаудың негізгі бағыттары келесілер:*

- материалдық көмек көрсету, әсіресе көп балалы отбасына;
- тұрғын үй салуға пайызсыз несие беру;
- жолдамалар сатып алу;
- емделуге жәрдемақы беру;
- тамақтануға және жолақасын жарым-жартылай төлеу.

Әлеуметтік қорғау әсіресе банкротқа ұшырай бастаған кәсіпорындардың жұмысшылары үшін өте маңызды. Оған жұмыстан шығарылған жұмысшылар үшін жұмыс орнын сақтау, шығарылған жұмысшыларға қаражат жағынан көмектесу сияқты іс-шаралар жатады.

5.4. Жұмыс уақытының теңгерімін талдау

Жұмыс уақытының теңгерімін талдау кәсіпорының уақытының бюджетін және оны тиімді пайдалану туралы мәлімдейді. Жұмыс уақытының бюджетін есептеу бір жұмысшының немесе қызметкердің жоспарлы кезеңдегі жоспарланған күн және сағат санымен сипатталады.

Жұмыс уақытының теңгерім статьясына келесілер жатады:

- адамның барлық еңбек сағаттарының өтелуі;
- күні бойы тұрып қалуы;
- жұмысқа келмеу, кезектегі еңбек демалысындағылар, денсаулығының жарамсыздығына байланысты жұмысқа шықпау, декреттік (бала күтіміне байланысты) демалыс, мерекелік, демалыс күндері.

Теңгерім негізінде жұмыс уақытының келесі қорлары анықталады.

Күнтізбектік қор белгілі бір күнтізбектік кезеңдегі (ай, квартал, жыл) күнтізбектік санға тең, ол адам-күндері немесе адам-сағатымен есептелінеді:

$$T_k = D_k \times P_{tc} \text{ (адам күні),}$$
$$T_k = D_k \times P_{tc} \times P_a \text{ (адам күні),}$$

мұнда: D_k – сол кезеңдегі күнтізбектік күннің саны;
 P_{tc} – сол кезеңдегі жұмысшылардың орташа тізімдік саны, адам;
 P_a – аусымның орташа ұзақтылығы, сағат.

Табельдік қор күнтізбектік қормен (адам күні немесе адам сағаты) мереке, демалыс күндерін есептемегенде, адам сағаты немесе адам күні санының айырмашылығына тең:

$$T_{таб} = (T_k - T_{ак} - T_c) \times P_{tc} \text{ (адам күні)}$$
$$T_{таб} = (T_k - T_{ак} - T_c) P_{tc} \times P_a \text{ (адам сағаты)}$$

мұнда: $T_{ак}$ – адам күні;
 T_c – адам сағаты.

Қордың максималды мүмкіндігі бұл табельдік қормен кезекті демалыс уақытының арасындағы айырма. Қордың мәліметтерін пайдалануды талдау сәйкес коэффициенттермен есептелінеді. Олар нақты өтелген уақыттың сәйкес қорға қатынасымен есептелінеді.

5.5. Жұмыс уақытын жоғалту және еңбек ресурстарын пайдалануды талдау

Еңбек ресурстарын толығымен пайдалануды 1 жұмысшының сол кездегі өтеген күн санымен және сағат санымен, жұмыс уақыт қорын пайдалану деңгейімен бағалауға болады. Талдау кәсіпорын бойынша және әр өндірістік бөлімдердегі әр категориядағы жұмысшыларға жүргізіледі.

Жұмыс уақытының қоры (ЖУҚ) жұмысшылар санына (ЖС), бір жылдағы 1 жұмысшының орташа өтелген күніне (К) және жұмыс күнінің орташа ұзақтығына (Ұ) байланысты:

ЖУҚ=ЖС x К x Ұ.

Жоспардан тыс жұмыс уақытын жоғалтуды анықтаған соң оның болу себептерін зерттеу қажет және ол жоспарланбаған әр түрлі жағдайларға байланысты болуы мүмкін. Олар: әкімшіліктің рұқсатымен қосымша демалыс берілуі, денсаулығына байланысты уақытша еңбекке қабілетін жоғалту, жұмыстан қалу, құрал-жабдықтардың, машиналардың бұзылуына, шикізаттың, отынның, материалдардың, электроэнергияларының болмай қалуына байланысты тұрып қалуы.

Кәсіпорынға байланысты жұмыс уақытының ысырабы жан-жақты ерекше талданады. Сонымен қатар жарамсыз өнімді өндіру және оны қалпына келтіруге кеткен жұмыс уақытының шығынынан туындаған өндірілмеген еңбек шығынын анықтау қажет. Жұмыс уақытының өндірілмеген шығынын анықтау үшін жарамсыз өнім ысырабы туралы мәліметтер пайдаланады.

Жұмыс уақытының шығының қысқарту өнімді шығаруды ұлғайтудың бірден-бір қоры болып есептеледі. Дегенмен жұмыс уақытын жоғалту әрқашан өнімді өндіру көлемінің азаюына әкеле бермейді. Себебі жұмысшылардың белсенді еңбек етуінен оның орнын толтыру мүмкіндігі бар.

5.6. Еңбек өнімділігін және еңбек сыйымдылығын талдау

Еңбек өнімділігінің деңгейін бағалау үшін *жалтылама*, *жеке* және *қосалқы* көрсеткіштер пайдаланылады.

Жалтылама көрсеткішке бір жұмысшының орта жылдық, орта күндік және орта сағаттық өнімді өндіруі және бағаның мәнінде бір жұмысшыға шаққандағы орта жылдық өнімнің өндірілуі жатады.

Жеке көрсеткішке – бір өнімді өндіруге кеткен уақыт шығыны жатады.

Қосалқы көрсеткішке – бір уақыт бірлігінде орындалған жұмыс көлемі жатады.

Көп кездесетін еңбек өнімділігінің жалпылама көрсеткіші, ол *бір жұмысшының орташа жылдық өндірілген өнімі* болып табылады, ол мына формуламен есептелінеді:

$$O\Theta = YC \times K \times Y \times OC,$$

- мұнда: $O\Theta$ – бір жұмысшының орта жылдық шығарған өнімі;
 YC – жұмысшылардың жалпы санындағы жұмысшының үлес салмағы;
 K – бір жұмысшының бір жылдағы жұмыс істеген күн саны;
 Y – жұмыс күнінің ұзақтығы;
 OC – орташа сағаттық өнімді өндіру.

Сонымен қатар жұмысшының орта жылдық өнімді өндіруінің өзгеруі талданады. Ол жұмысшының бір жылда өтелген күнінің санына жұмыс күнінің ұзақтығына және орта сағаттық өнімді өндіруге байланысты келесі формуламен есептеледі:

$$O\Theta = K \times Y \times OC$$

Еңбек өнімділігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі, ол жұмысшының ортақүндік және ортажылдық өнім өндіру деңгейіне байланысты болатын орташа сағаттық өнім өндірудің өзгеруі.

Бұл көрсеткіштің шамасы *өнімнің еңбек сыйымдылығына* және оның *құнын бағалаудағы* факторларға байланысты.

Бірінші топтағы факторларға жататындар:

- өндірістің техникалық деңгейі;
- өндірісті ұйымдастыру;
- жарамсыз өнімді шығаруға және оны түзетуге байланысты өндірілмейтін уақыт шығыны.

Екінші топқа жататын факторлар, ол өнімді өндіру көлемінің өзгеруіне байланысты құндық мәнінде өнімнің құрылымының өзгеруі. *Еңбек өнімділігін арттыруға мына жағдайда жетуге болады:*

- еңбек сыйымдылығын төмендету;
- кәсіпорынның өндірістік қуатын толық пайдалану.

Еңбек сыйымдылығы дегеніміз барлық шығарылған өнімнің көлемі немесе жұмыс уақытының бір бірлікке шығыны.

Өнімнің бірлігінің еңбек сыйымдылығы жұмыс уақытының қорын шығарылған өнімнің белгілі бір түріне және осы аталған өнімнің таза санына қатынасымен есептеледі. Өнімнің орташа еңбек сыйымдылығы адам сағатының өтеген жалпы санының құндық мәніндегі өндірілген өнімнің көлеміне қатынасымен есептелінеді.

Өнімнің еңбек сыйымдылығының төмендеуі – еңбек өнімділігінің ең маңызды көрсеткіші. Еңбек өнімділігінің өсуі өнімнің еңбек сыйымдылығының төмендеуі негізінен (ғылым мен техниканың жетістіктерін енгізу, өндірістік үрдістерді автоматтандыру), жартылай дайындалған өнімнің және толымдаушы бұйымдардың үлес салмағының ұлғаюынан, өнімді шығару нормасын қайта қараудан болады.

Талдау кезінде еңбек сыйымдылығының динамикасын, жоспарды оның деңгейінде орындау, оны өзгерту себептерін және еңбекті өндіру деңгейіне әсерін зерттейді. Тағы да назар аударатын жағдай еңбек сыйымдылығының өзгеруі міндетті түрде бағалана бермейді.

Кейде жаңа өнімді меңгеруде немесе оның сапасын арттырғанда еңбек сыйымдылығы артады, себебі сенімді және бәсекеге қабілетті өнімнің сапасын арттыру үшін қосымша еңбек шығыны мен қаражат керек. Дегенмен сатудың көлемін арттырғаннан түсетін пайда бағасы жоғары болғандықтан өнімнің еңбек сыйымдылығын көтеру арқылы ұтылуды жабады. Сондықтан өнімнің еңбек сыйымдылығы және сапасы, өзіндік құны, сату көлемі және табысы үнемі сараптамашылардың назарында болуы тиіс.

5.7. Еңбекақы ресурсын пайдалануды талдау

Еңбек ресурстарын пайдалануды талдауды, еңбек өнімділігін арттыруды еңбекақы төлеумен тығыз байланыста қарастыру қажет. Еңбек өнімділігінің өсуіне байланысты оған төленетін ақының деңгейін өсіруге нақты ұсыныстар пайда болады. Сол кезде еңбекақыны төлеуге жұмсалатын қаражатты пайдаланғанда еңбектің өнімділігінің ескіні, еңбекақының өсу ескінінен алда бо-

луы керек. Осы жағдайды сақтағанда ғана, өнімді кең түрде ұдайы өндіруге мүмкіндік туады.

Осыған байланысты еңбекақы ресурсын пайдалануды талдау әр кәсіпорында өте маңызды орын алады. Талдау үрдісінде еңбекақыға төленетін қаражатты жұмсау кезінде еңбекақы ресурсын пайдалануға үнемі бақылау жүргізу қажет, еңбектің өнімділігін арттыру және өнімнің еңбек сыйымдылығын төмендету арқылы оны үнемдеудің жолдарын қарастырып табу керек.

Еңбекақы ресурсын пайдалануды талдаудың абсалюттік және салыстырмалы нақты шамасының оның жоспарланған шамасынан ауытқуын есептеу арқылы жүргізуден бастау керек.

Абсалюттік ауытқу ЕАҚа еңбекақыға нақты пайдаланған қаражаттың ЕАҚн, еңбекақының жоспаланған ресурсымен ЕАҚж салыстыру арқылы анықталады. Ол кәсіпорын бойынша, жұмысшылар категориясы және өндірістік бөлімдер бойынша жүргізіледі және келесідей анықталады:

$$\text{ЕАҚа} = \text{ЕАҚн} - \text{ЕАҚж} .$$

Дегенмен абсалютті ауытқу, өнімді өндіру бойынша жоспарды орындау деңгейін есепке алмай жүргізіледі. Бұл факторды есепке алу еңбекақының ресурсының салыстырмалы ауытқуын ЕАҚса есептеуге көмектеседі.

$$\text{ЕАҚса} = \text{ЕАҚн} - (\text{ЕАҚөб} \times \text{Кж} + \text{ЕАҚтб}).$$

мұнда: ЕАҚн – еңбекақының нақты ресурсы;

ЕАҚөб – еңбекақы қорының өзгермелі бөлігі;

Кж – өнімді өндіру бойынша жоспарды орындау коэффициенті;

ЕАҚтб – еңбекақы қорының тұрақты бөлігі.

Еңбекақының тұрақты бөлігі (ЕАҚтб) өндіріс көлемінің артуынан немесе төмендеуінен өзгермейді, ол жұмысшылардың тарифтік ставкасы бойынша еңбекақылары, қызметкерлердің еңбекақысы, барлық қосымша төлем түрлері, өнеркәсіптік емес өндірісте жұмыс істейтін жұмысшылардың еңбекақысы және олардың демалысқа төленетін сомасы бойынша өзгереді.

Өзгермелі еңбекақы ресурсына мына факторлар әсер етеді:

1. Өнімді өндіру көлемі;
2. Өндірістің құрылымы;
3. Бір өнімді шығаруға кеткен тура еңбекақы ЕАт;
4. Өнімнің еңбек сыйымдылығының үлесі (Үөөс);
5. Бір адам-сағаты (ЕАас) үшін еңбекақы деңгейі.

Еңбекақы қорының тұрақты бөлігінің (ЕАҚТ) факторлық моделі келесі формуламен жазылады:

$$\mathbf{ЕАҚТ = Отс \times Кс \times Ұа \times Жсе ,}$$

мұнда: Отс – орташа тізімдік сан;

Кс – орташа бір жылда жұмысшының істеліп біткен күн саны;

Ұа – аусымның орташа ұзақтылығы;

Жсе – бір жұмыскердің орташа сағаттық еңбекақысы.

Талдау кезінде еңбекақы қорын пайдаланудың тиімділігін анықтау қажет. Сол мезгілдегі жұмыс істеушінің *орташа еңбек-ақысының өзгеруі* келесі индекспен сипатталады (ЕА₀):

$$\mathbf{ЕА_0 = \frac{\text{есепті мезгілдегі орташа еңбекақы}}{\text{базистік мезгілдегі орташа еңбекақы}}}$$

Ортажылдық түсімнің өзгерісі еңбек өнімділігі индексі негізінде анықталады (ЕӨ_н):

$$\mathbf{ЕӨ_н = \frac{\text{есепті мезгілдегі орташа өнім}}{\text{базистік мезгілдегі орташа өнім}}}$$

Еңбек өнімділігінің өрлеу қарқыны орташа еңбекақының өрлеу қарқынынан озық болуы керек. Бұл үшін озу коэффициенті (К_{озу}) есептеледі:

$$\mathbf{К_{озу} = \frac{ЕӨ_н}{ЕА_0} .}$$

Содан кейін еңбек өнімділігі мен төлемақының өрлеу қарқынының арасындағы арақатынасының өзгеруіне байланысты еңбекақы ресурсының үнемділік (Ү) сомасы есептеледі:

$$Y = EA_{\text{н}} \times \frac{EA_0 - E\Theta_{\text{н}}}{EA_0}$$

Еңбекақы ресурсын талдау кезінде келесі мәліметтерді зерттеу үлкен орын алады:

- жұмыскерлердің орташа табысы туралы мәлімет;
- кәсіпорын жұмыскерлерінің табысының өзгеруі туралы мәлімет;
- орташа табыс деңгейін анықтайтын факторлар туралы мәлімет.

Келесі бағытта орташа еңбекақының өзгеру себептерін талдау қажет:

- кәсіпорында;
- бөлімдерде;
- категориясы бойынша;
- мамандығы бойынша.

Талдау жүргізу үрдісінде орташа еңбекақы мен еңбек өнімділігі өрлеу қарқынының арасындағы сәйкестікті анықтау қажет. Егер еңбекақы мен еңбек өнімділігі өрлеу қарқынының арасындағы озық жүру қағидаты сақталмаса, онда еңбекақы ресурсын артық жұмысауға, өнімнің өзіндік құнының артуына және пайда сомасының азайуына әкеледі.

5 тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер

Бақылау сұрақтары

1. Сандық және сапалық параметрлері бойынша кәсіпорынның еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі қалай талданады?
2. Кәсіпорынның еңбек ресурстарының қозғалысын қандай коэффициенттер көрсетеді?
3. Жаңа жұмыс орнын құру арқылы өндіріс өнімін арттырудың қорын қалай анықтауға болады?
4. Кәсіпорынның жоспардан тыс күнібойғы және аусым-аралық жұмыс уақытын жоғалту себепін атаңыз.

5. Жұмыс уақытын қысқартуды жоғалту арқылы қалай өндіріс өнімін арттырудың қорын анықтайды?

6. Еңбек өнімділігін арттыру арқылы өнім шығарудың өзгеруін және қорын ұлғайтуды қалай анықтайды?

7. Еңбек ресурстарын тиімді пайдалануды талдаудың әдістерін сипаттаңыз.

8. Жұмыс уақытының теңгерімі қалай құрастырылады?

9. Материал сыйымдылығы көрсеткіші нені білдіреді?

Есептер

1-есеп. Еңбек өнімділігінің жоспарының орындалуын талда және баға бер.

Көрсеткіш	Жоспар	Факт	Жоспардың орындалуы, %	Жоспардан ауытқу	
				Сомасы (+,-)	%
Өнім шығару, млн. теңге	100	95			
Қызметкерлердің орташа тізімдік саны, адам соның ішінде: жұмысшылар, адам	320 240	324 215			
Ортажылдық өнім өндіру, млн. теңге: I қызметкерге I жұмысшыға					

2-есеп. Еңбек өнімділігінің және еңбекақының өрлеу қарқынының арақатынасына талдау жүргізу. Қорытынды шығару.

Көрсеткіштер	Жоспар	Нақты	Жоспарға пайызбен
Бір жұмысшыға ортажылдық өнім, мың теңге	12300	12800	
Бір жұмысшыға ортажылдық еңбекақы, мың теңге	1500	1580	

3-есеп. Жұмысшылар санына талдау жүргізу және қорытынды шығару.

Көрсеткіштер	Өткен жыл	Есепті жыл	Өткен жылға пайызбен
Жұмыс істейтіндер саны	362	356	
оның ішінде:			
жұмысшылар	289	284	
қызметкерлер	29	26	
басшылар және мамандар	44	44	

4-есеп. Кәсіпорынның жұмыс күшінің қозғалысын талдау, қабылдау және шығу жұмыс күшінің айналым коэффициентін, тұрақсыздық коэффициентін анықтау.

Көрсеткіштер	Өткен жыл	Есепті жыл
Жұмысшылардың тізім бойынша орташа саны, адам	1620	1520
Жұмысқа қабылданды, адам	319	240
Барлығы жұмыстан шығарылды, адам		
оның ішінде:		
- басқа кәсіпорынға ауыстырылды	36	39
- келісім шарт мерзімінің біткеніне байланысты	53	58
- оқуға ауысуына, әскери қызметке шақырылуына, зейнетке шығуына байланысты	78	76
- өз еркімен жұмыстан шығу	20	19
- жұмысқа келмеуіне және басқа да еңбек тәртібін бұзғанына байланысты	5	3

6 ТАРАУ.

НЕГІЗГІ ҚОРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ТАЛДАУ

• *Талдаудың міндеттері және ақпарат көздері. Негізгі құралдардың жағдайының, құрылымының және қозғалысының талдауы*

- *Негізгі өндіріс қорларын тиімді пайдалануды талдау*
- *Кәсіпорынның өндіріс қуатын және құрал-жабдықтарын пайдалануын талдау*

6.1. Талдаудың міндеттері және ақпарат көздері. Негізгі құралдардың жағдайының, құрылымының және қозғалысының талдауы

Кәсіпорындарда өндірістің көлемін арттырудың негізгі факторларының бірі оларды керекті мөлшерде және ассортиментте негізгі қорлармен қамтамасыз ету және тиімді пайдалану.

Талдаудың міндеттері келесілер:

- кәсіпорындар мен олардың құрылымдық бөлімдерінің негізгі құралдармен қамтамасыз етілуін және оны пайдалану деңгейін анықтау;
- негізгі қорларды пайдаланудың өнімді өндіру көлеміне және басқа көрсеткіштерге әсерін есептеу;
- кәсіпорынның өндірістік қуатын және құрал-жабдықтарын пайдалану деңгейін зерттеу;
- негізгі құралдарды пайдаланудың тиімділігін арттыру қорларын табу.

Талдау үшін негізгі ақпарат көзі келесілер: кәсіпорынның бизнес-жоспары, №1-ПФ формасы «Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметі туралы есебі», №11 форма «Негізгі қордың жағдайы туралы есеп». Кәсіпорынның негізгі құралдарының құрылымын және құрамын зерттей отырып негізгі топтар бойынша олардың қолда бары және қозғалысы айқындалады. Ол үшін барлық негізгі құралдарды өндірістік-өнеркәсіптік, өндірістік емес негізгі құралдарға және басқа салалардың негізгі құралдарына бөледі.

Әр топтың негізгі құралдарының үлес салмағын жалпы негізгі құралдардың сомасымен салыстыра отырып олардың құрылымын анықтауға болады. Өнеркәсіп өндірісінің негізгі құралдарының үлес салмағы көп болған сайын кәсіпорынның өндірістік мүмкіндігі көп болады.

Негізгі құралдардың динамикасын талдау үшін, талданып отырған кезеңдегі негізгі құралдарды алдыңғы жылмен салыстырып оның құнының өзгеруін анықтайды. Негізгі құралдарды талдауда тек қана оның құрылымы мен динамикасын ғана қарастырмай техникалық жағдайын да есепке алу қажет. Негізгі құралдардың техникалық жағдайы оның тозу деңгейі, жаңартылуы, істен шығуы, өсуі, техникалық жарамдылық жылы, құрал-жабдықтардың шығарылу мерзімі деңгейімен сипатталады.

Негізгі құралдардың тозу деңгейінің көрсеткіші *тозу коэффициенті* болып табылады, ол жылдың басында және аяғында мына формуламен есептелінеді:

$$K_{\text{тозу}} = \frac{\text{амортизациялық соманың төлемі}}{\text{негізгі құралдардың алғашқы құны}}$$

Негізгі құралдарды жаңарту деңгейінің көрсеткіші *жаңарту коэффициенті* арқылы сипатталады:

$$K_{\text{жаңарту}} = \frac{\text{түскен негізгі құралдардың құны}}{\text{жыл соңындағы негізгі құралдардың құны}}$$

Барлық жеке түрлері бойынша жаңарту деңгейін толық сипаттау үшін бірнеше жылдың жаңарту коэффициентімен салыстырылады.

Негізгі құралдардың істен шығуын сипаттайтын көрсеткіші *істен шығу коэффициентімен* есептелінеді:

$$K_{\text{шығу}} = \frac{\text{істен шыққан негізгі құралдардың құны}}{\text{жыл басындағы негізгі құралдардың құны}}$$

Жаңарту коэффициенті істен шығу коэффициентінің алдын алуы керек.

Негізгі құралдардың өсу деңгейінің көрсеткіші *өсу коэффициентімен* анықталады:

$$K_{\text{өсу}} = \frac{\text{өсу сомасы (түсуден шығуды алып тастау)}}{\text{негізгі құралдардың бастапқы түсу кезеңінің құны}}$$

Негізгі құралдардың техникалық жарамдылығын сипаттайтын көрсеткіш *жарамдылық коэффициентімен* анықталады:

$$K_{\text{жарамд}} = \frac{\text{негізгі құралдардың қалдық құны}}{\text{негізгі құралдардың бастапқы құны}}$$

Құрал-жабдықтардың жасына байланысты құрамы оның жұмыс істеу қабілеті мен ауыстыру қажеттілігін талдауға жағдай жасайды.

Қызметтегі құрал-жабдықтарды талдау үшін олардың пайдалану ұзақтығы мен түріне байланысты топтастырылады (5 жылға дейін, 5-10 жылға, 10-20 жылға дейін және одан жоғары) және қызметтік мерзімін нормативтік мерзімімен салыстырады. Ол үшін қор қайтарымдылық деңгейін қамтамасыз ете алмайтын тозған құрал-жабдықтардың үлес салмағын анықтайды.

6.2. Негізгі өндіріс қорларын тиімді пайдалануды талдау

Негізгі құралдарды тиімді пайдаланудың жалпылама сипаттамасына мына көрсеткіштер жатады:

Қор қайтымдылығы – өндірілген өнімнің көлемінің негізгі құралдардың орташа жылдық құнына қатынасымен көрсетіледі:

$$K_{\text{к}} = \frac{\text{ӨК}}{\text{НК}_{\text{өлсқ}}}$$

Қор қайтымдылығы өндіріс-өнеркәсіптік негізгі қорлардың барлық бағасына қатынасы ретінде және құрал-жабдықтар мен ма-

шиналар құнына қатынасы арқылы да есептеуге болады. Талдау ба-
рысында әртүрлі факторлардың әсірінен қор қайтарымдылығының
өзгерісін, сонымен қатар негізгі құралдардың ортажылдық
құнының және қор қайтарымдылығының өнім көлеміне әсерін
анықтайды.

Қор қайтрымдылығына мына факторлар әсер етеді:

- құрал-жабдықтардың құрылымы;
- құрал-жабдықтардың кейбірінің жұмыс уақыты (Т);
- күні бойы жұмыс істемей тұруы;
- ауысу коэффициенті;
- ауысу ішінде тұрып қалуы;
- құрал-жабдықтардың өндіру қабілеті (СВ);
- жаңа техниканы меңгеру;
- қызметтегі құрал-жабдықтарды жаңарту;
- қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру.

Қор қайтрымдылығының факторлық моделі келесі көріністе
беріледі:

$$K_{\kappa} = NK_{аб} \times Y_a,$$

мұнда: Y_a – барлық негізгі құралдардың құнындағы қордың
активті бөлігінің үлесі;

$NK_{аб}$ – негізгі құралдардың активті бөлігінің қор
қайтарымдылығы.

Негізгі құралдардың активтік бөлігінің қор қайтарымдылығы
үшін факторлық модель келесі түрде жазылады:

$$K_{\kappa аб} = (K \times T \times C\Theta) \times O_{жб},$$

мұнда K – технологиялық жабдықтардың орташа саны;

T – жабдық бірлігінің жұмыс істеу уақыты;

$C\Theta$ – бағалық түрде орташа сағаттық өндіруі;

$O_{жб}$ – технологиялық құрал-жабдықтардың орташа
жылдық бағасы.

Қор сыйымдылығы – қор қайтарымдылығына қарама-
қарсы көрсеткіш, ол негізгі қордың орташа жылдық бағасының
шығарылатын өнім көлеміне қатынасымен анықталады:

$$K_c = \frac{\text{негізгі құралдардың орташа жылдық құны}}{\text{өндірілген өнімнің көлемі}}$$

Қор сыйымдылығы кейбір өнім өндірудегі қордың қатысу үлесін анықтайды. Егер қор қайтарымдылығы жоғарыласа қор сыйымдылығы төмендейді.

Негізгі қорды тиімді пайдаланудағы қорытындылаушы көрсеткіш, ол **қор рентабельділігі**. Ол кәсіпорын пайдасының негізгі қордың орташа жылдық құнына қатынасымен анықталады:

$$K_p = \frac{\text{кәсіпорын пайдасы}}{\text{негізгі құралдардың орташа жылдық құны}}$$

Қор рентабельділігінің деңгейі тек қана қор қайтымдылығынан ғана емес өткізілген өнімнің рентабельділігі мен оның жалпы шығарудағы үлесіне де байланысты.

Еңбектің қормен жарақтандырылуы – өндіріс-өнеркәсіптік қордың орташа жылдық бағасының күндізгі аусымдағы орташа тізімдік санына қатынасымен анықталады (бұнда жұмысшылар басқа аусымда да сол еңбек құралын пайдаланады дегенді түсіндіреді):

$$\Phi_{екжс} = \frac{\text{негізгі құралдардың өндіріс-өнеркәсіптік орташа жылдық бағасы}}{\text{күндізгі аусымдағы қызметкерлердің орташа тізімдік саны}},$$

Негізгі қорлардың салыстырмалы тиімділігі:

$$HK_{ст} = (HK_{об_1} - HK_{об_0}) \times I_{жск},$$

мұнда $HK_{об_1}$, $HK_{об_0}$ – негізгі құрал-жабдықтардың базистік және есепті жылдардағы ортажылдық бағасы;

$I_{жск}$ – өндіріс өнімнің жалпы көлемінің индексі.

Кәсіпорынның құрал-жабдықтарының орташа жылдық құның есептеу кезінде тек өзінің ғана емес жалдауға алған негізгі құрал-жабдықтардың құны да есептелінеді. Оған сақтаулы, резервтік

және жалға берген кірмейді. Талдау кезінде жоғарыда айтылған көрсеткіштер динамикасы, оның деңгейі бойынша орындалған жоспар және шаруашылықаралық салыстырулар жүргізіліп зерттеледі.

6.3. Кәсіпорынның өндіріс қуатын және құрал-жабдықтарын пайдалануын талдау

Кәсіпорын теңгерімінде есепке алынған барлық құрал-жабдықтар қайда тұрғанына қарамастан қолдағы бар құралдарға жатады.

Қолдағы құралдар орнатылған және орнатылмаған деп бөлінеді.

Орнатылған құралдар былай бөлінеді:

- нақты жұмыстағы;
- жоспарлы-ескертілген жөндеудегі;
- резервтегі;
- тұрып қалған.

Орнатылмаған жабдықтар, олар пайдалануға берілмеген құралдар және

келесілерге бөлінеді:

- орнатуға арналған;
- артық;
- шығарып тасталынатын.

Құралдарды пайдалану сипаты мына көрсеткіштерге байланысты:

Қолдағы бар құрал-жабдықтарды *пайдалану коэффициенті*:

$$K_{\text{пайд}} = \frac{\text{нақты жұмыс істейтін жабдықтар}}{\text{жалпы қолдағы бар жабдықтар}},$$

Пайдалануға берілген жабдықтардың *меншікті салмағының коэффициенті*:

$$K_{ме} = \frac{\text{орнатылған жабдықтар}}{\text{қолдағы бар жабдықтар}},$$

Орнатылған құралдарды толық пайдаланбаудың себебін табу үшін бір уақытта құралдар жұмысын бақылау мәліметтерін пайдаланады. Ол бақылау №11 формасымен (қысқа) жүргізіледі және осының негізінде құралдар түрлері, оның жұмыс істемеу себептері бойынша топтастырылады. Құралдарды пайдалану қарқындылығы, өнімді уақыт бірлігінде орта есеппен 1 машинаға арттырумен сипатталады.

Құралдарды пайдалану қарқындылығының көрсеткіші, ол *интенсивті жүктеме коэффициенті*:

$$K_{инт} = \frac{\text{бір машина сағаттағы өнімді орташа өндіру}}{\text{жоспарлы өндіру}}$$

Құралдарды экстенсивті пайдалану, ол құралдардың жұмыс уақыты, экстенсивті жүктеме коэффициенті және аусым коэффициенті теңгерімімен сипатталады.

Құралдардың жұмыс уақыты бабының теңгеріміне келесілер жатады:

– *негізгі құралдардың жұмыс уақытының күнтізбелік қоры* құралдардың сан бірлігін күнтізбелік сандық күніне және 24 сағатқа көбейту арқылы есептелінеді;

– *негізгі құралдардың 1 машинаға есептегенде жұмыс уақытының атаулы қоры жұмыс күні санын жұмыс аусымы санына және аусымдағы жұмыс сағатының санына көбейту арқылы анықтайды;*

– *негізгі құралдардың жұмыс уақытының жоспарланған қоры* режимдік қордан жоспарлы-ескертілген жөндеу жүргізуге қажетті уақытты алып тастағанға тең;

– *нақты орындалған жұмыс уақыты* жоспарлы қордан жоспардан тыс тұрып қалған уақытты алып тастағанға тең.

Жоғарыдағы көрсетілген көрсеткіштер және шартты белгілері мен есептеулері б.1 кестеде көрсетілген.

Кесте 6.1

Уақыт қорының көрсеткіші	Шартты белгілер	Есептеу формуласы	Ескерту
Күнгізбелік қор	T_k	$T_k = T_{kd} \times 24$	T_{kd} – талдап отырған кезеңдегі күнгізбелік күндер саны, күндер
Атаулы (режимдік) қор	T_n	$T_n = T_{рем} \times t_{см}$	$T_{рем}$ – талдап отырған кезеңдегі жұмыс аусымының саны, $t_{см}$ – жұмыс аусымының ұзақтылығы, сағат
Жоспарлы (нақты) қор	$T_{пл}$	$T_{пл} = T_n - T_{пр}$	$T_{пр}$ – жоспарлы жөндеу уақыты, сағат
Пайдалы (нақты) қор	$T_{ф}$	$T_{ф} = T_{пл} - T_{пр}$	$T_{пр}$ – жоспардан тыс тұрып қалу уақыты, сағат

Экстенсивті жүктеме коэффициенті:

нақты істеліп біткен уақыт

$$K_{эжс} = \frac{\text{-----}}{\text{жоспарланған уақыт}}$$

Ауысымдық коэффициенті:

істеліп біткен станкоаусымның жалпы саны

$$K_a = \frac{\text{-----}}{\text{орнатылған жабдықтардың жалпы саны}}$$

Өндірістік қуат – белгіленген, орнатылған мамандандыруға және берілген номенклатура мен ассортимент режимінің жұмысына сәйкес кәсіпорынның өнімді жоғарғы мөлшерде шығарудағы өндірістік қабілетін сипаттайды. Өндірістік қуатты есептеу кезінде, жабдықтарға, өндірістік алаңдарға, сонымен қатар еңбек және материалдық қорларға оңтайлы норманы пайдалану негізінде өнім шығару қарастырылады.

Өндірістік қуатты пайдалануды талдау кезінде анықталады:

– бәсекеге қабілетті өнімді шығаруды қамтамасыз ету үшін қажетті өндіріс қуатының шамасы;

- нарық көлемін кеңейтуге байланысты қор қуатын арттыру;
- жоғарғы бәсекеге қабілетті өніммен қамтамасыз ету мақсатында негізгі құралдарды жаңарту.

Өндіріс қуатын анықтауда жұмыс орнының саны көрсеткіші пайдаланылады. Қажетті жұмыс орнын анықтауда жұмыс түрінің құрылымы, кәсіби деңгейі, өнімді шығару көлемі туралы талдау мәліметтері пайдаланылады.

Негізгі құралдарды тиімді пайдалануға әсер ететін басты факторлардың бірі кәсіпорынның және оның салаларының өндірістік қуатын пайдалануды жақсарту.

Қор қайтымдылығы мен өндіріс қуатының арасындағы байланысты орнату үшін мына факторлық моделді пайдаланамыз:

$$K_{\text{кк } \Theta\text{К}} = \frac{\Theta\text{К}}{\text{Н}\Theta} \times \frac{\text{Н}\Theta}{W} \times \frac{W}{\text{НҚ}_a} \times \frac{\text{НҚ}_a}{\text{НҚ}_{\text{жк}}},$$

- мұнда $\Theta\text{К}$ – есептеу үшін қолданған өнім көлемі;
 $\text{Н}\Theta$ – кәсіпорынның негізгі өнімі;
 W – орташа жылдық өндіріс қуаты;
 НҚ_a – негізгі құрал-жабдықтардың активті бөлігі;
 $\text{НҚ}_{\text{жк}}$ – негізгі құрал-жабдықтардың жалпы құны.

Берілген формула қор қайтарымдылығының динамикасына келесі әсерін анықтайды:

- кәсіпорынды мамандандыру деңгейін өзгерту ($\Theta\text{К}/\text{Н}\Theta$);
- өндірістік қуатты пайдалану коэффициенті ($\text{Н}\Theta/W$);
- өндірістік қуаты бойынша есептелген құрал-жабдықтардың қор қайтарымының белсенді бөлігі ($W/\text{НҚ}_a$);
- жалпы құнындағы қордың белсенді бөлігінің үлесі ($\text{НҚ}_a/\text{НҚ}_{\text{жк}}$).

6 тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер

Бақылау сұрақтары

1. Негізгі құрал-жабдықтарды пайдалануды талдаудың міндеттері мен ақпараттық көздірі қандай?

2. Негізгі құрал-жабдықтардың қозғалысын және техникалық жағдайын сипаттайтын қандай көрсеткіштер?

3. Кәсіпорынның өндірістік құрал-жабдықтарының қамтамасыз етілу деңгейі қалай анықталады?

4. Не үшін және қалай қормен жарактандырылу көреткіші есептеледі?

5. Қор қайтарымдылығы көрсеткіші қалай есептеледі және нені көрсетеді?

6. Кәсіпорынның өндірістік қуатын қалай түсіндіруге болады және оны қандай көрсеткіштер сипаттайды?

Есептер

1-есеп. Негізгі қордың қолда барын, қозғалысын және құрылымын талдаңыз. Негізгі қордың қозғалысын сипаттайтын көрсеткіштерді есептеңіз. Қорытынды шығарыңыз.

Негізгі қорлар тобы	Жыл басындағы қолдағысы		Жыл бойы түскені		Жыл бойы шыққаны		Жыл соңында қолдағысы	
	мың теңге	меншікті салмағы, %	мың теңге	меншікті салмағы, %	мың теңге	меншікті салмағы, %	мың теңге	меншікті салмағы, %
Өндірістік-өнеркәсіптік негізгі қорлар	15100		3000		1000		17100	
Өндірістік емес негізгі қорлар	1500		350		400		1450	
Барлығы негізгі қорлар	16000		3200		2000		17200	
Соның ішінде: - негізгі қорлардың активті бөлігі	8050		2300		1450		8900	

2-есеп. Негізгі қордың рентабельділігін, қор қайтарымдылығын, қор сыйымдылығын және қор рентабельділігін анықтаңыз.

Есептеу үшін мәліметтер:

Есептік жылдың пайдасы – 4440 мың теңге;

Негізгі қордың ортажылдық құны – 150500 мың теңге;

Шығарылған өнім – 300000 мың теңге.

3-есеп. Тауарлық өнім шығару мен өндірістің негізгі қорларының шамасы келесідей:

Көрсеткіштер	Базалық кезең	Есептік кезең	Абсолюттік өзгеріс (+,-)	Өрлеу қарқыны, %
Тауарлы өнімнің көлемі, мың теңге	22000	25000		
Негізгі қорлардың ортажылдық құны, мың теңге	11000	20000		
Қор қайтарымдылығы, теңге				
Қор сыйымдылығы, теңге				

Анықтау керек:

1. Базалық және есептік кезеңдердегі қор қайтарымдылығын және қор сыйымдылығын;
2. Мәліметтердің абсолютті өзгерісін;
3. Мәліметтердің өрлеу қарқынын.

Факторлық талдау жүргізу арқылы тауарлы өнімнің көлемінің және негізгі қордың өсімдерін салыстыру және тиісті қорытынды жасау керек.

4-есеп. Мәліметтерді пайдаланып негізгі өндірістік қорларды тиімді пайдалануға факторлық талдау жүргізу керек. Қорытынды шығар.

Көрсеткіштер	2013 жыл	2014 жыл
Негізгі өндірістік қордың ортажылдық құны, мың теңге	79000	76000
Өнімді шығару көлемі, мың теңге	90000	91500
Орташа тізімдік саны, адам	1100	1000

7 ТАРАУ.

МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ТАЛДАУ

- *Талдау міндеттері, ақпарат көздері*
- *Материалдық-техникалық жабдықтау жоспарын орындауды талдау*
- *Кәсіпорынды материалдық ресурстармен қамтамасыз етуді талдау*
- *Материалдық ресурстарды тиімді пайдалануды талдау*

7.1. Талдау міндеттері, ақпарат көздері

Өнімді өндіру, оның өзіндік құнын төмендету, табыстын өсуі, рентабелділігі бойынша жоспарларды жүзеге асырудың қажетті шарттары, ол өнеркәсіпті толықтай және уақытылы қажетті ассортимент пен сапасы бар шикізат пен материалдармен қамтамасыз ету болып табылады.

Материалдық ресурстарды пайдалану мен қамтамасыз етуді талдаудың *міндеттері* келесілер:

- материалдық-техникалық жабдықтау жоспарының нақтылығын, оны орындау деңгейі мен өнімді өндіру көлеміне әсерін, оның өзіндік құны мен басқа да көрсеткіштерін бағалау;
- материалдық ресурстарды қолдану тиімділігінің деңгейін бағалау;
- материалдық ресурстарды үнемдеудің ішкі өндірістік қорларын анықтау және оларды қолдану бойынша нақты шаралар жасау.

Материалдық ресурстарды талдау үшін ақпарат көздері:

- материалдық-техникалық жабдықтау жоспары;
- сұраным;
- шикізат пен материалдарды жеткізуге келсім-шарттары;
- материалдық ресурстардың бар болуы мен оны қолдану туралы статистикалық есеп формалары және өндіріске кеткен шығындар туралы № 5-з формасы;

- материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінің жедел мәліметтері;
- түсім, шығын және материалдық ресурстардың қалдықтары туралы бухгалтерлік есептің аналитикалық мәліметтері.

7.2. Материалдық-техникалық жабдықтау жоспарын орындауды талдау

Кәсіпорынды материалдық ресурстармен қамтамасыз етуді талдау кезінде ең алдымен материалдық-техникалық жабдықтаудың жоспарының сапасын тексереді. Жоспардың нақтылығын тексеруді материалдық ресурстарды кәсіпорынға қажеттілік жоспарының негізіне енгізілген нормалар мен нормативтерді зерттеуден бастайды. Содан кейін жабдықтау жоспарының өнімді өндіру қажеттілігіне сәйкестігі мен материалдарды шығындаудағы прогрессивті нормалар негізінде қажетті қорлардың құрылуы тексеріледі.

Кәсіпорынды шикізатпен, материалдармен қамтамасыз ету деңгейі сатып алынған шикізаттың нақты көлемі мен оның жоспарлы қажеттілігін салыстыру арқылы анықталады. Кәсіпорынның үздіксіз жұмыс істеуінің маңызды шарты *жабыну қайнар көздері*, ол материалдық ресурстарда қажеттілігін толық қамтамасыз ету болып табылады. Жабыну қайнар көздері *ішкі және сыртқы* болуы мүмкін.

Сыртқы қайнар көздеріне жасалынған келісімшартқа сәйкес жабдықтаушылардан келетін материалдық ресурстар жатады.

Ішкі қайнар көздері – ол шикізат қалдықтарын қысқарту, екінші мәрте қолдану, материалдар мен жартылай дайындалған өнімдерді өздігінен жасау, ғылыми және техникалық жетістіктерді енгізу нәтижесінде материалдарды үнемдеу.

Сонымен қатар талдау барысында жеткізіп салуға келісімшарттармен материалды, ресурстарды жеткізудегі қажеттіліктердің қамтамасыз етілуін және олардың нақтылы орындалуын тексеру қажет.

Ол үшін жоспар мен факті бойынша жабыну қайнар көздеріне деген қажеттілігін қамтамасыз ету коэффициентін есептеп шығарады:

ішкі жабыну қайнар көздері + жасалған келісім-шарт көлемі

$$K_{\text{қаж қам}} = \frac{\text{ішкі жабыну қайнар көздері} + \text{жасалған келісім-шарт көлемі}}{\text{жоспарлы қажеттілік}}$$

Жабыну қайнар көздерінің қажеттілігін нақты қамтамасыз ету коэффициенті:

жабдықтаушылардан ақты түсім көлемі + ішкі жабыну қайнар көздері

$$K_{\text{н қам}} = \frac{\text{жабдықтаушылардан ақты түсім көлемі} + \text{ішкі жабыну қайнар көздері}}{\text{жоспарлы қажеттілік}}$$

Мысал. Материалдық ресурстардың қажеттілігін келісім-шартпен қамтамасыз ету және олардың нақтылы орындалуы 7.1 кестеде көрсетілген.

Кесте 7.1

Материал	Жоспарлы қажеттілік, тн	Қажеттілікті жабыну қайнар көздері, тн		Жасалған келісім-шарт, тн	Қажеттілікті келісім-шартпен қамтамасыз ету жоспары, %	Жабдықтаушылардан түсті, тн	Келісім шарттардың орындалуы, %
		ішкі	сыртқы				
1	2	3	4	5	6	7	8
А	4700	50	4650	4420	0,95	4190	94,8

$$K_{\text{қаж қам}} = 50 + 4420 / 4700 \text{ (гр3+гр5)/гр2}$$

$$K_{\text{н қам}} = 4190 + 50 / 4700 \text{ (гр7+гр3)/гр2}$$

Кестеде көрсетілгендей А материалдың қажеттілік жоспары келісім-шартпен жабынудың ішкі қайнар көздерімен жабдықталуы толық емес: жоспар бойынша қажеттілікті қамтамасыз ету коэффициенті – 0,95 құрады, ал нақты – 0,90, бұл А материалында қажеттілік тек 90 пайызға ғана қанағаттанады деген сөз. Сонымен қатар жетікізіп салушылардан алынған материалдың сапасы, олардың стандартты техникалық келісім-шартқа сәйкестігі тек-

серіледі және бұзушылық кезінде жеткізушілерге талаптар қойылады. Аса үлкен назар мемлекеттік тапсырыс бойынша және кооперативтік жеткізушілерге бөлінген материалды жеткізуді жүзеге асыруын тексеруге бөлінеді.

7.3. Кәсіпорынды материалдық ресурстармен қамтамасыз етуді талдау

Материалды жеткізу мерзімі бойынша жоспарды жүзеге асыруға үлкен мән беріледі. Жеткізудің мезгілін бұзу, өнімді тарату мен өндіріс жоспарын аяғына дейін орындамауға әкеліп соғады. Жеткізілімнің ырғақтылығын бағалау үшін ырғақтылық және түрлендіру коэффициенттері қолданылады. Аса маңызды назар шикізат пен қоймадағы материалдар қорына аударылады.

Сақтаулы қорлар *ағымдағы, мезгілдік және сақтандыру* болып бөлінеді. Ағымдағы қордың көлемі жеткізу интервалы (күн) мен материалдың орта тәуліктік шығынына тәуелді.

$$Z_{\text{ағым}} = J_a \times P_{\text{орта}}$$

мұнда: $Z_{\text{ағым}}$ – шикізат пен материалдар қорының ағымдағы мөлшері;

J_a – жеткізу аралығы;

$P_{\text{орта}}$ – материалдың орта тәуліктік шығыны.

Талдау барысында басты-басты шикізат пен материалдар қорларының фактілі көлемінің нормативтігіне сәйкестігі тексеріледі. Бұл мақсатпен материалдардың факті бойынша бар болуымен олардың орта тәуліктік шығындары мәліметі негізінде күн санау бойынша фактілі материалдармен қамтамасыз ету есептеліп нормативпен салыстырылады.

Мысал: Материалдық қордың жағдайын талдау.

Материал	Орта тәуліктік шығын, тн	Фактілі қор		Қор нормасы, күн	Қор нормасынан ауытқуы	
		тн	күн		күн	т

Артық және қажетті емес шикізат пен материалдарды анықтау мақсатымен қор жағдайын тексереді. Кіріс пен шығысты салыстыру жолымен қойма есебінің мәліметтерін анықтауға болады.

Қорларды басқару маңызды және жауапты сала болып есептеледі, себебі кәсіпорынның соңғы шаруашылық нәтижесі қордың оңтайлылығына байланысты. Ағымдағы қорды оңтайлау үшін шетелде көптеген үлгілер қолданылады, соның ішінде көп қолданыс тапқан ол *экономикалық негізделген тапсырыс* моделі (EOQ моделі). Бұл моделдің есептеу механизмі кәсіпорында сатып алу мен сақтау қорының жиынтық қорын төмендетуге негізделген.

Шығындар екі топқа бөлінеді:

- *тауарды тасып жеткізу* (тасымалдау және тауарды қабылдау шығындарын есептегенде);
- кәсіпорын қоймасында *тауарларды сақтау*.

Тапсырыс топтамасы көп болған сайын және материалдарды тасып жеткізу сирек жүргізілсе, соғұрлым материалдарды тасып жеткізу шығынының сомасы төмен болады. Мұны келесі формуламен анықтауға болады:

$$M_{\text{тжс}} = \frac{\text{ШМ}_{\text{жкк}}}{\text{ОШ}_{\text{тт}}} \times K_{\text{оо}},$$

- мұнда $M_{\text{тж}}$ – материалдарды тасып жеткізу шығыны;
 $\text{ШМ}_{\text{жкк}}$ – шикізат пен материалдардың жылдық өндірістік қажеттілік көлемі;
 $\text{ОШ}_{\text{тт}}$ – тапсырыс топтамасының орташа шамасы;
 $K_{\text{оо}}$ – бір тапсырысты орташа орналастыру құны.

Формуладан көретініміз кәсіпорынға шикізатты көп топтамамен тасып әкелу тиімді.

Қоймада *тауарларды сақтау* ($Z_{\text{т сақ}}$) шығынының сомасы келесі формуламен анықталады:

$$K_{\text{т сақ}} = \frac{\text{ОШ}_{\text{тт}}}{2} \times K_{\text{с}},$$

- мұнда $K_{\text{с}}$ – талдау кезеңіндегі тауар бірлігін сақтаудың құны. Бұл көрсеткіш өзгермесе тауарларды қоймада сақтаудың шығынының сомасы азаяды.

7.4. Материалдық ресурстарды тиімді пайдалануды талдау

Материалдық ресурстарды тиімді пайдалануды сипаттау үшін *жалпылама және жекеше* көрсеткіштер жүйесі қолданылады.

Жалпылама көрсеткіштер – бір теңгеге шаққандағы материалдық шығынның пайдасы, материал қайтарымдылығы, материал сыйымдылығы, өндіріс көлемі мен материалдық шығынның өрлеу қарқынының байланыс коэффициенті, өнімнің өзіндік құнындағы материалдық шығынның меншікті салмағы, материалдық шығын коэффициенті.

Бір теңгеге шаққандағы материалдық шығынның пайдасы негізгі қызметтен алынған пайда сомасын материалдық шығын сомасына бөлу арқылы анықталады.

Материал қайтарымдылығы шығарылған өнім құнын материалдық шығын сомасына бөлу арқылы анықталады.

Материал сыйымдылығы материалдық шығын сомасын шығарылған өнім құнына бөлгенге тең.

Өндіріс көлемі мен материалдық шығынның өрлеу қарқынының байланыс коэффициенті жалпы өндіріс өнімінің индексын материалдық шығынның индексіне бөлу арқылы анықталады.

Өнімнің өзіндік құнындағы *материалдық шығынның меншікті салмағы*, материалдық шығын сомасының өндірілген өнімнің толық өзіндік құнына қатынасымен анықталады.

Жекеше көрсеткіштер материалдық қорлардың жеке түрлерін, пайдаланудың тиімділігін сипаттау үшін қолданылады (шикізат сыйымдылығы, металл сыйымдылығы, жанармай сыйымдылығы, энергия сыйымдылығы т.б.).

Бір теңгеге шаққандағы материалдық шығынның пайдасын зерттеу үшін келесі факторлық модель қолданылады:

$$\frac{\Pi}{\text{МШ}} \cdot x \cdot \frac{\Pi}{T} \cdot x \cdot \frac{T}{\text{ӨК}} \cdot x \cdot \frac{\text{ӨК}}{\text{МШ}} = R_{\text{аін}} \cdot D_{\text{оо}} \cdot x \cdot \text{МК},$$

мұнда Π – өнімді өткізуден түскен пайда;

T – өнімді өткізуден түскен түсім;

- $R_{\text{аин}}$ – айналым рентабельділігі;
 $D_{\text{оо}}$ – жалпы өнімдегі өткізілген өнімнің үлесі;
 МҚ – материал қайтарымдылығы;
 ӨК – өнім көлемі;
 МШ – материалдық шығын.

Кесте 7.2. Бір теңгеге шаққандағы материалдық шығынның пайдасын факторлық талдау мәліметтері:

Көрсеткіш	Көрсеткіштің мәні		Өзгеріс
	t_0	t_1	
Өнімді өткізуден түскен пайда (П), мың теңге	15447	18597	+3120
Өнімді өткізуден түскен түсім (Т), мың теңге	83414	97120	+13706
Өнімді шығару көлемі, мың теңге	80000	100320	+20320
Материалдық шығын (МШ), мың теңге	35000	45600	+10600
Айналым рентабельділігі ($R_{\text{аин}}$), %	18,55	19,15	+0,60
Жалпы өнім өндірудегі түсімнің үлесі ($D_{\text{оо}}$)	1,043	0,968	-0,075
Материал қайтарымдылығы (МҚ), теңге	2,286	2,2	-0,086
Бір теңгеге шаққандағы материалдық шығынның пайдасы, тиын	44,22	40,78	-3,44

7.2 кестеге сәйкес есепті жылы бір теңгеге шаққандағы материалдық шығын 3,44 тиынға төмендеді, немесе 7,8 пайызға.

7 тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер

Бақылау сұрақтары

1. Кәсіпорынның материалдық қорлармен қамтамасыз етілуін талдау нені білдіреді?
2. Қоймадағы материалдық артық қорлардың жағдайын талдау әдісін айтыңыз.
3. Оңтайлы топтама тапсырыс және артық қор қалай анықталады?
4. Материал сыйымдылығы көрсеткіші нені білдіреді?
5. Жалпылама және жекеше көрсеткіштер жүйесіне қандай көрсеткіштер жатады?

6. Бір теңгеге шаққандағы материалдық шығынның пайда-сы, материал қайтарымдылығы, өндіріс көлемі мен материалдық шығынның өрлеу қарқынының байланыс коэффициенті, өнімнің өзіндік құнындағы материалдық шығынның меншікті салмағы көрсеткіштері қалай анықталады?

Есептер

1-есеп. Өнімнің материал сыйымдылығының көрсеткішін анықтаңыз, оған жоспардың орындалуын бағалаңыз және оның динамикасын талдаңыз.

Көрсеткіштер	Өткен жыл	Есепті жыл		Өткен жылға пайзбен	Жоспарға пайзбен
		жоспар	факт		
Материалдық қорлардың шығыны, мың теңге	30500	45000	40110		
Шығарылған өнімнің көлемі, мың теңге	45000	80000	85000		
Өнімнің материал сыйымдылығы, %					

2-есеп. Кестеде келтірілген мәліметтерді пайдалана отырып материал сыйымдылығы мен материал қайтарымдылығына талдау жүргізу керек. Қорытынды жаса.

Көрсеткіш	Кезең		Ауытқу (+, -)
	өткен	есепті	
Өндіріс өнімінің материалдық шығындары, мың теңге	120,2	130,25	
Өнім шығару, мың теңге	116,6	119,8	
Материал сыйымдылығы, %			
Материал қайтарымдылығы, %			

3-есеп. Кәсіпорынның материалдық қорлармен қамтамасыз етілуіне талдау жүргіз. Қамтамасыз етілудің жоспарлы және фактілі коэффициенттерін анықта. Қорытынды жаса.

II бөлім. Кәсіпорын деңгейінде басқарушылық (ішкі) талдау тәсілі ♦ 79

Материал түрі	Жоспарлы қажеттілік, тн	Қажеттілікті жабу көздері, тн		Жасалған шарт, тн	Қажеттіліктің шартпен қамтамасыз етілуі, %	Жабдықтаушылардан түскені, тн	Шарттың орындалуы, %
		ішкі	сыртқы				
А	4000	1000	3000	3000		2000	
В	4000	800	2000	1800		1200	
Барлығы:	8000	1800	5000	4800		3200	

8 ТАРАУ.

ӨНІМНІҢ (ЖҰМЫС, ҚЫЗМЕТ) ӨЗІНДІК ҚҰНЫН ТАЛДАУ

- *Өзіндік құнды (жұмыс, қызметті) талдау объектісі, көздері және маңызы*
- *Өндіріске кеткен жалпы соманы талдау*
- *Өнімнің бір теңгеге шаққандағы шығынын талдау*
- *Өнімнің өзіндік құнын элементті және калькуляциялық статьялары бойынша талдау*
- *Тікелей материалдық және жанамалық шығын бойынша талдау*

8.1. Өзіндік құнды (жұмыс, қызмет) талдау объектісі, көздері және маңызы

Өнімнің өзіндік құны – бұл кәсіпорынның өнім өндіруге және таратуға шығарған ақша түріндегі ағымдағы шығыны және оны өндірудегі экономикалық тиімділігінің маңыздылығын көрсететін көрсеткіш. Өзіндік құнның деңгейіне кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижесінің табысты болуы тәуелді.

Өнімнің өзіндік құнын талдау, осы көрсеткіштің өзгеруінің тенденциясын анықтауға, сол деңгейде жоспарды орындауға, оның өсуіне факторлар әсерін, қорларды, сол сияқты кәсіпорын өнімдерінің өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндікті пайдалану жұмыстарына баға беруге жол береді.

Өнімнің өзіндік құнын талдаудың ақпарат көздеріне жататындар:

- «Кәсіпорынның (ұйымның) өнімді (жұмыс, қызмет) өндіруге және таратуға шыққан шығыны туралы есебі» – № 5-з статистикалық есеп беру формасының мәліметтері;
- өнімнің өзіндік құнының жоспарлық және есептік калькуляциясы;
- негізгі және қосалқы өндіріс бойынша синтетикалық және аналитикалық есептің шығыны туралы мәлімет.

Өнімнің өзіндік құнын талдау объектісіне жасатындар:

- жалпы және шығын элементтері бойынша толық өнімнің өзіндік құны;
- шығарылған өнімнің бір теңгеге шаққандағы шығын деңгейі;
- жеке заттардың өзіндік құны;
- шығынның жеке статьялары.

8.2. Өндіріске кеткен жалпы соманы талдау

Шығын – бұл материалдық, қаржылық, еңбектік, табиғи, ақпараттық және басқа ресурстар түрінің өндіріске және өнімді таратуға белгілі бір уақыт аралығындағы салатын құндық ақшалай бағасы.

Өнімнің өзіндік құнын талдауды негізгі элементтері бойынша шығынның жалпы сомасының динамикасын зерртеуден бастайды. *Өнімді өндіруге шыққан шығынның жалпы сомасы мына жағдайда өзгеруі мүмкін:*

- өнімді өндіру көлемі өзгергенде;
- өнімнің құрылымы өзгергенде;
- өнімнің бір бірлігіне шыққан өзгермелі шығын деңгейі өзгергенде;
- тұрақты шығын сомасы өзгергенде.

Өнімді өндіру көлемі өзгергенде тек өзгермелі шығын ғана өседі (өндіріс жұмысшыларының кесімді ақылары, тура материалдық шығын, қызмет), ал тұрақты шығындар (амортизация, жалға алу ақысы, жұмысшылардың және әкімшіліктің, басқару қызметкерлерінің уақытылы еңбекақысы өзгеріссіз қалады.

Жалпы шығын келесі теңдеумен анықталады:

$$Ш_{жалпы} = \sum (\Theta \Theta K_i x b_i) + A,$$

мұнда $Ш_{жалпы}$ – өнімді өндіруге кеткен шығынның жалпы сомасы;

$\Theta \Theta K_i$ – өнімді (қызмет) өндіру көлемі;

b_1 – бір бірлік өнімге (қызметке) шыққан өзгермелі шығын деңгейі;

A – барлық шығарған өнімге шыққан тұрақты шығынның абсолюттік сомасы.

Өнімнің өзіндік құнының шамасы еңбек сыйымдылығы, материал сыйымдылығы, қор сыйымдылығы, энергия сыйымдылығы және инфляцияға байланысты ресурстарды пайдаланған қорлардың бағасының өзгеру деңгейіне байланысты.

Кәсіпорынның қызметін объективті бағалау және өнімнің өзіндік құнын талдау кезінде қорларды толық анықтау мақсатында инфляциялық фактордың әсерін ескеру қажет. Талдау кезінде шығындар элементтері бойынша құрылымдағы өзгерісті бағалау да қажет.

Мысалы: еңбесқақы үлесінің азаюы және амортизация үлесінің көбеюі кәсіпорынның техникалық деңгейінің еңбек өнімділігінің өсуінің көтерілгенін көрсетеді.

8.3. Өнімнің бір теңгеге шаққандағы шығынын талдау

Өнімнің өзіндік құнының маңызды жалпылама көрсеткіші – *өндірілген өнімнің бір теңгеге шаққандағы шығыны*. Ол кәсіпорын бойынша біртұтас алғанда өнімнің шығын сыйымдылығымен сипатталады. Өнімнің бір теңгеге шаққандағы шығыны өндірілген және таратылған өнімнің жалпы шығынының сомасын өндірілген өнімнің қолданыстағы бағасының құнына қатынасымен анықталады:

$$Ш_{1\text{ теңге}} = \frac{Ш_{\text{жалпы}}}{ӨҚ},$$

мұнда: $Ш_{1\text{ теңге}}$ – өнімнің бір теңгеге шаққандағы шығыны;

$Ш_{\text{жалпы}}$ – өнімнің жалпы шығынының сомасы;

$ӨҚ$ – өнімнің қолданыстағы бағасының құны.

Талдау кезінде нақты шығынның жоспарланғаннан және динамикасының ауытқуларын анықтаймыз және нақты шығын деңгейінің пайда болуына әсер ететін факторды анықтау қажет.

Мұндай факторға жататындар:

1. Ассортименттік немесе құрылымдық қозғалыс;
2. Материалдық қорлар мен өнімнің бағасының өзгеруі;
3. Өнімнің жеке түрінің өзіндік құнының өзгеруі.

Бұл факторлардың әсерін анықтау үшін келесі көрсеткіштер есептелінеді.

– жоспар бойынша бір теңгеге шаққандағы өнім шығыны (1 көрсеткіш):

$$\frac{\sum Z_{\text{жоспар}} \times g_{\text{жоспар}}}{\sum P_{\text{жоспар}} \times g_{\text{жоспар}}}$$

– нақты бір теңгеге шаққандағы өнім шығыны (2 көрсеткіш):

$$\frac{\sum Z_{\text{нақты}} \times g_{\text{нақты}}}{\sum P_{\text{нақты}} \times g_{\text{нақты}}}$$

– нақты өнімге және ассортиментке есептегенде жоспар бойынша бір теңгеге шаққандағы өнім шығыны (3 көрсеткіш):

$$\frac{\sum Z_{\text{жоспар}} \times g_{\text{нақты}}}{\sum P_{\text{жоспар}} \times g_{\text{нақты}}}$$

– нақты өндірілген өнімнің жоспарда қабылданған бағасына бір теңгеге шаққандағы шығыны (4 көрсеткіш):

$$\frac{\sum Z_{\text{нақты}} \times g_{\text{нақты}}}{\sum P_{\text{жоспар}} \times g_{\text{нақты}}}$$

мұнда Z – өнімнің бірлігіндегі өзіндік құн;

g – шығарылған өнім көлемі;

P – өнім бірлігінің бағасы.

Әртүрлі ассортименттік қозғалудың әсерін анықтау үшін жоспар бойынша өндірілген әртүрлі ассортименттің және нақты шығарған өнімнің бір теңгеге шаққан шығынан (3 көрсеткіш) өнімнің бір теңгеге шаққан жоспарланған шығынын (1 көрсеткіш) алып тастаймыз.

Бағаның әсерін анықтау үшін бір теңгеге шаққандағы нақты шығыннан (2 көрсеткіш) жоспар бойынша бір теңгеге шаққан нақты шығарылған өнім бағасын (4 көрсеткіш) алып тастау қажет.

Өзіндік құнның әсерін анықтау үшін жоспардағы қабылданған нақты шығарылған өнімнің бір теңгеге шаққан шығынынан (4 көрсеткіш) нақты өнім мен ассортиментіне есептелген жоспар бойынша бір теңгеге шаққан шығынын (3 көрсеткіш) алып тастау қажет. Алынған нәтижені қосамыз. Нәтиже бір теңгеге шаққандағы нақты шығынның жоспардан ауытқуын көрсетеді.

8.4. Өнімнің өзіндік құнын элементі және калькуляциялық статьялары бойынша талдау

Қазіргі уақытта өзіндік құнға енетін шығын құрамы ҚР Салық кодексімен және бухгалтерлік есеп бойынша «Ұйым шығыны» Ережесімен реттеледі.

Өнімнің өзіндік құнына кіретін шығынды оның келесі құрамына байланысты ажыратады:

1. *Жеке немесе технологиялық өзіндік құн* – бұл технологиялық үрдісті жүзеге асыруға кеткен шығын, бұйымды сатып алуға кеткен шығыннан бөлек өнімді даярлау шығыны.

2. *Цехтың өзіндік құны* – бұл өнімді өндіруге шыққан цехтың шығыны, технологиялық өзіндік құнды, жартылай фабрикааттар бағасын және басқа бірлестік бөлімдердің қызметін, бұйымдарды калькуляциялауға шыққан шығындарды және цехтың шығынын қоса есептегенде.

3. *Өндірістік өзіндік құн* – бұл цехтың өзіндік құнын және жалпы шаруашылық шығынын қоса есептегендегі бірлестіктің өнімді өндіруге шығарған шығыны.

4. *Толық өзіндік құн* – өнімді өндіруге және таратуға кеткен шығын сомасы. Оған өндірістік өзіндік құн және таратуға байланысты шығын (комерциялық шығын) кіреді.

Экономикалық мазмұнына байланысты шығын элементтері бойынша шығынға топтастырылып өндірістік сметалық шығынға

құрастырылады. Өндірістік шығын сметасы, ол кәсіпорын қызметіндегі материалдық, еңбек және қаржылық қорларға кететін барлық шығынды көрсетеді. Смета бойынша өндірістің кезеңі мен шығу орнына қарамастан шығынды элементтері бойынша топтастыруды ұсынады.

Сметалық шығынның негізгі талдамасы, экономикалық элементтер бойынша жүйеленген шығын болып есептеледі. Ол нұсқауға, әдістемеге және ережеге сәйкес дәстүрлі түрде жүргізіледі. *Смета шығынын талдау* артықшылығын шығаруды немесе элементтер бойынша үнемдеуді және динамикадағы жоспарланған кезеңмен өндіріске шыққан шығын құрамын салыстыруды анықтаудан тұрады.

Шығынды топтастыру шығу тегіне, өндіру кезеңіне және таратуына қарай калькуляциялау статьясы түрінде көрсетіледі. Калькуляциялық статьяны талдау кезінде нақты шығынды жоспарланғанмен салыстырады. Ондағы мақсат артық шығынды немесе үнемдегенді анықтау. Салыстырар алдында жоспарлы шығын өндірістік өнімнің көлемі бойынша жоспардың орындалу пайызына түзетіледі.

Ең алдымен түзетуге мына статьялар жатады:

1. Материалдық шығын;
2. Сатып алынатын жартылай фабрикааттар және бұйымдар жиынтығы;
3. Әлеуметтік сақтандыруға және еңбекақыға шыққан шығын;
4. Жарамсыз бұйымға (жоспарланған болса) шыққан шығын;
5. Өндірісті даярлауға және меңгеруге шыққан шығын;
6. Құрал-жабдықтарды пайдалануға және сақтауға шыққан шығын;
7. Коммерциялық шығын.

Цехтың және жалпы зауыттық шығын есептелмейді. Статья бойынша үнемдеуді бағалау кезінде шығынды төмендету үшін қабылданған шаралардың тиімді екені әрдайым көрсетіле бермейді.

8.5. Тікелей материалдық және жанамалық шығын бойынша талдау

Материалдық шығынды талдауды берілген шығынның өнімдегі толық өзіндік құнындағы салмағын анықтаудан бастайды. Содан кейін артық шығын немесе үнемдеуді болдыратын факторлар әсерін анықтайды. *Ол факторларға жататындар:*

1. Шығын нормасы (мөлшері);
2. Өнімнің бағалы немесе натуралды бірлігі;
3. Бір шикізаттың түрін басқасымен ауыстыру факторы.

Бірінші және екінші факторлар әсері *айырма әдісімен* анықталады. Шығын мөлшерінің әсерін жоспарлы бағаға мөлшерден ауытқуды көбейту арқылы анықтайды. Бағаның әсерін, баға бойынша ауытқуды шығынның нақты мөлшеріне көбейту арқылы анықтайды.

Жанама шығын келесі кешенді статьяда өнімнің өзіндік құнымен көрсетіледі:

- құрал жабдықтарды сақтауға және қолдануға кеткен шығындар;
- жалпы шаруашылық және өндірістік шығындар;
- коммерциялық шығындар.

Бұл шығындарды талдау кезінде жоспардағы деңгеймен өндірілген өнімді, бір теңгелік нақты шамамен салыстыру арқылы жүргізіледі. Мұндай салыстыру шығарылған өнімнің бағасындағы оның үлесі қалай өзгерді және қандай тенденция байқалады – «өсу немесе төмендету ме»? соны көрсетеді.

Құрал-жабдықтарды пайдалану және сақтау бойынша шығынға құрал-жабдықтарды амортизациялау, оларды жөндеуге және пайдалануға шыққан шығын, жүкті зауыттың ішінде тасмалдау шығыны, құралдардың тозуы және т.б. жатады.

Жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық шығындарды талдаудың маңызы зор, себебі олардың өнімнің өзіндік құнындағы үлес салмағы үлкен. Жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық шығыстың статья бойынша шығынын талдауға аналитикалық,

бухгалтерлік есептің мәліметтерін пайдаланады. Әр статьядан абсолюттік және салыстырмалы өзгерістердің және оның себептерін табады.

Жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық шығындарды талдауда бұйымның өзіндік құнының бірлігін, кәсіпорын бойынша талдау кезінде толық алынған нәтижесін есепке ала отырып жүргізеді.

Өнімнің бір бірлігіне келетін жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық шығын сомасы келесі өзгерістерге байланысты болады:

1. Жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық шығынның жалпы сомасына;

2. Тура шығын сомасына;

3. Өнімді өндіру көлеміне.

Өнімнің бір бірлігіне шаққандағы жалпы өндірістік шығын (ЖӨШ) сомасы келесі өзгерістерге байланысты болады:

1. Цехтың және жалпы цехтық шығынның жалпы сомасы (ЖС_ц);

2. Таратудың базасы болатын тура шығын сомасы (ТШС);

3. Өнімді өндіру көлемі (ӨӨК).

$$ЖӨШ = ЖС_{ц} \times \frac{ТШС}{ӨӨК}$$

Коммерциялық шығынға сатып алушылар өнімін тиегенде, өлшегенде, қаптағанда, жарнамаланғанда, нарықты зерттегенде т.б. шыққан шығынын есептейді. Коммерциялық шығынды талдау нақты шығынмен жоспарланған шығынды салыстыру арқылы жүргізіледі. Жанама шығынды талдаудың қорытындысында оларды қысқарту мүмкіндік қоры саналып, оларды игеру бойынша нақты ұсыныстар жасалады.

8 тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер

Бақылау сұрақтары

1. Өндіріс өнімінің жалпы шығын сомасын талдаудың әдісін айтыңыз.
2. Қор бағасына және қор сыйымдылығына байланысты шығарылған өнімнің өзіндік құнының өзгерісін қалай анықтауға болады?
3. Өнімнің бір теңгеге шаққандағы көрсеткіші қалай есептеледі және нені көрсетеді?
4. Жеке өнім түрлерінің өзіндік құнын талдаудың әдісін айтыңыз.
5. Өнімнің өзіндік құнын төмендетудің резервтерінің негізгі көздерін және анықтау жолын айтыңыз.

Есептер

1-есеп. Бір теңгеге шаққандағы тауар өнімінің динамикасын талдаңыз. Қорытынды жасаңыз.

Жыл	Талданылатын кәсіпорын		Бәсекелес кәсіпорын		Орташа сала бойынша	
	Көрсеткіш деңгейі, %	Өрлеу қарқыны, %	Көрсеткіш деңгейі, %	Өрлеу қарқыны, %	Көрсеткіш деңгейі, %	Өрлеу қарқыны, %
2010	95,2		95,0		95,0	
2011	93,5		95,0		94,5	
2012	90,2		90,0		90,1	
2013	92,2		91,5		93,5	
2014	91,0		92,0		93,0	

2-есеп. Төмендегі кестенің келтірілген мәліметтері бойынша өндіріс шығынына талдау жүргізіңіз. Қорытынды жасаңыз.

Шығын элементтері	Сомасы, мың теңге		Меншікті салмағы, %		Шығын сомасынан ауытқуы		Меншікті салмағынан ауытқуы	
	Базалық кезең	Есептік кезең	Базалық кезең	Есептік кезең	Абсолюттік	Салыстырмалық	Абсолюттік	Салыстырмалық
Шикізат және материалдар	22,1	31,9						
Жанармай	12,1	13,1						
Энергия	6,2	7,4						
Амортизация	9,5	1,9						
Еңбекақы төлеу	29,5	35,0						
Басқа шығындар	61,6	74,0						
Барлығы:	141,0	163,0						

3-есеп. Кестеде келтірілген мәліметтерді пайдалана отырып, жетпейтін көрсеткіштерін анықтай отырып өндіріс өнімінің шығынына талдау жасаңыз. Қорытынды шығар.

Шығын элементтері	Сомасы, мың теңге		Шығын құрылымы, %		Ауытқу (+,-)	
	жоспар	факт	жоспар	факт	Шығын сомасында	Құрылымында
Материалдық шығындар	20000	21000				
Еңбекақы	19500	19800				
Әлеуметтік сфера қорына аударым	5166	5247				

9 ТАРАУ.

КӘСІПОРЫННЫҢ МАРКЕТИНГТІК ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ

- *Маркетингтік қызметті талдаудың мәні мен мақсаты*
- *Өнімді өткізу нарығын талдау және сұраныссыз өнімнің тәуекелділігін бағалау*
- *Кәсіпорынның бағалық саясаты мен оның өнімінің бәсекеге қабілеттілігін талдау*

9.1. Маркетингтік қызметті талдаудың мәні мен мақсаты

Кез келген кәсіпорын қызметі маркетингтік талдау жүргізуден басталады, себебі нарықтық жағдайда кәсіпорынның өзін-өзі қаржыландыруы мен өзін-өзі ақтауға қол жеткізу үшін қажетті шарттар өндірістің тұтынушы мен бәсекелестерге бағытталуы, сонымен қатар өзгермелі нарықтық конъюнктураға икемді бейімделу болып табылады.

Кәсіпорын өндіріс көлемін жоспарламас бұрын, өндірістік қуатты қалыптастырмас бұрын қандай өнімді, қандай көлемде, қай жерде, қай уақытта және қандай бағамен сатылатынын анықтауы қажет. Ал бұл үшін өнімге деген сұранысты, оны өткізу нарығын, оның көлемін, нақты және әлеуетті бәсекелестер мен сатып алушыларды, бәсекелестік баға бойынша өндірісті құру мүмкіндігін, қажетті материалдық ресурстарға қол жетімділікті, қажетті мамандандырылған кадрлар болуын және т.б зерттеу қажет. Осыған ақырғы қаржы нәтижесі мен кәсіпорынның қаржы тұрақтылығы тәуелді болады.

Маркетингтік қызметті талдаудың негізгі мақсаттары келесілер:

- өнімге деген сұраныстың төлеуге қабілеттілігін, оны өткізу нарықтарын және көлем мен ассортиментке сәйкес өнімдерді өткізу мен өндіру жоспарын зерттеу;

- өнімге деген сұраныстың икемділігін құрайтын факторларды талдау, сұраныссыз өнімдердің тәуекелділік деңгейін бағалау;
- өнімнің бәсекеге қабілеттілігін бағалау және оның деңгейін көтеру қорларын табу;
- өнімді өткізудің сұранысы мен ынталандырудың стратегиясын, тактикасын, әдістерін және қалыптастыру жолдарын дайындау;
- өндіріс пен өнімді өткізу тиімділігі мен тұрақтылығын бағалау.

Маркетингтің көмегімен кәсіпорынды жоғары деңгейлі пайдамен қамтамасыз ете алатын жаңа нарықты, жаңа тұтынушыларды, өнімнің жаңа түрлеріне іздеу жүргізіледі.

9.2. Өнімді өткізу нарығын талдау және сұраныссыз өнімнің тәуекелділігін бағалау

Өнімді өткізу нарығына сатылым көлемі, өнімді өткізуден түсетін түсім және алынған пайданың сомасы тәуелді болады. Ең алдымен соңғы 3-5 жыл ішінде өткізу нарығындағы өнімнің әрбір түрінің жағдайының динамикасын зерттеу қажет.

Талдау нәтижесі бойынша тауардың төрт категориясы белгіленеді:

- *«жұлдыздар»* – негізгі пайданы әкеледі және экономикалық өсімге себепкер болады;
- *«сауын сиырлар»* – жетілу сатысында болады, азғантай деңгейде экономикалық өсімге себепші болады, инвестицияны қажет етпейді, пайда әкеледі;
- *«қиын балалар»* – бұл жарнаманы нарыққа ұсынуды қажет ететін жаңа тауарлар, уақытша пайда әкелмейді, бірақ келешекте «жұлдыздар» қатарына кіруі мүмкін;
- *«пайдасыз жүк»* – экономикалық өсімге себепші болмайды, пайда әкелмейді.

Талдау барысында, сонымен қатар әрбір тауардың өмірлік циклі қандай кезеңде тұрғанын ескеру қажет:

а) *нөлдік кезең*, жаңа тауарды даярлау идеясын зерттеу және тексерумен сипатталады;

б) *бірінші кезеңде* (нарыққа енгізуге тауарларды шығару) тауар нарықта табысқа жете ме, жоқ па анықталады;

в) *екінші кезеңде* (сатылымның өсуі мен дамуы) тауар пайда әкеле бастайды, ол барлық шығындарды тез өтейді және пайда көзі болады, бірақ әлі де жарнамаға көп шығындарды қажет етеді;

г) *жсетілген кезеңде* тауардың тұрақты нарығы бар, сұранысқа ие және тұрақты табыс әкеледі;

д) *төртінші кезең* – нарықты молықтыру және құлдырау. Бұл кезеңде алдымен сатылым көлемі аса өзгермейді, шұғыл азаяды.

Мысалы: ешбір өзгеріске ұшырамайтын тауар тұтынушыларды жалықтырады. Талдау нәтижесі кәсіпорын басшыларына нарықтық конъюнктура талаптары мен стратегияға сәйкес тауар ассортиментін жасауға көмегін тигізеді.

Маркетингтік талдаудың негізгі мақсаты – тұтынушылардың сатып алғысы келмеген жағдайдың салдарынан туындайтын сұраныссыз өнімнің тәуекелділігін бағалаумен байланысты, өнімге деген сұранысты зерттеу. Сұраныссыз өнімнің тәуекелділігінің туындауының *ішкі және сыртқы* себептері бар.

Ішкі себептері:

– кәсіпорын қызметкерлерінің өнімге деген сұраныс болжамының дұрыс жасалмауы;

– өткізу нарығындағы баға саясатының дұрыс еместігі;

– шикізат, құрал-саймандар сапасының төмендігі мен қызметкерлер біліктілігінің төмен болу нәтижесінде өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуі;

– өнімді өткізу мен жарнамалау үрдісін тиімсіз ұйымдастыру.

Сыртқы себептері:

– сатып алушылардың төлеуге қабілетсіздігі;

– демографиялық жағдай;

– әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдай және т.б

Сұраныссыз өнімнің тәуекелділігін *жеңуге болатын* және *жеңуге болмайтын* топтарға бөлуге болады. Осы екі топтың біреуіне жатқызу өлшемі, тауарды нарықта алға бастыруға бағытталған пікірдің экономикалық мақсатқа сәйкестігі болып табылады.

Егерде дизайнға, орамаға, жарнамаға өндірісті ұйымдастыруды қайта құру және өткізуге кеткен қосымша шығындар түсім сома-сынан артық болса, онда экономикалық тұрғыдан тиімді және де керсінше. Сұраныссыз өнімнің тәуекелділігі өндірістік және өндірістен кейінгі кезеңдерде ашылуы мүмкін. Егер де сұраныссыз өнімнің тәуекелділігі өндіріс алдындағы кезеңде анықталса, онда шығындар тек нарықты зерттеу, өнімді өңдеуге және т.б. кетеді. Егер де сұраныссыз өнімнің тәуекелділігі өндірістік неме-се өндірістен кейінгі кезеңде анықталса, онда ол кәсіпорынның қаржы жағдайын күрт нашарлатуы мүмкін.

Әрбір тауар өндірілуі керек, егерде оның жеткізіліміне мәлім-деме мен шарт арқылы мақұлданған төлем қабілеті бар сұраным болса. Сұраныссыз өнімнің тәуекелділігін бағалау үшін өнім өндірудің, өнімді жеткізу мәлімдемелері мен келісім-шарттарымен қамтамасыз етілуін талдау керек (9.1 кесте).

Кесте 9.1. Өнімді өндіру жоспарының өнімді жеткізу келісім-шартымен қамтамасыз етілуін талдау

Өнім түрі	Жыл басында дайын өнімнің қалдығы, мың теңге.	Жасалған келісім-шарт бойынша жеткізу көлемі, мың теңге.	Бір жылға өнімді өндіру жоспары, мың теңге.	Өнімді шығарудың келісім-шартпен қамтамасыз етілуі, %
А	150	4800	5760	81,2
В	110	5300	5600	92,8
С	60	3200	2743	114,0
Д	40	2600	1920	132,6

Кестеде С және Д өнімдерін шығару жоспары толықтай өнімді жеткізу келісім-шарттарымен қамтамасыз етілгені көрсетілген. А және В өнімдері бойынша жоспарланған өнім шығымы жеткізу келісім-шартымен 81,2 және 92,8%-ға сәйкес қамтамасыз етілген. Нәтижесі бойынша кәсіпорынға өндіріс құрылымын қайта қарастырып А және В өнімінің меншікті салмағын қысқарту қажет, ал С және Д өнімдерінің үлесін көбейту керек.

Сұраныссыз өнімнің тәуекелділігін диагностикалау үшін, со-ныммен бірге дайын өнімнің қалдықтарының динамикасын талдау

керек. Талдау нәтижесінде өнімнің қандай түрі бойынша келешекте қажетті шаралар қолданып өткізілмеген өнімдердің үлесі күрт өсетінін көрсетуі тиіс.

9.3. Кәсіпорынның бағалық саясаты мен оның өнімінің бәсекеге қабілеттілігін талдау

Кәсіпорынның бағалық саясаты маркетингтік талдаудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бағалар кәсіпорынға жоспарланған пайданы, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін және оған деген сұранысты қамтамасыз етеді. Бағалық саясаттың міндеті, ол кәсіпорынның нарықтағы жағдайға байланысты бағаларының анықталуы.

Бағалық саясатты зерттеу мен өнімге қойылған бағаның дәлелділігін талдау барысында назар аударатын маңызды мәселелер мыналар:

- бағаның қаншалықты шығын деңгейін көрсететінін анықтау;
- бағаның өзгеруіне сатып алушылардың мүмкін болатын реакциясы қандай;
- бағаларды ынталандыру саясатын қолдана ма?;
- бәсекелестермен салыстырғанда кәсіпорын бағалары қаншалықты тартымды;
- берілген кәсіпорындағы бағаны құру саясатының бәсекелестердің бағалық саясатынан айырмашылығы неде;
- бәсекелес фирмалардың бағасының өзгеруі кезінде кәсіпорын қалай қимылдау керек;
- ұқсас тауарларға бағаны құру саласында мемлекеттің саясаты қандай?

Кәсіпорынның бағалық саясаты тауардың өмірлік цикл сатысын ескере отырып түзетілуі керек. Тауарды еңгізу сатысында «қаймағын алу» саясатын қолданады. Өсу сатысында бағаны құру саясаты ұзақ мерзімді келешекке бағытталуы, ал жетілу сатысында қысқа мерзімді пайда алу, ал бәсеңдеу сатысында жаңа тауар келгенше жеңілдік қолданылуы тиіс. Бәсекеге қабілеттілік

деп өнім сипатын айтады, ол бәсеке тауардан берілген тауардың айырмашылығын көрсетеді.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін бағалау сатып алушылар қажеттілігі мен нарық талабын зерттеуге негізделген. Сатып алушылар қажеттілігін қанағаттандыру үшін, тауар белгілі параметрлерге сай болуы керек:

- техникалық (тауардың қасиеті, оны қолдану саласы мен міндеті);
- эргономикалық (еңбек үдерістерін зерттейтін ғылым саласы) – адам ағзасына тауардың сәйкес болуы;
- эстетикалық (тауардың сырт келбеті);
- нормативті (тауардың қызметтегі нормалар мен стандарттарға сай болуы);
- экономикалық (тауарға деген бағаның деңгейі, оған қызмет көрсету, берілген қажеттілікті қанағаттандыру үшін тұтынушы қаражатының мөлшері).

Бәсекеге қабілеттілікті талдау міндеттері:

- өнімнің бәсекеге қабілеттілігін бағалау және болжау;
- бәсекеге қабілеттіліктің деңгейіне әсер ететін факторларды зерттеу;
- өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қажетті деңгейімен қамтамасыз ету бойынша шаралар жасау.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің *жеке, топтық және интегралдық* көрсеткіштері бар. *Жеке көрсеткіштер* қандай да бір техникалық және экономикалық параметрлер деңгейінің сол бәсеке өнімнің параметрлерінің көлеміне пайыздық қатынасын көрсетеді:

$$g = \frac{p}{p*100} * 100$$

- мұнда g – жеке параметрлік көрсеткіш;
 p – зерттеліп жатқан өнім параметрінің деңгейі;
 $p*100$ – үлгі болып алынған және қажеттілікті 100%-ға қанағаттандыратын өнім параметрінің деңгейі.

Топтық көрсеткіш expertтік жолмен анықталған өлшемдік коэффициенті көмегімен параметрлердің бірдей тобы бойынша

(техникалық, экономикалық, эстетикалық) жеке көрсеткіштерді біріктіреді:

$$G = \sum a_i \times g_i,$$

мұнда G – топтық көрсеткіш;
 a_i – өлшемдік коэффициент;
 g_i – жеке көрсеткіш.

Интегралдық көрсеткіш (I) *техникалық параметр бойынша* топтық көрсеткіштің (G) *экономикалық параметрі бойынша* топтық көрсеткіш ($Gэ$) қатынасына тең:

$$I = \frac{G}{Gэ}$$

Егер $I < 1$ болса, онда талданып жатқан өнім үлгісіне қарағанда нашар болады, ал $I > 1$ болса, онда ол өз параметрлері бойынша үлгі-өнімнен немесе бәсеке-өнімнен асып түседі. *Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін көтерудің маңызды бағыты*-тауар қозғалысын толық жетілдіру, сұранысты ынталандырудың күшті құралы болып табылатын сауданы, сатып алушыларға сервистік қызмет көрсетуді, өнімді жарнамалауды ұйымдастыру.

Сауданы ұйымдастыруды талдау барысында кәсіпорынның фирмалық дүкендері бар ма, сауданың қай түрін қолданады (тікелей, көтерме, ұсақ көтерме, бөлшектеп, дилерлер т.б), жалпы сату көлемінде қандай меншікті салмаққа ие және олардың қайсысы аса табысты, айналу шығындар деңгейі қандай, тиімділігін азайтпай шығындарды қалай қысқартуға болатынын анықтау керек.

Сервистік қызмет көрсету мен жарнама бәсекелік күресте сатып алушы үшін күшті фактор болып табылады. Олар қосымша шығынды талап етеді, бірақ сату пайдасының көлемін көбейтеді. Сондықтан талдау барысында кәсіпорын қандай сервистік қызмет көрсетеді және өнімге деген сұранысты бұл қалай ынталандыратынын анықтау керек. Сонымен қатар жарнамаға қанша қаражат жұмсалатынын және оның тиімділігі қандай екенін келесілер арқылы анықтау керек:

- жарнама белсенділігі мен өткізу деңгейі және пайда деңгейі арасында байланыс бар ма?
- бәсекелестердің арасында кәсіпорынның фирмалық белгісі жақсы байқала ма?
- тауар орамасы қаншалықты сатылым көлемінің өсуіне мүмкіндік туғызады.

9 тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер

Бақылау сұрақтары

1. Маркетингтік қызметті талдаудың негізгі мақсаттары мен міндеттері қандай?
2. Талдау нәтижесі бойынша тауардың категориялары қандай?
3. Талдау барысында әрбір тауардың өмірлік циклінің кезеңдері қандай роль атқарады?
4. Сұраныссыз өнімнің тәуекелділігінің ішкі және сыртқы себептеріне сипаттама бер.

Есептер

1 Есеп. Д өніміне сұраным икемділігі берілген.

Бағасы, мың тенге.	Сұраныс көлемі, дана	Өсу қарқыны, %		Сұраным икемділігі коэффици- енті	Көрсеткіштер, мың тенге.		
		Бағалары	Сұраныс көлемі		түсім	шығын	пайда
6,0	3000					13250	
6,25	2850					12837	
6,50	2700					12425	
7,0	2400					11600	
7,50	2150					10912	
7,80	2050					10638	
8,0	1950					10360	
8,20	1870					10142	

Анықтау керек:

1. Бағаның өсу қарқынын және сұраныс көлемін.
2. Сұраным икемділігі коэффициентін.
3. Түсімді және пайданы.

2 Есеп. Келесі мәліметтер берілген. Шарттар (міндеттемелер) бойынша өндіріс өнімінің жоспарының қамтамасыз етілуін талдау керек.

Өнім түрі	Жасалған шарттар бойынша жеткізілген көлем, теңге	Жыл басында даяр өнім қал-дығы, теңге	Жылдық өндіріс өнімінің жоспары, теңге	Өнім өндірудің шарттармен қамтамасыз етілуі, %
I	2	3	4	5
A	4800	150	5760	
B	5300	110	5600	
C	3200	60	2743	
D	2600	40	1920	

Анықтау керек:

1. Өнім өндірудің шарттармен қамтамасыз етілуін.
2. Қорытынды және ұсыныс жасау.

3 Есеп. Баға деңгейін салыстырмалы талдау үшін келесі мәліметтер берілген. Кесте бойынша қорытынды жаса.

Өнім түрі	Ішкі нарықтағы I теңгеге шаққандағы баға деңгейі		
	Талданатын кәсіпорын	Орташа сала бойынша	Бәсекелесуші кәсіпорын
A	5,0	5,0	5,5
B	6,1	6,0	6,4
C	7,0	6,7	6,8
D	7,2	7,0	7,0

III БӨЛІМ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ ӘДІСІ

10 ТАРАУ.

КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАРЖЫ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

- *Талдау мақсаты және ақпарат көздері*
- *Кәсіпорын табысының құрамы мен динамикасын талдау*
- *Өнімді өткізуден алынған қаржы нәтижелерін талдау*
- *Басқа да қаржы табыстары мен шығындарды талдау*
- *Таза табысты үлестіру мен қолдануын талдау*

10.1. Талдау мақсаты және ақпарат көздері

Кәсіпорын қызметінің қаржы нәтижелері алынған пайда сомасы және рентабельдік деңгейімен сипатталады. Кәсіпорын пайдасын ең алдымен өнімді таратудан (ағымдағы қызмет), сонымен қатар басқа да қызмет түрлерінен (қаржы және инвестициялық қызмет) алады.

Пайда – кәсіпорын тікелей алатын, өндіріс және айналым саласында өткізілген үрдіс кезінде жасалған таза табыстың бөлігі. Сандық түрде ол саудадан түскен ақша (қосылған құнына салық, акцизді салық және басқа да бюджет және бюджетті емес қорларға саудадан түскен ақшадан бөлінген сома төленген соң) мен өткізілген өнімнің толық өзіндік құнының айырмашылығын көрсетеді. Демек кәсіпорын тиімді өнімді қаншалықты көп өткізсе, соншалықты көп пайда көреді, соншалықты оның қаржы жағдайы жақсарады. Сондықтан қызметтің қаржы нәтижесін, өнімді қолдану мен өткізудегі тығыз байланыста зерттеу қажет.

Өткізу көлемі және пайда мөлшері, рентабельдік деңгейі кәсіпорынның өндірістік, жабдықтық, өткізушілік және коммерциялық қызметіне байланысты, басқаша айтқанда бұл көрсеткіштер шаруашылықтың барлық жақтарын сипаттайды.

Қызметтің қаржы нәтижесін талдаудағы басты мақсаттары келесілер:

1. Өнімді өткізу және пайда алу жоспарының орындалуын жүйелі түрде бақылау;
2. Өнімді өткізу көлеміне және қаржы нәтижесіне объективті, сонымен қатар субъективті факторлардың әсерін анықтау;
3. Өнімді өткізу көлемін және пайда сомасын көбейту қорын анықтау;
4. Өнімді өткізу көлемін, пайданы және рентабельдігін көбейту мүмкіндігін қолдану бойынша кәсіпорын жұмысын бағалау;
5. Анықталған қорларды қолдану бойынша іс-шаралар дайындау.

Өнімді өткізу мен пайданы талдау кезінде ақпараттың негізгі қайнар көздері өнімді тиеу жүкқұжаты, нәтиже шоты бойынша бухгалтерлік, аналитикалық есеп мәліметтері, «Пайда мен шығындар жөніндегі есеп» формасы, сонымен қатар кәсіпорынның дамуының экономикалық және әлеуметтік жоспарының сәйкес кестелері болып есептеледі.

10.2. Кәсіпорын табысының құрамы мен динамикасын талдау

Талдау барысында келесі пайда көрсеткіштері қолданылады:

- теңгерімдік пайда;
- жұмыс пен қызмет, өнімді өткізуден түскен пайда;
- басқа да өткізулерден түскен пайда;
- өткізуден тыс операциялардың қаржы нәтижесі;
- салық салынатын пайда;
- таза пайда.

Теңгерімдік пайда құрамына жұмыс және қызмет, өнімді өткізуден, басқа да өткізулерден, өткізуден тыс операциялардан түскен табыс пен шығындардан шығатын қаржы нәтижелері кіреді.

Салық салынатын пайда теңгерімдік пайда мен жылжымайтын мүлікке салық, салық салынатын табыс пайдасының (құнды қағаздар бойынша және бірлескен кәсіпорындарда үлескерлікпен қатысудан), рентабельдік деңгейінен алынған пайда, пайдаға салынатын салық бойынша жеңілдіктерді есептеп шығару кезінде есепке алынатын, бюджетке толықтай алып тасталынатын шығындар сомасының айырмашылығын көрсетеді.

Салық салынатын пайда кәсіпорын мен салық ұйымдары үшін үлкен қызығушылықты көрсетеді, себебі табысқа салынатын салық сомасы соған байланысты болады, осыған сәйкес таза пайда сомасы да соған тәуелді. Оның мөлшерін анықтау үшін салық салынғанға дейінгі есеп кезеңінің пайдасынан келесілерді алу керек:

1. Салық салуға қажеттіліктер үшін оны түзету нәтижесінде пайда көлемінің өзгеруі (фактілі табысқа салықты есептеу анықтамасына сәйкес);

2. Арнайы мөлшерлеме бойынша салық салынатын бірлескен кәсіпорындарға үлес қосу арқылы құнды қағаздардан түсетін табыс;

3. Атқарушы заңға сәйкес салық жеңілдіктері бар кәсіпорын бойынша пайда.

Таза пайда деп – барлық салықтар, экономикалық санкциялар мен қайырымдылық қорларға төлемдерден кейін кәсіпорынның еркінде қалатын пайданы айтады.

Талдау барысында теңгерімдік пайданың құрамын, құрылымын, динамикасын және есепті жылғы жоспардың орындалуын зерттеу керек. Табыс динамикасын зерттеу барысында оның сомасының инфляциялық өзгеру факторларын ескеру қажет. Ол үшін сала бойынша кәсіпорын өніміне орташа алынған бағаның өсу индексіне орташа саудадан түскен ақшаны түзетеді, ал өткізілген өнім бойынша шығындарға талдау жасалатын кезеңге қолданылған қорларға бағаларды көтеру нәтижесінде өсімін азайтады.

10.3. Өнімді өткізуден алынған қаржы нәтижелерін талдау

Кәсіпорындар пайданың негізгі бөлігін өнімді өткізу мен қызметтерден алады. Талдау барысында өнімді өткізуден пайда табу жоспарының орындалуы динамикалық зерттеліп, оның сомасының өзгеру факторлары анықталады.

Жалпы кәсіпорын бойынша өнімді өткізуден түсетін пайда бірінші деңгейдегі бағынудың төрт факторына тәуелді:

1. Өнімді өткізу көлеміне ($\Theta\Theta\text{K}$);
2. Өнім құрылымына (ΘK_i);
3. Өнімнің өзіндік құнына ($\Theta\Theta\text{K}_i$);
4. Орташа өткізу бағалары деңгейіне (B_i).

Өнімді өткізу көлемі пайда сомасына оң және теріс әсерін тигізе алады. Рентабельді өнімді сату көлемінің артуы пайданың пропорционалды көбеюіне әкеледі. Егерде өнім шығынды болса, онда өткізу көлемінің ұлғаюы кезінде пайда сомасы азаяды. Тауар өнімінің құрылымы пайда сомасына оң және теріс әсерін тигізе алады. Егер де өткізудің жалпы көлемінде рентабельді өнімнің түрлерінің үлесі көбейсе, онда пайда сомасы өседі және керісінше рентабельдігі төмен немесе шығынды өнімнің үлесінің сомасы артқан кезде пайданың жалпы сомасы азаяды.

Өнімнің өзіндік құны мен пайда кері пропорционалды тәуелділікте болады: өзіндік құнның азайюы пайда сомасының сәйкес өсіміне әкеледі және керісінше. Орташа өткізу бағалары деңгейінің өзгеруі және пайда көлемі тура пропорционалды тәуекелділікте болады: баға деңгейі артқан жағдайда пайда сомасы өседі және керісінше. Осы факторлардың пайда сомасына әсер ету есебін детерминдендірілген факторлы талдау әдісінің бірімен жасауға болады. Сонымен қатар өнімнің жеке түрлерін өткізуден түскен пайданың динамикасы мен жоспарының орындалуын талдау қажет.

Өнімнің жеке түрлерін өткізуден түсетін пайданың факторлы моделі мынандай болып келеді:

$$P_i = \Theta\Theta\text{K}_i \cdot x (\text{B}_i - \Theta\Theta\text{K}_i)$$

10.4. Басқа да қаржы табыстары мен шығындарды талдау

Пайда жоспарын орындау маңызды деңгейде өнімді өткізумен байланыспаған қызметтің қаржы нәтижелеріне тәуелді. Бұл инвестициялық және қаржы қызметтерінен түсетін табыс, сонымен қатар басқа да операциялық табыс пен шығындар.

Талдау негізінде алынған шығындардың динамикасы мен себептері, әрбір нақты жағдайдағы пайданы зерттеуге негізделген. Талдау барысында орындалмаған міндеттемелердің себептері анықталып, жасалған қателерді болдырмау үшін шаралар қолданады.

Аса маңызды назар құнды қағаздар бойынша табысқа аударылады (акция, облигация, вексель, сертификат және т.б.). Талдау барысында бір акцияға шаққандағы дивиденд, акциялардың курсы, таза пайда динамикасы зерттеліп, олардың өсу және кему қарқыны анықталады. Талдау нәтижесінде берілген қызмет түрлері мәліметтерінен шығындарды қысқарту мен алдын алуына бағытталған нақты шаралар жасалады.

10.5. Таза табысты үлестіру мен қолдануын талдау

Талдау барысында кәсіпорынды өздігінен қаржыландыру және жұмысшыларды материалды ынталандыруға жұмсалатын пайда үлесін және өздігінен қаржыландыру сомасымен бір жұмысшыға жұмсалған капиталды салым сомасы, бір жұмысшыға жалақымен төлемдер сомасы сияқты көрсеткіштер динамикасын зерттеу қажет. Сонымен қатар олардың рентабельдік деңгейі, бір жұмысшыға шаққанда пайданың сомасы және негізгі өндірістік қорлардың бір теңгеге шаққандағы пайда сомасы деңгейімен тығыз байланысты екенін зерттеу керек.

Егер де бұл көрсеткіштер басқа кәсіпорындарға қарағанда жоғары болса, немесе өндіріс саласы мәліметтері үшін нормативтегіден жоғары болса, онда кәсіпорынның дамуының келешегі бар. Одан басқа талдау барысында пайданы қолдану бойынша

жоспардың орындалуын зерттеу қажет, ол үшін пайданы қолдану туралы нақты мәліметтерді барлық бағытта жоспар мәліметтерімен салыстырады және пайданы пайдаланудың әрбір бағыты бойынша жоспардан ауытқу себептері анықталады. Жинақтау және тұтыну қорына төлемдер көлемін анықтайтын негізгі факторлар, ол таза пайда сомасының өзгеруімен пайданың сәйкес қорларына төлемдердің коэффициентінің өзгеруінен болуы мүмкін.

Кәсіпорын қорына пайда төлемдерінің сомасы екі фактордың көбейтіндісіне тең: таза пайда мен төлемдер коэффициентінің. Сондықтан олардың әсерін есептеу үшін талдаудың детерминделген факторының әдісінің бірін қолдануға болады. Одан кейін таза пайданың өзгеру факторларының кәсіпорын қорына төлемдер көлеміне әсер етуін зерттеу керек. Ол үшін әрбір фактор есебіне таза пайданың өсімі сәйкес қорға төленген жоспарлы коэффициентке көбейтіледі. Талдаудың маңызды мәселесі ол жинақтау және тұтыну қорларының қаражаттық қолдану жөніндегі мәліметін зерттеу болып табылады. Осы қорлардың қаражаттарының мақсаты, міндеті бар және бекітілген сметаға сәйкес қолданылады.

10 тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер

Бақылау сұрақтары

1. Қаржы нәтижесін талдаудың негізгі мақсаты мен мәлімет көздерін атаңыз.
2. Пайданың негізгі көрсеткіштерін және оларды есептеу әдісін сипаттаңыз.
3. Орташа өткізу баға деңгейін қандай факторлар анықтайды және олардың әсері қалай есептеледі?
4. Операциялық және өткізуден тыс қаржы нәтижесін талдау қалай жүргізіледі?
5. Рентабельдіктің негізгі көрсеткіштерін және есептеу әдісін сипаттаңыз.
6. Пайданы арттырудың негізгі резервтік көздерін атаңыз және оны есептеу әдісін көрсетіңіз.

Есептер

1-есеп. Есепті жылдағы теңгерімдік пайданың құрамына, динамикасына және жоспарының орындалуына талдау жүргіз. Қорытынды жаса. Кестеге ат беру керек.

	Алдыңғы жыл		Есепті жыл			
	жоспар	факт	жоспар		факт	
	сомасы, млн. тг	құры- лымы, %	сомасы, млн. тг	құры- лымы, %	сомасы, млн. тг	құры- лымы, %
Теңгерімдік пайда	15000	100	17900	100	20000	100
Өнімді өткізуден түскен пайда	14500		17900	100	19296	
Басқа өткізуден түскен пайда	-	-	-	-	-	-
Өткізуден тыс қаржылық нәтиже	500		-	-	704	

2-есеп. Бастапқы деректер негізінде өнімді өткізуден түскен пайдаға факторлық талдау жүргізу қажет. Қорытынды жаса. Мәліметтер млн. теңгемен берілген.

Көрсеткіш	Жоспар	Нақты сағу көлеміне есептелген жоспар	Факт
Қосымша құн салығын, акциздік салықты және басқа түсім аударымдарын алып тастағандағы өнімді өткізуден түскен түсім (Т)	95250	96600	99935
Өнімді өткізудің толық өзіндік құны (ӨҚ)	77350	78322	80639
Өнімді өткізуден түскен пайда (П)	17900	18278	19296

3-есеп. Өнімнің рентабельділік деңгейін анықта, өзгерістерді тап, қорытынды шығар.

Көрсеткіштер	Есепті жыл		Жоспардың пайыздық орындалуы
	жоспар	факт	
Сағудан түскен пайда, мың тг	8680	9240	
Өткізген өнімнің өзіндік құны, мың тг	24820	24900	
Өнімнің рентабельділігі, %			

11 ТАРАУ.

КАПИТАЛДЫ ҚҰРУ МЕН ОНЫ ОРНАЛАСТЫРУДЫ ТАЛДАУ

- *Ақпарат қайнар көзі, мәні және мақсаты*
- *Кәсіпорын капиталын құрудың қайнар көздерін талдау*
- *Кәсіпорын активтерінің құрылымын талдау*
- *Негізгі және айналымдағы капиталдың динамикасын, құрамын және құрылымын талдау*
- *Дебиторлық қарыздың және қорлардың жағдайын талдау*

11.1. Ақпарат қайнар көзі, мәні және мақсаты

Қызметтің кез-келген саласында ақырғы нәтиже қаржы ресурстарын қолданудың бары мен тиімділігімен байланысты. Қаржы жағдайы кез-келген кәсіпорын қызметінің маңызды жағы болып табылады. Нарықтық экономика жағдайында бұл сұрақтар аса маңызды болып келеді.

Кәсіпорын басқармасы, өз қызметін қандай ресурстың қайнар көзі арқылы жүзеге асыратыны және өз капиталын қандай қызмет саласына жұмсайтынын анық елестете алуы керек.

Негізгі мақсаттар:

- кәсіпорын капиталын құру қайнар көздерінің құрамы, құрылымы және динамикасын зерттеу;
- олардың көлемінің өзгеру факторларын анықтау;
- капиталдың жеке қайнар көздерінің бағасын, орта өлшемдік бағасын және бағаның өзгеру факторын анықтау;
- кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы деңгейінің ұлғаю көзқарасынан пассивті баланста болған өзгерістерді бағалау;
- меншікті және қарыз капиталы қағынасының қолайлы нұсқасын дәлелдеу.

Кәсіпорын капиталын орналастыру және қалыптастыруды талдаудың негізгі *ақпараттық қайнар көздері* болып бухгалтерлік баланс, пайда мен шығындар туралы есеп, капиталдың өзгеруі

туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, алынған қаражатты мақсатты пайдалану туралы есеп, балансқа қосымша, алғашқы аналитикалық бухгалтерлік есеп мәліметтері есептеледі.

11.2. Кәсіпорын капиталын құрудың қайнар көздерін талдау

Капитал – бұл пайда алу мақсатында өз қызметін жүзеге асыру үшін шаруашылықпен айналысатын субъект ие болатын қаражат. Кәсіпорын капиталы *меншікті*, сонымен бірге *қарыз* қайнар көздері есебінен құрылады.

Қаржыландырудың негізгі қайнар көзі *жеке меншік* капиталы болып табылады. Оның құрамына жарғылық капитал, резервтік және қосымша капитал, бөлінбеген пайда, мақсатты қаржыландыру қаражаттары кіреді.

Жарғылық капитал – жарғылық қызметті қамтамасыз ету үшін құрылтайшылардың қаражат сомасы. Ол:

- мемлекеттік кәсіпорындарда толық шаруашылық жүргізу құқығында кәсіпорынға мемлекет бекіткен меншік құны;
- акционерлік кәсіпорындарда акцияның кесімді құны;
- жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер үшін меншік иелері үлестерінің сомасы.

Меншікті капиталды толтырудың негізгі қайнар көзі кәсіпорын пайдасы болып табылады. Ішкі қайнар көздері құрамында аса маңызды үлес салмағын амортизациялық аударым сомасы алады, олар меншікті капиталдың сомасын арттырмайды, оның қайта инвестициялау қаражаты болып табылады. Меншікті капиталдың басқа формаларына меншікті жалға беруден алынған пайда жатады және кәсіпорындардың меншікті капиталын құрудағы аса маңызды рөлін атқармайды.

Меншікті капиталды құрудың *сыртқы* қайнар көздерінің құрамының негізгі үлесін акциялардың қосымша эмиссиясы алады. Басқа да сыртқы қайнар көздерінің ішіне қайырымдылық жағдайда жеке және заңды тұлғалар кәсіпорынға тегін беретін материалдық және материалдық емес активтері жатады.

Қарыз капиталы – бұл банктер мен қаржы компанияларының несиесі, займдар, несиелік қарыз. Жұмылдылу мақсаты бойынша қарыз қаражаты келесі түрлерге бөлінеді:

- негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді ұдайы өндірісі үшін жұмылдыратын қаражат;
- айналым активтерін толтыру үшін жұмылдырылатын қаражаттар;
- әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жұмылдырылатын қаражаттар.

Жұмылдыру формасы бойынша заемдық қаражаттар ақшалай формасында, жабдық формасында, тауар формасында және басқа да формаларда бола алады. Жұмылдырудың қайнар көздері бойынша сыртқы және ішкі болып бөлінеді. *Өтеу жеделдігі бойынша* – ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді болып бөлінеді.

Қамтамасыз ету формасы бойынша – кепіл мен кепілдік салу, кепілге алу мен қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген түрлерге бөлінеді. Капитал құрылымын талдау кезінде оның әр құрамды бөлігінің ерекшелігін ескеру керек. Меншікті және қарыз капиталының қатынасының қаншалықты оптимальды болуы кәсіпорынның қаржы жағдайына байланысты.

Талдау барысында меншікті және қарыз капиталының құрамын жете зерттеп, оның қосылғыштарының жеке түрлерінің өзгеру себепін анықтап, есепті мерзімдегі бұл өзгерістерге баға беру керек. Меншікті капиталдың өзгеру факторларын «Капиталдың өзгеруі туралы есеп» мәліметтері мен аналитикалық бухгалтерлік есеп мәліметтері бойынша анықтауға болады.

Меншікті капиталдың өсу қарқыны есеп мерзімінің қайта инвестицияланған табысының сомасының меншікті капиталға қатынасы ретінде есептеледі, және келесі факторларға байланысты:

1. *Айналымның рентабелділігі:*

$$R_{\text{айн рента}} = \frac{\text{Таза пайда}}{\text{Түскен ақша}}$$

2. *Капитал айналымдылығы:*

Түскен ақша

$$K_{\text{кап айн}} = \frac{\text{Түскен ақша}}{\text{Меншікті капиталдың орта жылдық сомасы}}$$

3. *Капитал мультипликаторы:*

Баланс активтерінің орта жылдық сомасы

$$K_{\text{м}} = \frac{\text{Баланс активтерінің орта жылдық сомасы}}{\text{Меншікті капиталдың орта жылдық сомасы}}$$

Берілген көрсеткіштер қарыз қаражатын жұмылдыру бойынша кәсіпорынның қаржы белсенділігін сипаттайды.

4. *Өнеркәсіпті дамытуға бөлінген таза пайда үлесі:*

Қайта инвестицияланған пайда

$$D_{\text{инв}} = \frac{\text{Қайта инвестицияланған пайда}}{\text{Таза пайданың сомасы}}$$

Меншікті капиталдың өсу қарқынының өзгеруіне берілген фактілердің әсерін есептеу үшін келесі модельді қолдануға болады (модель А.Д. Шеремет және Р.С. Сайфулинмен ұсынылған):

$$T \uparrow MK = \frac{P_k}{MK} \times \frac{TP}{T_a} \times \frac{T_n}{K_{\text{ж}}} \times \frac{K_{\text{ж}}}{MK} \times \frac{P_k}{TP} = R_{\text{айн ренг}} \times K_{\text{кап айн}} \times K_{\text{м}} \times D_{\text{кп}}$$

мұнда: $T \uparrow MK$ – меншікті капиталдың өсу қарқыны;

P_k – капиталға айналдырылған пайда сомасы;

MK – меншікті капитал;

TP – таза пайда;

T_a – түскен ақша;

$K_{\text{ж}}$ – капиталдың жалпы сомасы;

$R_{\text{айн ренг}}$ – айналым рентабельділігі;

$K_{\text{кап айн}}$ – капитал айналымдылығы;

$K_{\text{м}}$ – капитал мультипликаторы;

$D_{\text{кп}}$ – капиталға айналдырылған пайда үлесі.

Берілген факторлардың әсерін есептеуді факторлы талдаудың детерминделген әдісінің бірімен жасауға болады. Сонымен қатар кәсіпорынның капиталын құру құрылымын бағалау үшін

өзін-өзі қаржыландыру коэффициентін есептейді. Ол өзін-өзі қаржыландыру табыс сомасының қаржы табысының ішкі және сыртқы қайнар көздерінің жалпы сомасына қатынасымен анықталады. Қаржы табысының *ішкі қайнар көздері*:

- таза пайда;
- амортизация.

Қаржы табысының *сыртқы қайнар көздері*:

- қарыздар;
- акцияларды шығару.

Заемдық капиталдың құрылымын талдау. Кәсіпорынның қаржы жағдайына қарыз қаражаттарының құрамы мен құрылымы үлкен әсер етеді. Кәсіпорын айналымында қарыз қаражаттарын жұмылдыру қалыпты жағдай. Ұзақ мерзімге айналымда тоқтамау және уақытылы қайтарылу шарты уақытша қаржы жағдайын жақсартады. Әйтпесе мерзімі өтіп кеткен несиелік қарыз пайда болады, ол ақырында айыппұл төлеміне және қаржы жағдайының нашарлауына әкелді. Сондықтан талдау барысында қор жеткізушілерге еңбекақы төлеу бойынша кәсіпорын жұмыскерлеріне бюджетке несие қарыздарының пайда болу мерзімі мен құрамын зерттеп, төлемдердің мерзімін өткізген үшін төленген өсімақы сомасын анықтау бухгалтерлік балансына қосымша есеп формасының мәліметтерін, алғашқы және аналитикалық бухгалтерлік есеп мәліметтері не үшін қолданылатынын зерттеу керек.

Кәсіпорын айналымында несие қарызын қолданудың *орташа ұзақтығын* ($\Pi_{ик}$) былай есептейді:

$$\Pi_{ик} = \frac{\text{несие қарызының орташа қалдығы } x \text{ есеп беру кезеңінің күндері}}{\text{несие қарызының өтелген сомасы}}$$


Ұзақ мерзімді қарыз капиталын талдау барысында ұзақ мерзімді несиелерді талап ету мерзімін зерттеу маңызды. Кредиторлық қарызды талдай отырып, оның дебиторлық қарызды өтеудің қайнар көзі болып табылатынын да ескеру керек. Сондықтан дебиторлық және кредиторлық қарыздың сомасын салыстыру қажет.

11.3. Кәсіпорын активтерінің құрылымын талдау

Кәсіпорынның қаржы жағдайы мен тұрақтылығын талдағанда кәсіпорындар қандай мүлікке ие, капитал қандай активке салынған және олар қандай табыс әкелетініне тәуелді екенін талдау қажет.

Капиталды орналастыру туралы мәлімет баланс активтерінде болады. Орналастырған капиталдың әрбір түріне баланстың белгі бір бабы сәйкес келеді. Осы мәліметтер бойынша кәсіпорын активтерінде қандай өзгерістер болды, кәсіпорынның қандай бөлігі мүлік, ал қандай бөлігін кәсіпорынның айналымдық қаражаты алады, соның ішінде өндіріс сферасында және айналым сферасында қандай өзгерістер болғанын анықтауға болады (1сурет).

Баланс активтер баптарын топтаудың басты белгісі олардың өтімділік деңгейі болып саналады. Осы белгі бойынша баланс активтерінің барлығы ұзақ мерзімді немесе негізгі капиталға және айналым активтеріне бөлінеді.



Сурет 11.1. Кәсіпорын активтерінің топталуы.

Кәсіпорын қаражаттары ішкі айналыммен қатар одан тыс жерлерде де (дебиторлық қарыз, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қаржы салымдары, банктер шоттарындағы ақша қаражаты) қолданыла алады. Капитал ақшалай және материалдық формаларда жұмыс істейді. Инфляция кезінде ақша түрінде қаражат табу олардың сатып алушылық қабілеттілігінің төмендеуіне әкеледі, себебі бұл баптар инфляцияға байланысты қайта бағаланбайды. Инфляциялық үрдіске шалдыққыштық деңгейіне байланысты баланстың барлық тармақтары *монетарлық* және *монетарлық* емес болып бөлінеді.

Монетарлық активтер – ағымдағы ақша бағасында міндеттер мен қаражаттарды көрсететін баланс тараулары. Оған ақша қаражаттары, депозиттер, қысқа мерзімді қаржы салымдары, есептегі қаражаттар жатады.

Монетарлық емес активтер – негізгі қаражаттар, аяқталмаған күрделі құрылыс, өндірістік қорлар, аяқталмаған өндіріс, дайын өнім, сатуға арналған тауарлар. Бұл активтердің нақты құны уақыт өте келе бағаның өзгеруімен өзгереді және қайта бағалауды талап етеді. Кәсіпорын қаражаттарын орналастыру қаржылық қызметте және оның тиімділігін арттыруда үлкен мәнге ие.

Негізгі және айналымдағы қаражатқа қандай инвестиция салынды, өндіріс пен айналым саласында олар қанша бар, ақшалы және материалдық формада ма, олардың қатынасының қаншалықты қолайлылығы, көбінесе өндірістік және қаржы қызметінің нәтижесіне, сонымен қатар кәсіпорынның қаржы тұрақтылығына байланысты.

Егер кәсіпорынның өндірістік қуаты материалдық қорлардың жоқ болуына байланысты толық жеткіліксіз қолданылмаса, онда ол кәсіпорынның қаржы нәтижелігі мен оның қаржы жағдайына теріс әсерін тигізеді. Қолда бар өндірістік күште тез арада қайта өндіруден өте алмайтын артық өндірістік қорлар пайда болса, тура осындай жағдай туады. Қорытындысында капитал тоқтатылып оның айналымдылығы бәсеңдеп және нәтижесінде қаржы жағдайы нашарлайды.

Талдау барысында ең алдымен кәсіпорын активтерінің динамикасын, олардың құрамындағы өзгерістерді зерттеп оларға баға беру керек. Ол үшін активтерге *вертикалды* және *көлденең* талдаулар жүргізіледі. Кәсіпорынның іскерлік белсенділігін тек қана келесі негізгі көрсеткіштердің өсу қарқынының қатынасы бойынша бағалауға болады: жиынтық активтер (Такт), сату көлемі (Түрп) және пайда (Тп):

$$100 \% < \text{Такт} < \text{Түрп} < \text{Тп}$$

Бірінші теңсіздік ($100 \% < \text{Такт}$) кәсіпорынның экономикалық мүмкіндігі мен өз қызметінің қарқынын ұлғайтатынын көрсетеді.

Екінші теңсіздік ($Tv_{rp} < Tv_{rp}$) сату көлемі экономикалық мүмкіндікке қарағанда тез өсетінін көрсетеді және ол кәсіпорында қорларды қолдану қарқындылығын сипаттайды.

Үшінші теңсіздік ($Tv_{rp} < Tп$) кәсіпорын пайдасының өнімді сату көлеміне және сату рентабельділігінің деңгейінің өсуіне байланысты жиынтық капиталына қарағанда тез өсетінін көрсетеді.

Берілген қатынастарды «*кәсіпорын экономикасының алтын ережелері*» деп атайды. Егер берілген сәйкестіктер орындалса, онда бұл кәсіпорынның динамикалық дамуы мен оның қаржы жағдайының нығайуын көрсетеді.

Жалпы валюта теңгерімінде айтарлықтай меншікті салмақты монетарлық активтер алады. Егер монетарлық активтер монетарлық пассивтерден (банк несиесі, алынған авансты есептемегендегі кредиторлық берешегі және басқа да жұмылдырылған қаражаттар) көп болса, онда баға өсуі мен ақша бірлігін сатып алу белсенділігінің бәсеңдеуі кезінде кәсіпорын осы активтердің құнсыздануының салдарынан шығынға ұшырайды және керісінше инфляция кезінде қарыздардың құнсыздануынан кәсіпорынның өзіндік капиталының нақты көлемі өседі. Нәтижесінде инфляция әсері оң болуымен қатар теріс болуы да мүмкін.

Инфляциялық тетіктің салдарынан *меншікті капиталдың мөлшерінің өзгеруін* (монетарлы активтер мен монеталы пассивтердің қатынасы) келесідей формуламен анықтауға болады:

$$\Delta MK = (MP - MA) \times I,$$

мұнда: MA – зерттейтін кезеңдегі монетарлық активтердің орташа сомасы;

MP – зерттейтін кезеңдегі монетарлық пассивтердің орташа сомасы;

I – зерттейтін кезеңдегі инфляция қарқыны.

11.4. Негізгі және айналымдағы капиталдың динамикасын, құрамын және құрылымын талдау

Негізгі капитал – жылжымайтын мүлік, облигация, пайдалы қазбалар қорына, бірлескен кәсіпорындарға және т.б. ұзақ уақытқа салынған қаражат. Негізгі капиталдың құрамына материалдық емес активтер, негізгі құрал-жабдықтар, аяқталмаған капиталдық салымдар, ұзақ мерзімді қаржы салымдары жатады.

Аса маңызды назар негізгі құрал-жабдықтардың жағдайын, динамикасын және құрылымын зерттеуге аударылады, себебі ол кәсіпорынның ұзақ мерзімді активтерінде үлкен үлес салмағын алады. Бұл тарау бойынша соманың өзгеруі, машиналардың санының көбеюі мен азаюы, жаңа сатып алынған объектілердің бағасын арттыру мен инфляцияға байланысты ескісін қайта бағалау салдарынан да болады.

Талдау барысында инвестициялық портфельдің құрамы мен динамикасын, есеп кезеңінің құрылымын және оның өзгеруін, жалпы және жеке қаржы құралдарының табыстылығын зертту қажет. Негізгі капиталдың құрамындағы маңызды үлесін материалдық емес активтер алады. Материалдық емес активтерге салынған инвестиция амортизациялық аударым салдарынан, оларды қолдану нәтижесінде және кәсіпорын алатын қосымша табыс нәтижесінде белгілі мерзімде өзін-өзі ақтайды. Материалдық емес активтер құрылымы мен динамикасын талдауды кәсіпорын балансының мәліметтері мен оған қосымша бойынша жүргізуге болады.

Капиталды орналастыруды талдау кезінде капиталдың аса жинақылық бөлігі ретінде айналымдағы активтердің құрамы мен динамикасының өзгеруін бағалауға аса маңызды назар аудару керек. Айналымдағы активтердің жағдайына, маңызды деңгейде кәсіпорынның қаржы жағдайы тәуелді болады. Айналым капиталының құрылымының тұрақтылығы өнімді өндіру мен өткізу үрдісінің жақсы, тұрақты қалыптасқанын және керісінше, маңызды құрылымды өзгерістер кәсіпорын жұмысының тұрақсыздығының белгісі екенін есте сақтау қажет.

11.5. Дебиторлы қарыздың және қорлардың жағдайын талдау

Кәсіпорынның қаржы жағдайы мен айналымдағы активтерге салынған капиталдың айналымдылығына *дебиторлы қарыздың* көбеюі немесе азаюы үлкен әсер етеді. Талдау жүргізген кезде ақпарат қайнар көзі: баланс, алғашқы және аналитикалық бухгалтерлік есеп, сонымен қатар «Балансқа қосымша» формасы жатады. Айналымды активтерде дебиторлы қарыздың үлесі мен дебиторлы қарыздың тез өсуі, сатып алушыларға қатысты кәсіпорындардың несие саясатының абайсыз жүргізілгенін көрсетеді, немесе сатылым көлемінің өсуі, төлеуге қабілетсіздік пен сатып алушылар бөлігінің банкротқа ұшырауын көрсетеді.

Дебиторлы қарыздың қысқаруы осы өтеу кезеңінің қысқару салдарынан болса, онда ол оң бағаланады. Егер де дебиторлы қарыз өнімді тиеуінің қысқаруынан азайса, бұл кәсіпорынның іскерлі белсенділігінің төмендеуін көрсетеді. Сондықтан дебиторлы қарыздың өсуі теріс болып, ал азаюы оң болып бағалануы үнемі болып тұрмайды.

Қалыпты және мерзімі өткен қарыздың айырмашылығын білу керек. *Мерзімі өтіп кеткен* қарыздың болуы қаржы қиындықтарын туғызады (өндірістік қорларды алу үшін, жалақыны төлеу және т.б. үшін қаржы ресурстарының жетіспеушілігі сезіледі). Мерзімі өтіп кеткен дебиторлы қарыз, ол қарызды өтемеу және пайданың азаюына әкеледі. Сондықтан әрбір кәсіпорын өздеріне қатысты төлемдерді өтеу мерзімін қысқартуға тырысулары қажет.

Талдау барысында дебиторлы қарыздың динамикасын, құрамын, себебін және алады-ала пайда болуын зерттеу қажет, сома құрамында төлете алмайтын немесе арыз мерзімі өтіп кеткен сомалары жоқ па анықтау керек. Егер де ондай болса төлету бойынша (вексель жасау, сот органдарына арыздану) шаралар қолдану керек. Дебиторлы қарыздың сапасы мен жойылымдылығын зерттеу керек. Ол үшін *дебиторлы қарыздың айналымдылық кезеңі* ($D_{ак}$) немесе қарызды инкассациялау көрсеткіші қолданылады:

дебиторлы қарыздың орташа қалдығы

$$D_{\text{ак}} = \frac{\text{дебиторлы қарыздың орташа қалдығы}}{\text{кезеңдегі өтелген дебиторлы қарыздың сомасы}} \times \text{кезең күндері.}$$

Қарыздарды инкасациялау кезеңі, ол тауарды тиеу мен сатып алушылардан ол тауар үшін қолма-қол ақша алудың арасындағы уақытқа тең. Дебиторлы қарыздың сапасын сипаттау үшін дебиторлы қарыздың ортақ сомасындағы *күмәнді қарыздар бойынша қор үлесі* деген көрсеткіш анықталады. Берілген көрсеткіш деңгейінің өсуі дебиторлы қарыз сапасының төмендегенін көрсетеді. Төлеу мәселесінің аса маңыздылығы инфляция кезінде туындайды. Дебитордың уақытында төленбеген шоттардың салдарынан кәсіпорынның ұшыраған шығындарын санау үшін, мерзімі өтіп кеткен дебиторлы қарыздан сол кезеңдегі инфляция индексіне дұрысталған оның сомасын алып тастау керек.

Кәсіпорынның қаржы жағдайы мен оның өндірістік нәтижесіне *өндірістік қорлардың жағдайы* әсер етеді. Өндірістің қалыпты жүруі мен өнімді өткізу мақсатында сақтаулы қорлар қолайлы болуы керек. Сақтаулы қорлардың меншікті салмағының көбеюі мынаны көрсетеді:

- кәсіпорын қызметінің көлемінің кеңеюін;
- инфляция әсерінен қаржы қаражатын құнсызданудан сақтап қалуға ұмтылуын;
- қорларды тиімді емес басқару, мұның салдарынан капиталдың көп бөлігі қорларда ұзақ уақыт тұрып қалады, оның айналымдылығы бәсеңдейді, шикізат пен материалдың бұзылуы көбейеді, қойма шығындары өседі, бұл ақырғы нәтижесіне теріс әсерін тигізеді.

Берілген уақыттағы қорлардың (шикізат, материалдар, отын) *жетіспеушілігі* де кәсіпорын қызметінің өндірістік және қаржы нәтижелігіне теріс әсерін тигізеді. Сондықтан әрбір кәсіпорын өндіріс уақытылы және толық көлемде барлық қажетті ресурстармен қамтылған болуы тиістігіне және осы ресурстар қоймада ұзақ уақыт жатып қалмауы керектігіне тырысу қажет.

Қорлардың жағдайын талдауды, оның динамикасын және фактілі қалдықтар мен жоспарлы қажеттілік сәйкестігін тексеруден бастау қажет. Құнды түріндегі өндірістік қордың мөлшері, сандық

және сонымен қатар құнды (инфляциялық) факторлар әсерінен өзгеруі мүмкін. Шикізаттар мен материалдар қорларындағы *капиталдың айналым кезеңі* ($K_{ак}$) түзеу кезінен өндіріске беру кезіне дейін оның қоймада сақталу уақытына тең.

Ол келесідей анықталады:

$$K_{ак} = \frac{\text{өндірістік қорлардың орташа қалдықтары}}{\text{есепті кезеңдегі жұмысалған сақтаулы қорлар сомасы}} \cdot x \text{ кезең күндері.}$$

Қордағы капитал айналымдылығының бәсеңдеуі артық жүрмейтін, тұрып қалған материалдың салдарынан және сонымен қатар болжалды инфляция мен жетіспеушіліктің өрлеу қарқынының себебінен қосымша қорларды сатып алу әсерінен болуы мүмкін. Қорларды жедел басқару үшін әрбір түрі бойынша олардың айналымдылығына жете, толық талдау жүргізеді. Ол үшін қордың орташа қалдығы оның бір күндік орташа шығынына бөлінеді.

Соңғы кездері көптеген кәсіпорындарда айналымдағы активтерде меңшікті салмақты *дайын өнім* алады. Ол бәсекеслестіктің өсуіне, өнімді өткізу нарығынан айырылу, өнімге деген сұраныстың азаюы, өнімнің өзіндік құнының көптігі, шығару және тиеудің қалыпсыз болуына байланысты. Дайын өнім қалдығының көбеюі айналым капиталының ұзақ уақытқа тоқтап қалуы, қолма-қол ақшаның болмауы, несие мен оның пайыздарын төлеуге қажеттілік, жеткізушілерге, бюджет, кәсіпорын жұмыскерлеріне еңбек ақысын төлеу бойынша несие қарыздарының өсуіне әкеледі.

Дайын өнімде капитал табу ұзақтығы өндіруден түсу кезінен сатып алушыларға тиеу кезіне дейін дайын өнімнің қоймада сақтау уақытына тең:

$$K_{до} = \frac{\text{«дайын өнім» есебі бойынша орташа қалдық}}{\text{«дайын өнім» есебі бойынша несие айналымының сомасы}} \cdot x \text{ кезең күндері.}$$

Дайын өнімнің әрбір түрі бойынша, нормативтен тыс қалдықтардың пайда болу салдарын, ұзақтығын және құрамын талдау үшін аналитикалық және қоймалық мәліметтер, өткізу бөлімінің

оперативті мәліметтері, маркетинг, инвентаризация қызметін қолданады. Кәсіпорын айналымдық активтерінде үлкен үлесті *аяқталмаған өндіріс* алады. Аяқталмаған өндіріс қалдықтарының көбеюі бір жағынан өнеркәсіптің кеңеюін, ал екінші жағынан берілген кезеңдегі капиталдың айналымдылығының бәсеңдеуін көрсетеді. *Аяқталмаған* өндіріс кезегіндегі капиталды табу ұзақтығы өнім өндіру уақытына тең:

$$K_{\text{ав}} = \frac{\text{аяқталмаған өндірістің орташа қалдықтары}}{\text{есеп беру кезеңінде шығарылған өнімдердің өзіндік құны}} \cdot x \text{ кезең күндері.}$$

Сонымен қатар өнімнің әрбір түрі бойынша өндіру үрдісінің ұзақтығын талдап оның өзгеру факторларын анықтау керек. Өндірістік циклдің ұзақтығы өндірістің белсенділігіне, технологиясына, өндірісті ұйымдастыруға, материалдық-техникалық жабдықтауға және т.б. тәуелді болады. Оның қысқаруы кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің өсуін көрсетеді.

11 тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер

Бақылау сұрақтары

1. Кәсіпорын капиталын орналастыру және қалыптастыруды талдаудың негізгі ақпараттық қайнар көздері болып не есептеледі?
2. Капитал, жеке меншік капитал, жарғылық капитал және қарыз капиталдары дегеніміз не?
3. Қаржы табысының ішкі қайнар көздеріне не жатады?
4. Кәсіпорындар активтерінің құрылымын талдау қалай жүргізіледі?
5. Негізгі капитал дегеніміз не, оның құрамы қандай?

Есептер

1-есеп. Қолда бар мәлімет бойынша капиталдың айналымдылық коэффициентін, капитал сыйымдылығын, базистік және

есепті кезеңде бір айналым капиталының ұзақтығын есепте. Кезеңдегі күн саны – 360.

Көрсеткіш	Өткен кезең	Есепті кезең
Өнім бірлігінің бағасы, теңге	75	80
Өнім өндіру көлемі, теңге	8000	8700
Капиталдың орташа құны, теңге	200000	220000

2-есеп. Капитал көзінің динамикасын және құрылымын талда. Кестеге ат бер.

Капитал көзі	Қолда бар құралдар, мың теңге			Құралдар құрылымы, %		
	Кезең басына	Кезең аяғына	Ауытқу (+,-)	Кезең басына	Кезең аяғына	Ауытқу
Меншікті капитал	25200	29800				
Қарыз капиталы	20500	27000				
Барлығы:						

3-есеп. Меншікті капиталдың динамикасын, құрылымын және қозғалысын талда. Талдау нәтижесін кесте түрінде көрсет. Қорытынды шығар. Кестеге ат бер.

Капитал көзі	Жыл басында қолдағысы, мың теңге	Есепті жылы түскені, мың теңге	Есепті жылы жұмысалғаны, мың теңге	Жыл соңында қолдағысы, мың теңге
Жарғылық капитал	11000	-	-	11000
Резервтік капитал	1500	600	100	2000
Қосымша капитал	7550	1000	50	8500
Бөлінбеген пайда	6950	3000	250	9700
Алдағы шығын мен төлем қоры	500	300	200	600

4-есеп. Келесі мәліметтер белгілі:

Көрсеткіш	Өткен кезең	Есепті кезең
Кәсіпорын пайдасы, мың теңге	4100	5300
Өнімді өткізуден түскен ақша, мың теңге	32000	34000
Капиталдың орташа сомасы, мың теңге	38000	39000

Кестенің жалғасы

Рентабельділігі, %: - капиталдың; - сатудың.		
Капиталдың айналымдылық коэффициенті		
Капитал рентабельділігінің өзгеруі: - сату рентабельділігі; - айналымдылық коэффициенті.		

Есептеу керек:

1. Өткен, есепті кезең капиталы мен сату рентабельдігін;
2. Өткен, есепті кезең капиталының айналымдылық коэффициентін;
3. Сату рентабельділігі мен айналымдылық коэффициенті арқылы капитал рентабельділігінің өзгеруін;

4. Қорытынды шығар.

5-есеп. Келесі кестеде келтірілген мәліметтер бойынша қарыз капиталының құрылымының динамикасына талдау жүргіз. Қорытынды шығар. Кестеге ат бер.

Қарыз ақша көздері	Сомасы, мың теңге	
	Кезең басында	Кезең аяғында
Ұзақ мерзімді несиелер	5000	6000
Қысқа мерзімді несиелер	3000	8400
Кредиторлық берешек соның ішінде:	3500	9000
- жабдықтаушыларға;	2050	3800
- векселге төлеу;	-	-
- қызметкерлерге еңбекақы төлеу;	750	1200
- бюджеттен тыс қорларға;	400	600
- бюджетке;	1500	2200
- басқа несие берушілерге.	800	1200
Барлығы:	13500	23400
соның ішінде :		
- мерзімі өткен міндеттемелер	-	-

12 ТАРАУ.

КӘСІПОРЫН КАПИТАЛЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН ӨНІМДІЛІГІН ТАЛДАУ

- *Капиталды қолдану тиімділігі мен өнімділігінің көрсеткіштері*
 - *Капитал айналымын талдау*
 - *Қарыз капиталын қолдану тиімділігін талдау. Қаржылық тұтқаның әсері*
 - *Меншікті капиталдың табыстылығын талдау*

12.1. Капиталды қолдану тиімділігі мен өнімділігінің көрсеткіштері

Өз қозғалысының барысында кәсіпорын капиталы дәйекті түрде *үш айналым кезеңінен* өтеді:

1. *Дайындық* – бұл жерде кәсіпорын өзіне қажетті қорлар мен өндірістік сақтаулы қорларды сатып алады.

2. *Өндірістік* – бұл кезеңде қаражаттың бір бөлігі сақтаулы қор түрінде өндіріске түседі, ал басқа бір бөлігі жұмысшылардың еңбекақысын төлеуге, салық төлеміне, әлеуметтік сақтандыру бойынша төлемдерге және т.б қолданылады. Бұл кезең дайын өнімді шығарумен аяқталады.

3. *Өткізу* – бұл жерде дайын өнім сатылып кәсіпорын шотына ақша қаражаты түседі.

Капитал табыстылығын арттыруға барлық ресурстарды тиімді және үнемді қолданумен, айналымның барлық кезеңдерінде артық шығын мен ысырапшылдықтарды болдырмау арқылы қол жеткізеді. *Нәтижесі* – капиталдың өзінің бастапқы жағдайына үлкен сомамен, яғни пайдамен қайтуы.

Сонымен *капиталды қолдану тиімділігі* оның рентабельдігі арқылы сипатталады және ол пайда сомасының (ПС) негізгі және айналым капиталының ортажылдық ($K_{\text{аж}}$) сомасына қатынасымен анықталады:

$$K_{\text{кп}} = \frac{ПС}{K_{\text{оск}}}$$

Капитал рентабельдігінің көрсеткіштерін есептеудің әр түрлі амалдары бар, ол кәсіпорын қызметі кімнің ұстанымына бағаланатынына байланысты. Барлық қызығушылық танытқан тұлғалар (мемлекет, меншік иегері және несиегерлер) ұстанымынан біртұтас қорларды пайдалану тиімділігін жалпы бағалау *капитал жиынтығының рентабельділігінің* көрсеткіші негізінде жүргізеді. Ол пайыздар мен салықтарды төлеуге дейінгі брутто¹ – пайда сомасының есеп кезеңдегі кәсіпорын активтер жиынтығының орта жылдық сомасына қатынасымен анықталады:

$$P_{\text{кап жемш}} = \frac{\text{пайыздар мен салықтарды төлегенге дейінгі брутто-пайданың жалпы сомасы}}{\text{есепті кезеңдегі капиталдың орташа сомасы}} \times 100.$$

Бұл көрсеткіш оның активтеріне салынған бір теңге капитал жиынтығына шаққандағы кәсіпорынның алатын пайдасын сипаттайды. Ол келесілер үшін қолданылады:

- кәсіпорынды басқару тиімділігі мен сапасын бағалау үшін;
- кәсіпорынның инвестициядан жеткілікті пайда табу мүмкіндігін бағалау үшін;
- пайда мөлшерін болжау үшін.

Меншіктенуші мен несиегерлер позициясынан *капитал рентабельділігі* салық корректорларын есепке ала отырып несие пайыздары мен таза пайданың есеп беру кезеңіндегі біртұтас активтерінің орташа сомасына қатынасымен анықталады:

$$P_{\text{к}} = \frac{ТП + НП (1 - K)}{ОС_{\text{акт}}},$$

- мұнда: $P_{\text{к}}$ – капитал рентабельділігі;
 ТП – таза пайда;
 НП – несие пайызы;

¹ Брутто – заттың ыдысымен бірге салмағы.

K_c – салық корректоры;

$OC_{\text{акт}}$ – кәсіпорынның біртұтас активтерінің орташа сомасы.

Кәсіпорынның негізгі қызметіне тікелей қосылған операциялық (пайдаланудағы) *капитал рентабелділігі* (KP_o) көрсеткіші деңгейіне капитал табыстылығының барлық қалған көрсеткіштерінің көлемі тәуелді болады және келесідей анықталады:

$$KP_o = \frac{\text{операциялық пайданың сомасы}}{\text{кезең бойынша операциялық капиталдың орташа сомасы}} \times 100.$$

Операциялық капиталдың құрамына өндірістік емес мақсаттағы құрал-жабдықтар, орнатылмаған жабдықтар, аяқталмаған күрделі құрылыс қалдықтары, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қаржы салымдары, кәсіпорын жұмысшылары үшін көмек жатпайды.

Айналымдық капиталдың рентабелділігі келесі формуламен анықталады:

$$P_{\text{айн кал}} = \frac{\text{негізгі қызметтен түскен пайда} + \text{қысқа мерзімді қаржы салымдарының пайыз сомасы}}{\text{айналымдағы активтердің орташа сомасы}} \times 100$$

Қаржылық инвестициялардың рентабелділігі:

$$P_{\text{қаржис инв}} = \frac{\text{инвестициялық қызметтен түскен пайда}}{\text{қаржы салымдарының орташа сомасы}} \times 100.$$

Кәсіпорын иесі тұғырынан *меншікті капиталдың рентабелділігін* келесідей анықтайды:

$$P_{\text{мк}} = \frac{\text{таза пайда}}{\text{кезең бойынша меншікті капиталдың орташа сомасы}} \times 100.$$

Капиталды қолдану қарқындылығын сипаттау үшін оның *айналым коэффициенті* есептеледі:

$$K_{\text{айн коэф}} = \frac{\text{өнім, қызмет және жұмыстан түскен пайда}}{\text{капиталдың ортажылдық бағасы}} \times 100.$$

Капитал қайтарымдылығы мен оның айналым көрсеткіштерінің арасындағы өзара байланыс келесідей есептеледі:

$$T_{\text{инв}} = R \times K_{\text{айн коэф}}$$

мұнда $T_{\text{инв}}$ – инвестицияланған капиталдың табыстылығы;
 R – сатылым рентабельділігі;
 $K_{\text{айн коэф}}$ – айналым коэффициенті.

Өз кезегінде инвестицияланған капитал табыстылығы мен сатылым рентабельділігі келесідей анықталады:

$$T_{\text{инв}} = \frac{\text{пайда}}{\text{капиталдың ортажылдық бағасы}},$$

$$R = \frac{\text{пайда}}{\text{өткізуден түскен пайда}}$$

Басқа сөзбен айтқанда, инвестицияланған капиталдың табыстылығы сатылым рентабельділігі мен капитал айналым коэффициентінің көбейтіндісіне тең. Капитал айналымы кәсіпорынның төлеу қабілеттілігіне тікелей әсерін тигізеді. Одан басқа да теңдес шарттар кезінде капитал айналым жылдамдылығының өсуі, кәсіпорынның өндірістік-техникалық деңгейінің өсуін көрсетеді. Талдау үшін кәсіпорынның шаруашылық белсенділігі туралы жалпыланған түсінік беретін айналымның 8 көрсеткіші есептеледі.

1. *Активтердің жалпы айналым коэффициенті*, кезең бойынша сәйкес табыс әкелетін айналым мен өндірістің толық цикілі неше рет жасалатынын көрсетеді. Өткізуден түскен таза пайданың барлық активтердің орташа көлеміне қатынасымен анықталады.

2. *Негізгі құрал-жабдықтардың айналымы*, қор қайтымдылығын көрсетеді.

3. *Материалдық айналым қаражатының айналымдық коэффициенті*, өткізу жылдамдығын көрсетеді. Бұл коэффициенттің мәні неғұрлым жоғары болса, осы бапта іске қосылған қаражат соғұрлым аз болады, сонымен қатар айналым капиталы белсенді құрылымына ие болады және кәсіпорынның қаржы жағдайы соғұрлым тұрақты болады. Керісінше, басқа да теңдес шарттарда

материалдық айналым қаражаттарының артықтығы кәсіпорынның іскерлік белсенділігіне теріс әсерін тигізеді. Материалдық айналым қаражаттарының айналымдылығы өткізуден түскен таза пайданың, кезең бойынша материалдық-өндірістік қорлар мен шығындардың орташа көлеміне қатынасы ретінде анықталады.

4. *Айналым капиталының айналымдылық коэффициенті*, кезең бойынша кәсіпорынның материалдық және ақша ресурстарының айналым жылдамдылығын көрсетеді. Өткізуден түскен таза пайданың айналым капиталының кезең бойынша орташа көлеміне қатынасына тең.

5. *Меншікті капиталдың айналым коэффициенті*, өткізуден түскен таза пайданың, кезең бойынша меншікті капиталдың орташа көлеміне қатынасымен анықталады. Берілген коэффициенттің маңыздылығының тым үлкендігі салынған капиталдан сатылым деңгейінің жоғарлауын көрсетеді, ал өз кезегінде несиелер ресурстарының көбеюі және меншік иелеріне қарағанда, несиелердің іске қатысуы көбірек болуына әкеліп соғады. Осы жағдайда, міндеттердің меншікті капиталға байланыс қатынасы ұлғаяды, несиелердің қауіпсіздігі төмендейді және кәсіпорын үшін табыстың азаюымен байланысты маңызды мәселелер туындауы мүмкін. Коэффициенттің төмен болуы меншікті қаражат бөлігінің әрекетсіздігін көрсетеді және осы жағдайда меншікті қаражаттарды басқа берілген талаптарға сай табыс көзіне салу қажеттілігін көрсетеді.

6. *Инвестициялық капиталдың айналымдылығы* – жеке дамуына салынған инвестицияны қоса отырып, кәсіпорынның ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді инвестицияларының айналым жылдамдығын көрсетеді. Өткізуден түскен таза пайданың кезең бойынша инвестицияланған капиталдың орташа мөлшеріне қатынасымен анықталады. Бұл коэффициенттің мәнін осы кезеңдегі пайдаланудағы капитал айналымдылығының коэффициентінің мәнімен салыстыруға болады. Осы коэффициенттерді динамикалық талдау кезінде өндірістік қызметтен уақытша шығарылған капиталдың өндіріске қосылған капиталмен салыстырғанда қаншалықты тез немесе баяу айналатынын көруге болады. Аса жете

талдау кезінде инвестицияланған капиталдың құрылымын ескеру қажет.

7. *Өзгермелі капитал айналымының жылдамдығы*, өткізуден түскен таза пайда көлемін кезең бойынша үздіксіз капиталдың орташа көлеміне бөлгенде алынатын коэффициент анықтайды. Бұл коэффициент кәсіпорындағы ұзақ мерзімді қолданыстағы капитал қаншалықты тез айналатынын көрсетеді.

8. *Пайдаланыстағы капиталдың айналымдылығы* – өткізуден түскен таза пайданың кезең бойынша пайдаланыстағы капиталдың орташа көлеміне қатынасымен есептеледі. Осы коэффициенттің мәнін талдай отырып өндірістік қызметке тікелей қосылған капитал айналымдылығы қаншалықты баяулап немесе тездетілгенін көруге болады.

Талдау барысында капитал рентабелділік көрсеткішінің динамикасын зерттеу және олардың өзгеру тенденцияларын анықтау кәсіпорынның тиімді жұмыс істеуін толық бағалау үшін оның деңгейіне шаруашылықаралық салыстырмалы талдау жүргізу және оны жоғарлату қорларын табу үшін талдау жүргізу қажет.

12.2. Капитал айналымын талдау

Капитал айналымының жылдамдығы оны қолдану өнімділігі мен кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің өсуін көрсетеді. Сонымен қатар керісінше, қаражат айналымдылығының бәсеңдеуі іскерлік белсенділіктің төмендеу белгісі болып табылады. Капитал айналымының жылдамдығына оның табыстылығы, нәтиже ретінде өтімділігі, кәсіпорынның қаржы тұрақтылығы мен төлеу қабілеттілігі тәуелді болады.

Сондықтан, талдау барысында, капитал айналымдылығының көрсеткіштерін толық зерттеу керек. Қаражат қозғалысының жылдамдығы немесе бәсеңдігі айналымның қандай сатысында болғанын анықтап, өтімділіктің төмендеуін алдын алып жою бойынша шаралар жасау қажет.

Капитал айналымдылығының жылдамдығы келесі көрсеткіштерімен сипатталады:

- айналым коэффициентімен;
- бір айналымның ұзақтығымен.

Капитал айналымының ұзақтығы келесі формуламен есептеледі:

$$P_{\text{айн}} = \frac{\text{капиталдың орташа сомасы}}{\text{өнімді өткізуден түскен түсім}}, \text{ немесе } P_{\text{айн}} = \frac{D}{K_{\text{айн коэф}}}$$

- мұнда: $P_{\text{айн}}$ – капитал айналымының ұзақтығы;
 D – талданып жатқан кезеңдегі күнтізбелік күндер саны (жыл - 360 күн, тоқсан – 90 күн, ай – 30 күн);
 $K_{\text{айн коэф}}$ – капитал айналымдылық коэффициенті.

Барлық капитал айналымдылығын анықтау кезінде айналым сомасына сатудың барлық түрлерінен түскен жалпы түсімді еңгізу қажет. Егер де тек қана операциялық капиталдың айналымдық көрсеткіштері есептелсе, онда өнімді өткізуден түсетін түсім ғана алынады.

Капитал айналымдылығы бір жағынан негізгі және айналым капиталының айналымдылық жылдамдығына тәуелді, ал екінші жағынан оның құрамына тәуелді. Баяу айналатын негізгі капиталдың үлесі көп болған сайын, соғұрлым айналым коэффициенті төмен және операциялық үрдіске қосылған жалпы капиталдың барлығының айналым ұзақтығы жоғары болады, яғни:

$$ЖА_{\text{ак}} = МС_{\text{аа}} \times K_{\text{аак}},$$

$$ЖА_{\text{ау}} = \frac{АА_{\text{ау}}}{МС_{\text{аа}}}$$

- мұнда: $ЖА_{\text{ак}}$ – жиынтық активтердің айналым коэффициенті;
 $МС_{\text{аа}}$ – активтердің жалпы сомасындағы айналым активтерінің (айналым капиталының) меншікті салмағы;
 $K_{\text{аак}}$ – айналым активтердің айналымдық коэффициенті;
 $ЖА_{\text{ау}}$ – жиынтық активтердің айналым ұзақтығы;
 $АА_{\text{ау}}$ – айналымдық активтердің айналым ұзақтығы.

Талдау барысында сонымен бірге, оның айналымының барлық сатыларында айналым капиталының айналымдылығының өзгеруін зерттеу керек. Бұл капитал айналымдылығының жылдамдығы мен бәсеңдеуінің қандай сатыда болғанын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл үшін айналым активтерінің жеке түрлерінің орташа қалдықтарын талданатын кезеңдегі күндер санына көбейтіп өткізу бойынша айналым сомасына бөлу қажет.

Капитал айналымының ұзақтығы әр түрлі салаларда бірдей емес. Біреулерінде тез айналса, ал басқаларында бәсеңдеу айналады. Бұл көбінесе өндірістік цикл ұзақтығы мен айналу үрдісіне тәуелді. Өндіру уақыты технологиялық үрдіске, техникаға, өндірісті ұйымдастыруға себепші болады.

Капитал айналымдылығы жылдамдығына өндірісті интеграциялау, өндіріс күшін, еңбек ресурстарын, материалдық ресурстарды толық қолдану, тауарлы-материалдық құндылықтар қорын нормативтен тыс болдырмау, ұзақ мерзімге дебиторлық қарызға қаражатты бұру арқылы қол жеткізуге болады.

Капитал айналымдылығын жылдамдату нәтижесінде экономикалық тиімділік айналымнан қаражаттарды босату жөнінде, сонымен қатар пайда сомасы мен саудадан түскен ақша сомасының көбеюі көрініс табады.

Айналымнан босатылған қаражат сомасын (Э), айналымның жылдамдығына байланысты немесе капитал айналымдылығының бәсеңдеу кезінде айналымға қосымша жұмылдырылған қаражаттар жылдамдығына байланысты келесідей анықтауға болады:

$$(+,-) Э = \frac{\text{өткізу бойынша айналым сомасы}}{\text{есеп беру кезең күндері}} \times \frac{\text{айналым ұзақтығының өзгеруі}}$$

Талдау қорытындысында айналым капиталының айналымдылығын жылдамдату үшін келесі іс-шаралар жасалады:

1. Өндірісті интенсификациялау есебінен өндірістік циклдің ұзақтығын қысқарту (жаңа технологияларды қолдану, өндірістік үрдістерді механизациялау және автоматизациялау және т.б);

2. Өндірісті қажетті материалдық ресурстармен үздіксіз қам-

тамасыз ету мақсатында материалдық–техникалық жабдықтауды ұйымдастыруды жақсарту және қорларда капиталды табу уақытын қысқарту;

3. Өнімді тиеу мен есеп құжаттарды рәсімдеу үрдісін жылдамдату;

4. Талапты жұмысты белсенділеу және факторингті, вексель есебін және т.б. қолдану жолымен дебиторлы қарызда қаражаттарды табу уақытын қысқарту.

12.3. Қарыз капиталын қолдану тиімділігін талдау. Қаржылық тұтқаның әсері

Қарыз капиталы – ол облигациялар шығарудан және сатудан түскен қаражат және банк несиесі, ақшалай міндеттемелердің басқа түрлері бойынша қаражат алу есебінен құралатын капитал.

Қарыз капиталын қолдану тиімділігін бағалау үшін қолданатын көрсеткіш *қаржы тұтқасы әсері* болып есептеледі (ҚТӘ):

$$KT\Theta = \left(\frac{TP_c + P_{KK} (1 - K_n)}{O_{акт}} - \frac{P_{KK} (1 - K_n)}{QK_{oc}} - \frac{QK_{oc}}{MK_{oc}} \right) \times$$

мұнда TP_c – таза пайда сомасы;

P_{KK} – қарыз капиталын жұмылдыруға байланысты есептелген пайыздар мен басқа да шығындар;

$O_{акт}$ – есеп кезеңіндегі жалпы активтердің орташа сомасы;

QK_{oc} – қарыз капиталының орташа сомасы;

MK_{oc} – меншікті капиталдың орташа сомасы;

K_n – номатив коэффициенті.

Қаржы тұтқасы әсері кәсіпорын айналымындағы қарыз қаражаттарды жұмылдыру есебінен меншікті капитал сомасы қанша пайызға көбейгенін көрсетеді. Жиынтық капиталдың рентабельділігі қарыз ресурстардың орташа өлшенген бағасынан жоғары болған жағдайда жағымды қаржы тұтқасының тиімді әсері


пайда болады. Мысалы, жиынтық капиталының рентабельділігі қарыз ресурстардың бағасы 10% болып тұрып, салық төлегеннен кейін 15% болды. Жиынтық капиталдың рентабельділігі қарыз ресурстардың орта өлшенген бағасына қарағанда төмен болса, теріс қаржы тұтқасы әсері пайда болады, нәтижесінде меншікті капиталды «жеу» туындайды және бұл кәсіпорынның банкротқа ұшырау себептерінен болуы мүмкін. Осыдан қарыз қаражаты капиталды жинақтау сияқты, кәсіпорынның ойсырауына әкеледі.

Әрбір фактор есебінен қаржы тұтқасы әсері қалай өзгергенін анықтау үшін «шынжырлы» алмастыру әдісін қолдануға болады. Қаржы тұтқасы әсерін тек қана жалпы бүкіл қарыз капиталында ғана емес әрбір оның қайнар көзі бойынша да есептеуге болады (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді банк несиесі, қарыз, тауар несиесі, кредиторлық қарызы, пайызсыз қарыз ресурстары және т.б). Мұндай жағдайда жоғарыда көрсетілген формулада орта қарыздық капиталдың өлшенген бағасының орнына капиталдың нақты қайнар көзінің бағасын қоюға болады. Егер де инвестицияланатын капитал рентабельдігі жұмылдырылған ресурстар бағасынан жоғары болған жағдайда, қарыз ресурстарын жұмылдыра отырып кәсіпорын меншікті капиталын көбейте алады. Тиімділік сонымен бірге қарыздың және меншікті капиталдың байланысына тәуелді болады.

12.4. Меншікті капиталдың табыстылығын талдау

Меншікті капиталдың рентабельдігі кәсіпорын қызметінің тиімділігінің соңғы көрсеткіші болып табылады. Кәсіпорынның бүкіл қызметі меншікті капитал сомасын көбейту мен оның табыстылық деңгейін арттыруға бағытталуы қажет. Меншікті капитал рентабельділігін таза пайданың сомасын меншікті капиталдың ортажылдық сомасына қатынасымен есептейді.

Меншікті капиталдың рентабельдігін жалпы құрылымдық-логикалық талдау схемасы (12.1. сурет) арқылы көрсетуге болады.



Сурет 12.1. Меншікті капитал рентабельдігінің құрылымдық-логикалық факторлық моделі.

Меншікті капитал рентабельдігі мен жиынтық капиталдың рентабельдігі өзара байланысты екенін айта кету керек:

$$P_{mk} = D_{mt} \times P_{жк} \times МК,$$

- мұнда P_{mk} – меншікті капиталдың рентабельділігі;
 D_{mt} – брутто-пайданың жалпы сомасындағы таза пайданың үлесі;
 $P_{жк}$ – жиынтық капиталдың рентабельділігі;
 $МК$ – капитал мультипликаторы (меншікті капиталдың күшін арттыратын тұтқа).

Берілген модель қаржы тәуекел деңгейі мен меншікті капитал пайдалылығының арасындағы байланысты көрсетеді. Меншікті капитал тиімділік деңгейінің өзгеруіне әсер ететін осы факторларды есептеуді детерминдендірілген факторлы талдау әдістерінің бірімен жүргізуге болады.

Меншікті капиталдың факторлық талдауын жиынтық капиталдың рентабельдігін жасаушыларға жіктеу арқылы келесі модельді қолдана отырып тереңдетуге болады:

$$P_{mk} = D_{mt} \times W_n \times P_{айн} \times K_{айн} \times MC_{ок} \times МК$$

- мұнда: W_n – операциялық пайдаға брутто-пайданың қатынасы;
 $P_{айн}$ – айналым рентабельділігі;

K_{ait} – операциялық капиталдың айналымдылығының коэффициенті;

$MC_{ок}$ – операциялық капиталдың меншікті салмағы.

Айналым рентабельділігі шығындарды басқару мен кәсіпорынның бағалық саясатының тиімділігін сипаттайды. Капитал айналымдылығының коэффициенті оны қолдану қарқындылығы мен кәсіпорынның іскерлік белсенділігін көрсетеді.

МК – қаржыландыу саласындағы саясатты көрсетеді. Оның деңгейі артқан сайын кәсіпорынның қаржы тәуекелділік деңгейі жоғары, бірақ сонымен қатар қаржы тұтқасының оң әсері кезінде меншікті капиталдың табыстылығы жоғары болады. Қарыз қаражаттары үлесінің көбеюі, активтер табыстылығы несие ресурстары бойынша нақты пайыз ставкасынан жоғары болған жағдайда меншікті капиталдың табыстылығын көтеруге себепкер болады.

12 тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер

Бақылау сұрақтары

1. Кәсіпорын капиталы қозғалысының кезеңдері нені көрсетеді?
2. Капиталды қолдану тиімділігі мен өнімділігінің көрсеткіштері қандай?
3. Капитал айналымының ұзақтығы қалай есептеледі және оған сипаттама бер?
4. Қарыз капиталы дегеніміз не және оның қолдану тиімділігі қалай талданады.?
5. Қаржылық тұтқаның әсері нені білдіреді және қалай есептеледі?

Есептер

- 1 **Есеп.** Кәсіпорын активтері құрылымына талдау жүргіз. Қорытынды шығар.

Көрсеткіш	Жыл басында	Жыл соңында	Ауытқу (+, -)
Активтердің жалпы сомасы, млн. теңге соның ішінде:	50000	60000	
- негізгі капитал	15000	20000	
- айналым капиталы	35000	40000	
Жалпы сомадағы үлес салмағы, %:			
-- негізгі капиталдың			
- айналым капиталының			
Негізгі капиталды 1 теңгеге шаққандағы айналым капиталына келуі, теңге			

2 Есеп. Айналым капиталына талдау жүргіз және айналым ұзақтығын есепте. Қорытынды шығар.

Қаражат түрі	Бір айдағы орташа қалдығы, мың теңге		Бір айдағы түскен түсім, мың теңге		Бір айдағы айналым ұзақтығы, күн		Айналым ұзақтығының өзгеруі
	Алдыңғы айдағы	Есепті айдағы	Алдыңғы айдағы	Есепті айдағы	Алдыңғы айдағы	Есепті айдағы	
Капиталдың жалпы сомасы:	24000	37500	30000	40000			
оның ішінде:	13300	13750	30000	40000			
- негізгі	10700	23750	30000	40000			
- айналымдық	7400	15200	30000	40000			
оның ішінде:	1800	4800	30000	40000			
- қолма-қол ақша	1500	3750					
- дебиторлар							
- босалқы қорлар							

Есептеу үшін келесі формуланы пайдалан:

Өткізуден түскен түсім

$$\text{Капитал айналымдылығының коэффициенті} = \frac{\text{Өткізуден түскен түсім}}{\text{Капиталдың ортажылдық құны}}$$

3 Есеп. Келесі мәліметтерді пайдалана отырып капиталдың және сатудың рентабельдігін, капитал айналымдылығының коэффициентін есепте.

134 ♦ Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау

Көрсеткіштер	Кезең	
	Өткен	Есепті
Кәсіпорын пайдасы, мың теңге	2300	6500
Өнімді өткізуден түскен пайда, мың теңге	200000	380000
Капиталдың орташа сомасы, мың теңге	30000	35000
Рентабельдік, %:		
- капиталдың		
- сатудың		
Капиталдың айналымдылығының коэффициенті		

13 ТАРАУ.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ТАЛДАУ

• Инвестиция туралы түсінік, түрлері, жіктеу және оның маңызы

- Инвестициялық қызметтің көлемін талдау
- Нақты инвестициялардың тиімділігін ретроспективті (өткенді шолатын) бағалау
 - Нақты инвестиция тиімділігін болжау
 - Қаржы салымының тиімділігін талдау
 - Инновациялық қызметтің тиімділігін талдау

13.1. Инвестиция туралы түсінік, түрлері, жіктеу және оның маңызы

Инвестиция – кәсіпорындарға салынған ұзақ мерзімді қаржы, мақсатты түрде қызмет қарқынын кеңейту, пайданы көбейту, кәсіпорынның нарықтағы тұрақтылығын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Нысандар бойынша инвестициялар салымы *нақты және қаржылық* болып бөлінеді.

Нақты инвестициялар – кәсіпорынның материалды-техникалық базасын жаңартуға, оның өндірістік қарқынын өсіруге, жаңа технологиялар мен өнімнің түрлерін меңгеруге, тұрғын үй салуға т.б. салынған қаржы.

Қаржылық инвестициялар – әр түрлі құнды қағаздарға, коммерциялық банктер капиталына, басқа компаниялар капиталының үлесіне қатынасу үшін салынған қаржы. Жекеменшік түрі бойынша – инвестициялар *жеке, мемлекеттік, шетелдік және бірлескен* болып бөлінеді.

Белгілі бір аймаққа жатуына байланысты инвестициялар *отандық және шетелдік* болып бөлінеді.

Іске асыру мерзімі бойынша инвестицияны уақытша үш топқа бөледі:.

1. Ұзақ мерзімді (10 жылдан астам);
2. Орташа мерзімді (5-10 жыл);
3. Қысқа мерзімді (1 жыл және одан да аз).

Инвестиция түріне байланысты *тікелей, жсанама және интеллектуалды* болып бөлінеді.

Инвестицияны пайдалану бағытына байланысты келесідей жіктеледі:

1. Кәсіпорынды құруға байланысты;
2. Ағымдағы;
3. Қосымша.

Инвестицияны *көлеміне* байланысты 3 топқа жіктейді:

1. Салыстырмалы түрде үлкен емес;
2. Орташа;
3. Көлемі бойынша жеткілікті түрде үлкен.

Инвестицияны қызмет аймағында пайдалануына байланысты – шикізатты сатып алу аймағына бағытталған, қаптайтын заттар және материалдар, дайын өнімдерді тікелей өндіріске өткізу, мамандармен қамтамасыз ету жүйесі, өткізу, кадрлармен қамтамасыз ету жүйесі, менеджмент, логистика, ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық (НИОКР) зерттеуді өткізу арқылы ажыратады.

Жоғарыда келтірілген белгілер бойынша инвестицияларды жіктеу нақты инвестицияларға тән. Қорытындылай келгенде инвестициялар көмегімен өндірістік және өндірістік емес түрде негізгі құралдардың ұлғаймалы ұдайы өндірісін жүзеге асыруға болады, шаруашылықтың материалдық-техникалық базасы нығайады. Бұл кәсіпорындардың өнім өндіру көлемін, табысын, еңбек ету жағдайын және жұмысшылардың тұрмыс жағдайын жақсартады. Инвестицияның мөлшері мен тиімділігіне өнімнің өзіндік құны, ассортименті, сапасы, өнімнің жаңашылдығы мен тартымдылығы, бәсекеге қабілеттілігі тәуелді болады.

13.2. Инвестициялық қызметтің көлемін талдау

Инвестициялық қызметтің көлемін талдауды жалпы көрсеткіштерді зерттеуден бастау қажет, бұл *жалпы инвестиция көлемі және таза инвестиция көлемі*.

Жалпы инвестиция көлемі есеп беру кезеңіндегі барлық инвестиция көлемі. *Таза инвестиция көлемі* есеп беру кезеңіндегі жалпы инвестицияның амортизациялық бөлінген қаржыға азайған сомасы.

Егер таза инвестиция сомасы *дұрыс шамада* болса және жалпы инвестицияның үлес салмағында маңызды үлес алса, онда бұл инвестициялық үрдіске пайданың елеулі бөлігін бағыттайтын кәсіпорынның экономикалық мүмкіндігінің жоғары екенін көрсетеді.

Егер таза инвестиция сомасы *теріс шамада* болса, онда кәсіпорынның өндіріс мүмкіндігі төмен екені көрінеді және бұл жағдайда кәсіпорын өз табысынан ғана емес амортизация қорының бір бөлігінен айырылады.

Егер таза инвестиция сомасы *нөлге тең* болса, онда инвестициялау тек амортизациялық аударым сомасынан ғана жүзеге асады, онда кәсіпорында экономикалық өсу болмайды және пайданың өсу негізі болмайды.

Талдау кезінде бағаның өсуін еске ала отырып инвестицияның көлемінің динамикасын зерттеу қажет. Бұл үшін динамиканың абсалюттік және салыстырмалы көрсеткіштерін есептейді, онда 1 жұмысшыға келетін таза және жалпы инвестициясының мөлшері, негізгі құрал-жабдықтардың жаңару коэффициенті көрсеткіші есептеледі. Сонымен қатар инвестициялық ресурстар талап ететін сомамен нақты инвестиция көлемін салыстыру қажет. Ол инвестрлеу үрдісі үшін қаржы жеткілікті екенін көрсетеді.

Мысал: Есеп беру жылындағы инвестиция жоспарын орындау көрсеткіштерін 13.1-кестеде берілген.

Кесте 13.1.

Инвестициялар түрі	Инвестиция көлемі, мың теңге		Жоспардан ауытқу	
	Жоспар бойынша	Есеп бойынша	мың теңге	%
Құрылыс-монтаж жұмыстары	3150	2980	-170	-5,4
Оның ішінде:				
- цехтар	550	550	-	-
- қойма	1300	1000	-300	-23,1

13.1-кестенің жалғасы

- гараж	600	650	+50	+8,3
- басқа объектілер	700	780	+80	+11,4
Негізгі құрал-жабдықтарды сағып алу	1500	1620	+120	+8,0
Материалдық емес активтерді сатып алу	250	300	+50	+20,0
Ұзақ мерзімді қаржылық салым	500	500	-	-
Барлық инвестиция	5400	5400	-	-

Қорытынды: Кестеден құрылыс-монтаж жоспары жұмыстарының көлемі 170 мың теңге немесе 5,4% орындалмаған. Қойма қызметін іске енгізу жоспары бойынша қаржы жетіспегендіктен толық орындалмаған. Құрылыс жұмыстары жоспарының орындалуына мынандай факторлар әсер етеді:

- бекітілген жобалық-сметалық құжаттамалардың болуы;
- қаржыландыру;
- құрылысты еңбек және құрылыс қорларымен қамтамасыз ету.

Құрылыс жұмыстарын соза беру бітпеген өндірістің қалдықтарының көбеюіне әкеліп соғады да инвестицияланған капиталды тиімсіз пайдаланған болып бағаланады.

Осыған байланысты есеп беру кезеңінде аяқталмаған құрылыс қалдықтары бойынша қандай өзгерістер болғанын анықтау керек.

Мысал: Кестеде төмендегідей мәліметтер берілген.

Кесте 13.2. Құрылыс-монтаж жұмыстарының орындалу жоспары, мың теңге

Құрылыс объектісі	Объектінің жоспарлы өзіндік құны	Жыл басында аяқталмаған құрылыс	Есепті жылғы құрылыс жұмысы көлемі		Объектілерді іске қосу		Жыл соңында аяқталмаған құрылыс	
			жоспар	нақты	жоспар	нақты	жоспар	нақты
Цех	2500	1950	550	550	2500	2500	-	-

13.2-кестенің жалғасы

Қойма	2200	900	1300	1000	2200	-	-	1900
Гараж	800	-	600	650	-	-	600	650
Басқа	1200	-	700	780	-	-	700	780
Барлығы	6700	2850	3150	2980	4700	2500	1300	3330

Қорытынды: Берілген мысалда жыл аяғында аяқталмаған құрылыс қалдығы 480 мың теңгеге ұлғайған, яғни (3330-2850=480) және жоспар қалдығын 2030 мың теңгеге арттырған, яғни (3330-1300=2030). Бұл қойманы пайдалануға беру жоспарының орындалмауына байланысты.

Инвестицияның жалпы көлеміндегі үлкен үлес салмағы негізгі құрал-жабдықтарды алуға кеткен шығынға байланысты. Бұл сұрақты зерттеуде номенклатура және жалпы көлем бойынша негізгі құрал-жабдықтарды алу жоспарының орындалуын қарастыру қажет, яғни кәсіпорынға уақытында түсуі, дұрыс пайдалануы көзделеді. Бұл жағдайда инвестиция сомасының осы мақсатта ұлғаюы алынған мүлік санына ғана байланысты емес, оның бағасының өсуіне де байланысты болуы мүмкін.

13.3. Нақты инвестициялардың тиімділігін ретроспективті (өткенді шолатын) бағалау

Инвестицияның тиімділігін (Т) бағалау үшін келесі көрсеткіштер жүйесі қолданылады:

1. *Инвестицияны 1 теңгеге шаққандағы қосымша шыққан өнім:*

$$\mathcal{E}_{\text{қшо}} = \frac{(ВП_1 - ВП_0)}{И},$$

мұнда $\mathcal{E}_{\text{қшо}}$ – инвестицияның тиімділігі;
 $ВП_0, ВП_1$ – бастапқы және қосымша инвестицияларға сәйкес өндіріс өнімінің жалпы көлемі;
 $И$ – қосымша инвестиция көлемі.

2. *Инвестицияны 1 теңгеге есептегендегі өнімнің өзіндік құнының төмендеуі:*

$$\mathcal{E}_{\text{ооқ}} = \frac{Q_1 (C_0 - C_1)}{I},$$

мұнда C_0, C_1 – бастапқы және қосымша инвестициядағы өнімнің өзіндік құнының бірлігі;

Q_1 – қосымша инвестициядан кейінгі өнімді өндірудің жылдық көлемі.

2. *Инвестицияны 1 теңгеге есептегендегі өнімді өндіруге кеткен еңбек шығынының қысқаруы:*

$$\mathcal{E}_{\text{еш}} = \frac{Q_1 (TE_0 - TE_1)}{I},$$

мұнда $TE_0 - TE_1$ – инвестициялауға дейін және одан кейін өнімнің бірлігін өндіруге кеткен еңбек шығыны.

Егер алымын $Q_1 (TE_0 - TE_1)$ -ны 1 жұмысшы есебінде шаққандағы жұмыс уақытының қорына бөлсек, онда қосымша инвестиция нәтижесінде салыстырмалы қысқаратын жұмысшылар санын алуға болады.

3. *Инвестицияны 1 теңгеге есептегендегі пайданың өсуі:*

$$\mathcal{E}_n = \frac{Q_1 (\Pi_1^{\text{ед}} - \Pi_0^{\text{ед}})}{I},$$

мұнда $\Pi_1^{\text{ед}} - \Pi_0^{\text{ед}}$ – өнім бірлігінің қосымша инвестицияға дейінгі және кейінгі пайдасы.

4. *Инвестициялардың өтелу мерзімі:*

$$t = \frac{I}{Q (\Pi_1 - \Pi_0)} \quad \text{немесе} \quad t = \frac{I}{Q (C_1 - C_0)},$$

мұнда t – инвестицияның өтелу мерзімі;

Π_0, C_0 және Π_1, C_1 – инвестицияға дейінгі және инвестициядан кейінгі жалпы пайда.

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштер инвестициялаудың тиімділігін жалпы немесе жеке объектілер бойынша кешенді ба-

ғалауға пайдаланылады. Берілген көрсеткіштердің динамикасын, жоспардың орындалуын зерттеу, шаруашылықаралық салыстырмалы талдау жүргізу, факторлар әсерін анықтау және олардың деңгейін арттыру іс-шараларын ұйымдастыру қажет. Инвестициялаудың тиімділігін арттырудың негізгі бағыттары кешенді пайдалану, яғни қосымша инвестиция көмегімен кәсіпорынның негізгі және айналымдағы қаржылар арасындағы активті және пассивті бөлімінің оңтайлы қатынасын табу. Инвестициялық қызметтің тиімділігін арттырудың негізгі шарты болып аяқталмаған құрылыстың мерзімін қысқарту және объектілердің өзіндік құнын төмендету жағдайы есептеледі.

13.4. Нақты инвестиция тиімділігін болжау

Ұзақ мерзімді инвестиция үшін бизнеске пайдалану туралы шешім қабылдауда олардың тиімділігін болжауға қажеттілік туындайды және ол үшін табыс пен шығынның ұзақ мерзімді талдауы қажет. Талдауды жүргізуде сол кездегі объективті және субъективті жағдайлардың әсерін ескеру қажет. Оларға жататындар: инфляция екіпіні, инвестиция мөлшері және түсуі, болжау мүмкіншілігі, талдаушының біліктілік деңгейі және т.б.

Инвестициялық қызметтің бағдарламасын бағалаудың негізгі әдісі келесілер:

- Инвестицияның өтелу мерзімін есептеу (t);
- Инвестиция рентабелділігінің индексын есептеу (ИР);
- Таза келтірілген тиімділікті анықтау (ТКТ);
- Табыстың ішкі нормасын анықтау (ТИН);
- Инвестициялық жобаның өміршеңдік кезеңінің орташа өміршеңдік уақытын есептеу (ӨУ).

Осы әдістер негізіне болжанған инвестиция көлемі және болашақта түсетін ақшаны салыстыру инвестицияны бағалауға жатады.

Инвестицияның өтелу мерзімін анықтау әдісі (t).

Бұл әдістің маңызы инвестициялардың өзін-өзі өтелу мерзімін инвестициялық анықтауда. Бұл әдіс әлемдегі есептік-аналитикалық

тәжірибеде кеңінен таралғандықтан барынша қарапайым әдіс болып есептеледі. Егер жобадан түскен пайда жылдар бойынша біркелкі бөлінсе, онда *инвестициялық өтелу мерзімі* инвестициялық жобаның құнын жылдық табыс көлеміне қатынасымен анықтайды.

Егер жобаның табысы әркелкі жағдайда түсетін болса, онда бұл жағдайда өтелу мерзімінің жыл санын тікелей есептеу арқылы табысты жобаның инвестициялық шығынын жабуға, яғни оны шығынмен теңестіру арқылы анықтайды. Дегенмен инвестицияның өтелу мерзімін қосымша көрсеткіш ретінде ғана пайдалана аламыз.

Бұл әдістің кемшілігі жоба бойынша алғашқы шығынды өтегеннен кейін алынған табыстың айырмашылығын есепке алмайды.

Инвестицияның рентабельдік индексі есептеу әдісі (ИР).

Инвестицияның тиімділігін бағалай отырып назарға олардың өтелу мерзімін ғана емес капиталға салынған табысты да ескереді және сол арқылы *рентабельдік индексі (ИР) және инвестиция рентабелділігі деңгейін есептейді (R)*:

$$ИР = \frac{\text{болжалдық (күткен) табыс сомасы}}{\text{болжалдық инвестициялар сомасы}},$$

$$R = \frac{\text{болжалдық пайда сомасы}}{\text{болжалдық инвестициялар сомасы}}.$$

Дегенмен бұл көрсеткіштің өзіндік кемшілігі бар: ол жыл бойы және уақытша ақша құнының қайтатын және келетін ақша қаржысын бөлуді есептемейді. Сондықтан инвестиция тиімділігін бағалаудың ғылыми тұрғыдан негіздеген *арттыру* (компаундинг – ақша сомасының уақытқа қарай өсуі) әдісін немесе *түскен ақшаны дисконттау* әдісі қолданылады. Бұл әдісте белгілі уақыттағы ақша бағасының өзгерісі және қазіргі заман мен болашақ игілігін бірдей бағалы еместігі ескеріледі.

Қарқындалу әдісі.

Бұл әдістің маңызы операция соңында инвесторда қалатын ақша сомасын анықтау. Бұл әдісті пайдалану кезінде ақша ағымын зерттеу қазіргі күннен бастап болашаққа апарарды. Бұл жерде берілген шама болып инвестициялардың бастапқы сомасы, ол табыстылықтың мерзімі мен пайыздық мөлшері, ал ізделіп отырған шама операция біткен соң алынатын қаржы сомасы болып табылады.

Сондықтан бірнеше жылдан кейін күрделі пайыздарды пайдалану кезінде инвестиция ие болатын бағаны анықтау үшін келесі формуланы қолданамыз:

$$ББ = БС \times (1+r)^n$$

- мұнда ББ – инвестицияның n жылдан кейінгі болашақтағы бағасы;
БС – инвестицияның бастапқы сомасы;
r – ондық бөлшек түріндегі пайыздық төлем;
n – есептеу кезеңіндегі жыл саны.

$(1+r)$ формуласы қаржылық талдаудағы маңызды айнымалы болып табылады және ол барлық қаржылық есептің негізін құрайды. Ол 1 жылдан кейін ақша бірлігі қанша тұратынын көрсетеді. Оның кері мәні $1/(1+r)$, 1 жылдан кейін алынатын бүгінгі ақша бірлігі қанша тұратынын анықтауға мүмкіндік береді.

Қарапайым төлем бойынша пайызды есептеу келесі формуламен есептелінеді:

$$ББ = БС (1+r \times n)$$

Егер инвестиция бойынша табыс күрделі пайыз ставкасы бойынша жылына бірнеше рет есептелінетін болса, онда анықтау үшін мына формула қолданылады:

$$ББ = БС \left(1 + \frac{r}{m} \right)^{nm}$$

мұнда: m – жыл бойғы пайыздық есептеудегі кезең саны.

Өртүрлі кезеңдегі пайызды есептеуді қарастырғанда қаржы операциялар жағдайын салыстыру қажеттілігі жиі туындайды. Бұл жағдайды мына формуламен есептейміз:

$$ПТТ = \left(1 + \frac{r}{m}\right)^m - 1$$

мұнда ПТТ – пайыздың төлем тиімділігі (салыстыру төлемі).

Егер ББ, БС және n белгілі шама болса, онда пайыздық төлемді мына формула бойынша анықтауға болады:

$$r = \left(\frac{ББ}{БС}\right)^{1/n} - 1$$

Ақша түсімін дисконттау әдісі (АТД).

Бұл әдіс ақшаның кері бағыттағы болашақтан қазіргі кездегі уақытқа дейінгі ағымын зерттейді. Ол болашақтағы ақша түсімін қазіргі жағдайға алып келеді. Оны келесі формуламен есептейді:

$$БС = \frac{ББ}{(1+r)^n} = ББ \frac{1}{(1+r)^n} = ББ \times Kd$$

мұнда Kd – дисконттау коэффициенті. Егер де пайыздық есептеу жылына бірнеше рет жүргізілсе, онда болашақтағы табыстың ағымдағы құнын есептеу үшін мына формуланы пайдаланамыз:

$$БС = \frac{ББ}{(1+r/m)^{mn}}$$

Басқаша айтқанда бұл әдісті инвестицияның сомасын анықтау үшін пайдаланамыз. Ол соманы қазір салу қажет, себебі берілген пайыздық төлемнің кезінде оның құнын талап етілген шамаға жеткізу керек.

Ақша түсімінің дисконттау әдісі, жобаның таза ағымдағы құнын анықтау, оның рентабельдік деңгейі, ішкі табыс мөлшері, инвестициялық жобаның өміршеңдігінің мерзімін есептеу (дюрация) және басқа көрсеткіштерге негізделген.

Таза ретке келтірілген тиімдікті есептеу әдісі (ТКТ).

Ол келесі мәселелерден тұрады:

1. Шығынның ағымдағы құны анықталады, яғни жоба үшін қанша инвестиция қорларын сақтау керек екені шешіледі;

2. Болашақта жобадан ақша түсімінің ағымдағы құны есептеледі, онда әр жыл сайынғы табыс ағымдағы уақытқа әкелінеді:

$$BC = \sum_{n=1}^{\infty} \frac{AA_n}{(1+r)^n}$$

мұнда: AA_n – n кезеңдегі күтілген, қайтарылатын ақша ағымы.

3. Инвестиция шығынының ағымдағы құны табыстың келесі құнымен салыстырылады және олардың арасындағы айырмашылық табыстың ағымдағы таза құнын құрайды:

$$TKT = BC - I_E = \sum_{n=1}^{\infty} \frac{AA_n}{(1+r)^n} - I_E$$

мұнда: TKT – таза табысты көрсетеді немесе инвестордың ақшаны банкте сақтаумен салыстырғанда жобаға салғандағы таза шығыны;

I_E – инвестициялық шығын сомасы;

AA_n – n кезеңдегі күтілген, қайтарылатын ақша ағымы.

Егер TKT нөлден көп болса, онда капиталды альтернативті салған кездегіден гөрі жоба үлкен табыс әкеледі.

Егер TKT нөлден аз болса, онда жобаның табысы нарықтан төмен, ол жағдайда ақшаны банкте қалдырған пайдалы.

Егер TKT нөлге тең болса, жоба пайда әкелмейді, шығыны да шықпайды.

Егер жобаға ақшаны инвестициялау бір мезгілде жүргізілмей, кезеңде бірнеше рет қайта жүргізілсе, онда TKT-ға мына формуланы пайдаланамыз:

$$TKT = \sum_{n=1}^{\infty} \frac{AA_n}{(1+r)^n} - \sum_{j=1}^{\infty} \frac{I_j}{(1+r)^j} = BC - I_d,$$

мұнда: n – табыс алынған кезең саны;

I_j – қаржыланған инвестициялық шығынның сомасы;

j – жобаға қаржыны инвестициялау кезең саны;

I_d – дисконтталған инвестициялық шығынның сомасы.

Егер инвестициялық табыс пен шығынның арақашықтығы және уақыты сәйкес келсе, онда ағымдағы таза бағаны былай есептейміз:

$$TKT \sum_{n=1} \frac{AA_n - I_n}{(1+r)^n}$$

мұнда: AA_n – n кезеңдегі күтілген, қайтарылатын ақша ағымы.

Инвестициялық жобаның тиімділігін болжау кезіндегі негізгі қиындық инфляцияға байланысты бағаның өсуі болып табылады. Инфляция кезінде ақша ағымын дисконттау үшін нақты емес кесімді табыс төлемін пайдалану керек. Инфляцияны есептеу әдістемесін түсіну үшін нақты және кесімді табыстық төлемдердің арасындағы айырмашылықты анықтау қажет. Нақты және кесімді табыстың төлемдерінің арасындағы тәуелділікті мына формула бойынша көрсетеміз:

$$(1+r) \times (1+m) = 1 + d \quad d = (1+r) \times (1+m) - 1$$

мұнда r – қажетті нақты табыс төлемі (инфляцияға түзетілгенге дейін);

m – бөлшек сауда бағасы индексмен өлшенетін инфляция қарқыны;

d – табыстық қажетті ақша төлемі.

Егер шығын мен баға бірдей қарқынмен инфляция индексіне сай өсетін болса, онда ақша түсімін дисконттау әдісінде (ДДП) инфляцияны есептемеуге болады. Егер шығын мен баға әртүрлі қарқында өсетін болса, онда табыстың шынайы төлемі бойынша тұрақты бағадағы көрсетілген дисконтталған ақшаны түсіруге болмайды.

Пайданың ішкі нормасын (мөлшерін) анықтау әдісі (ТИН).

Инвестиция тиімділігі үшін негізгі маңызды көрсеткіш пайданың ішкі нормасы (ТИН) болып табылады. Пайданың ішкі нормасын (мөлшерін) дисконт ставкасын максималды пайдалану арқылы анықтайды және бұл жағдайда инвестор үшін қаржыны инвестициялау шығынсыз жүреді. Бұл көрсеткіштің теңдеуін былай анықтаймыз:

$$\sum \frac{AA_n}{(1 + TIN)^n} - I_d = 0$$

мұнда: AA_n – n кезеңдегі күтілген, қайтарылатын ақша ағымы.

Бұл көрсеткіштің экономикалық мәні, ол күтілген табыстың мөлшерін, немесе бағаланатын жобадағы инвестициялық шығынның максималды болатын деңгейін көрсете алады. Егер ТІН берілген дисконт ставкасына тең немесе артық болса инвестиция тиімді болады ($TIN \geq d$). Егер осы жағдай сақталса инвестор жобаны қабылдай алады, ал егер сақталмаса жобадан бас тарту керек.

Егер инвестициялық жоба ақша табысына тек бір рет қана пікір тудырса (кезеңнің соңында), онда ішкі табыс нормасына мына теңдеуді пайдаланады:

$$TIN = \sqrt[n]{\frac{AA}{I_E}} - I$$

мұнда: AA – n кезеңдегі күтілген, қайтарылатын ақша ағымы.

Егер пайда инвестициялық жобадан оның қызметі барысында 1 рет қана емес көп рет түссе онда ТІН мәнін мына формуламен табамыз:

ТКТ

$$TIN = r_a + (r_b - r_a) \times \frac{TKT_a - TKT_b}{TKT_a - TKT_b},$$


- мұнда r_a – ТКТ-ның мәні оң болатын дисконт төлемі;
 r_b – ТКТ-ның мәні теріс болатын дисконт төлемі;
 $TKT_a - r_a$ дисконт төлемі кезіндегі келтірілген тиімділік;
 $TKT_b - r_b$ дисконт төлемі кезіндегі келтірілген тиімділік.

Бұл кезде мына теңсіздік сақталуы тиіс:

$$r_a < TIN < r_b, \quad TKT_a > 0 > TKT_b.$$

Табыстың ішкі нормасын графиктік әдіспен де табуға болады. Оны ТКТ-ның барлық дисконттық төлемін 0-ден үлкен бір мәнге дейін есептеу (13.1-сурет) арқылы табамыз. Горизонталь осінде

әртүрлі дисконттық төлемдер беріледі, ал вертикалдық осьте ТКТ сәйкес мәні беріледі, график горизонталды ось бойынша ТКТ= 0 дисконты бойынша қиып өтеді, ол табыстың нормасы болып есептеледі.



Сурет 13.1. ТКТ инвестициялық жобасының графигі

ТКТ және ТИН көрсеткіштері бір-бірін өзара толықтырады. Егер ТКТ алынған табыстың массасын өлшесе, ТИН жобаның әр теңгесінің инвестициясының пікірін тудыруға қабілетін бағалайды. ТКТ мәні жоғары болуы инвестициялық шешім қабылдау кезіндегі жалғыз аргумент бола алмайды, себебі ол инвестициялық жобаның масштабынан және жоғарғы тәуекел етумен байланысты болады. Сол кезде табыстың ішкі мөлшер әдісі жобаны жүзеге асыруға қажетті сенімді әдісі болып табылады.

Инвестициялық жобаның өміршеңдік кезеңінің (дюрация) орташа салмақтық мерзім әдісі. Бұл әдіс өз сипаттамасы бойынша әр түрлі жобаларды бір стандартқа әкеле алады (мерзімі, төлем саны, пайыз есептеу әдісі т.б.). Бұл әдістің негізгі жағдайы, ол әр инвестициялық жоба табысты қалай тез арада әкелуінде емес, қашан әкелетінінде және ай сайын, квартал сайын немесе жыл сайын қанша табыс түсетіндігінде.

Дюрацияны есептеуге мына формуланы қолданамыз:

$$D = \frac{\sum t \times BC_t}{\sum BC_t}$$

мұнда: BC_t – жобаның қызмет мерзімі аяқталғанша n кезеңіндегі табыстың ағымдағы бағасы;

t – табыстың түсу кезеңі.

Инвестициялық жобаны бағалау кезіндегі негізгі жағдай, ол қарастырылған өлшемдердің маңызды факторларға әсерін өзгерту сезімталдығына талдау жасау болып табылады. Олар пайыздық төлемдер деңгейі, инфляция қарқыны, жобаның орындалу барысындағы есептеу мерзімі, табысты ұдайы алып отыру және т.б. Бұл жобаның тәуекелшіл параметрлерін анықтауға мүмкіндік беріп, инвесторлық шешімді негіздеуде маңызы зор.

13.5. Қаржы салымының тиімділігін талдау

Қаржылық инвестициялау – кәсіпорынның уақытша еркін қаржысының тиімді қолданылуының белсенді формасы. Қаржылық инвестициялау келесі әр түрлі формаларда жүзеге асырыла алады:

1. Капиталдық табысты қор құралдарына салу (акция, облигация және басқа да құнды қағаздар);
2. Капиталды депозитті сертификаттарға салу;
3. Капиталды бірлескен кәсіпорындардың жарғылық қорына салу.

Талдау барысында қаржы активтерін инвестициялаудың құрылымы мен көлемі зерттеледі, оның өсу қарқыны, сонымен қатар жалпы және жеке қаржы құралдарына қаржы салымдарының табыстылығы анықталады. Қаржы салымдарының тиімділігін ретроспективті бағалау, қаржы инвестициялардан алынған табыс сомасы мен активтердің берілген түрінің ортажылдық сомасын салыстыру арқылы жүргізіледі.

Салынған капиталдың табыстылығының орташа деңгейі мына көрсеткіштердің есебінен өзгеруі мүмкін:

- табыстылықтың әр түрлі деңгейі (УД) бар құнды қағаздар құрылымы;

- кәсіпорын алған құнды қағаздардың әрбір түрінің табыстылық деңгейі (ДВК_і):

$$ДВК_{жс.лты} = \sum (УД_i \times ДВК_i)$$

- қаржы салымдарының құрылымы:

$$\Delta ДВК = \sum (\Delta уд_i \times ДВК_{i0})$$

- инвестицияның жеке түрлерінің табыстылық деңгейі:

$$\Delta ДВК = \sum (\Delta уд_{ii} \times ДВК_i)$$

Жеке қаржы құралдарының экономикалық тиімділігін бағалау және болжау *абсолютті* және *салыстырмалы* көрсеткіштер көмегімен жүргізіледі.

Бірінші жағдайда сатып алуға болатын қаржы құралының ағымдағы нарықтық құны және әр инвестордың субъективті бағасынан шығатын оның ішкі құны анықталады. *Екінші* жағдайда оның салыстырмалы табыстылығы есептелінеді.

Баға мен қаржы активтерінің құнының арасындағы айырмашылық мынада, *баға* – бұл декларацияланған объективті көрсеткіш, ал *ішкі құны* – есептелетін көрсеткіш.

Кез-келген құнды қағаздың ағымдағы ішкі құны келесі формуламен есептелінеді:

$$КК_{на} = \sum_{n=1} \left(\frac{АА_n}{(1+d)^n} \right)$$

мұнда $КК_{на}$ – қаржы құралының нақты ағымдағы құны;

$АА_n$ – n кезеңдегі күтілген, қайтарылатын ақша ағымы;

d – қаржы құралы бойынша күтіліетін және талап етілетін табыс мөлшері;

n- алынған табыстың кезең сандары.

Формуладан көретініміз қаржы құралының ағымдық құны негізгі үш факторға байланысты:

1. Күтілген ақшаның түсуінен;
2. Табысты алатын болжау кезеңінің ұзақтығынан;
3. Талап етілетін пайда мөлшерінен.

Облигацияның табыстылығын талдау.

Облигация – құнды қағаз, ол эмитенттің міндеттерін растайтын, табыс пайызынан иесіне кесімді құнын уақытылы төлеуді қарастырады. Облигация пайызы бойынша эмиссия әрдайым пайыз төлеп отыруы қарастырылып, олардың купондық төлеміне сәйкес тағайындалады. Облигациялар *нақтылы және өзгермелі пайыздық* төлем болып бөлінеді, ол инфляция деңгейіне немесе несие пайызының төлеміне байланысты өзгереді. Бұлардың пайызын ұдайы немесе аяғында оларды өтеген кезде төленеді.

Эмиссия бойынша дисконттық облигация жағдайында пайыздық табыстан төлем қарастырылмаған. Облигация иесінің табысы, облигацияның номиналды құны мен сатып алынған бағасының арасындағы дисконттық негіздегі айырмашылықтан құрылады. Бұндай облигация ақша ағымында тек 1 рет қана өтелер кезде туындайды. Құнды қағаздың жекелеген түрі бойынша ақша ағымын қайтаруды қалыптастыру ерекшелігіне олардың ағымдағы құнының моделінің әртүрлілігі себепші болады.

Облигацияның ағымдағы құнының базистік моделі мына формулада көрінеді:

$$AK_{обл} = \sum_{n=1}^t \left(\frac{ПС_n}{(1+d)^n} \right) + \frac{МС_{обл}}{(1+d)^t}$$

мұнда $AK_{обл}$ – оқтын-оқтын пайыз төленетін облигацияның ағымдағы құны;

$ПС_n$ – әр кезеңдегі алынған пайыз сомасы (облигацияның өз құнының жарияланған пайыз төлеміне көбейтіндісі);


$МС_{обл}$ – мерзім соңындағы (t) өтелген облигация кесімі;

k – жылдық купондық төлем пайызы.

Облигацияның ағымдық құны нарықтық пайыз ставкасының шамасына және өтеуге дейінгі мерзімге тәуелді. Егер $d > k$ бол-

са, онда облигацияның ағымдағы құны кесімдіден аз болады, яғни облигация дисконтпен сатылады. Егер $d < k$ болса, онда облигацияның ағымдағы құны кесімдіден үлкен болады, яғни облигация сыйақымен сатылады. Егер $d = k$ тең болса, облигацияның ағымдағы құны кесімдіге тең.

Бұдан көретініміз облигация табыстылығы айналым кезінде өзгермесе, онда өтелім мерзіміндегі дисконт шамасы азайған немесе сыйақы төмендейді. Бұл өзгеріс өтелім мерзімі жақындаған сайын маңызды болады (сурет 13.2).



Сурет 13.2. Облигация курсының айналым кезіндегі өзгеруі.

Купондық облигация бойынша табыс біріншіден пайызды оқтын-оқтын төлеуден (купондарды), екіншіден облигацияның кесімді және нарықтық бағасының курстық айырмашылығынан тұрады. Сондықтан купондық облигацияның табыстылығын сипаттауға бірнеше көрсеткіш пайдаланылады:

а) *купондағы табыстылық* төлемі облигация шыққанда жарияланады;

б) *ағымдағы табыстылық*, ол облигация сатып алу бағасына пайыздық табыстың қатынасы:

$$AT = \frac{K_{обл} \times k}{CA}$$

мұнда $K_{\text{обл}}$ – облигация кесімі;
 k – купонның пайыздық ставкасы;
 CA – облигацияның сатып алу бағасы.

в) өтелуге байланысты табыстылық:

$$\Theta BT = \frac{TC + (\Theta - CA) / n}{(\Theta + CA) / 2}$$

мұнда TC – облигация бойынша жылдық купондық табыстың сомасы;
 Θ – өтелім бағасы;
 CA – сатып алу бағасы;
 n – өтелімге дейінгі жыл саны.

Купондық облигацияның өтелім кезінде барлық пайыздық сомасы төленетін ағымдағы құнын бағалау моделі:

$$AK = \frac{OK + (OK \times k \times n)}{(1 + d)^n}$$

Дисконттық облигация табыстылығының моделі:

- пайыздық ставкасының тиімділігі бойынша:

$$YTM = \sqrt[n]{\frac{N}{P}} - 1$$

- қарапайым пайыз ставкасы бойынша:

$$\Theta BT = \frac{OK - OB}{OB} \times \frac{KC}{t}$$

мұнда OB – сатып алынған облигация бағасы;
 OK – облигация кесімі (өтеу бағасы);
 KC – жылдың күнтізбектік күн саны;
 t – облигацияның өтеліміне дейінгі күн саны.

Акция табыстылығын талдау.

Акция акционерлік қоғамның жоғарғы капиталын қалыптастыруға қатысатын, оның иесі екеніне сендіретін және оның пайдасынан дивиденд және капитал жинақ түрінде үлес алуға

құқылы екенін растайтын құнды қағаз. Оның ағымдық құнын және табыстылығын бағалау үшін акция түрін (қарапайым немесе айрықша) оның айналым мерзімінің белгілі екенін, немесе белгісіздігін, дивидендік төлем түрін ескеру қажет. Тұрақты дивиденд деңгейі бар *айрықша* және *қарапайым* акциялардың ағымдағы құнын бағалау моделі жылдық дивиденд сомасының (D_t) нарықтық табыс мөлшеріне (d) қатынасымен анықталады:

$$AK = \frac{D_t}{d},$$

Ағымдағы акция құнын белгісіз кезеңдегі уақыт ішінде пайдалану және бағалау әдісіне мына моделді қолданады:

$$AK_{акц} = \sum_{t=1}^{\infty} \frac{D_t}{(1+d)^t}$$

мұнда $AK_{акц}$ – белгісіз бір уақыт пен кезеңдегі пайдаланылған акцияның ағымдағы құны;
 D_t – t кезеңдегі алуға ұсынылған дивиденд сомасы;
 d – ондық бөлшек түріндегі альтернативті табыстылықтың мөлшері;
 t – есепке алынған кезең саны.

Біркелкі және тұрақты өсетін деңгейлі дивидендтің *акциядағы ағымдағы құны* ($AK_{акц}$) мына формуламен анықталады (Гардон моделі):

$$AK_{акц} = \frac{D_1 (1+h)}{D-h}$$

мұнда D_1 – соңғы төленген дивиденд;
 h – ондық бөлшек түріндегі дивиденд өсуінің қарқыны.

Өзгермелі деңгейлі дивиденд акциясының ағымдағы құны мына жолмен анықталады:

$$AK_{акц} = \frac{D_1}{(1+d)^1} + \frac{D_2}{(1+d)^2} + \dots + \frac{D_n}{(1+d)^n}$$

мұнда D_1, D_2, \dots, D_n – n кезеңдегі болжам бойынша алынатын дивиденд сомасы;

Белгілі бір мерзімде пайдаланатын акцияның ағымдағы құнын анықтау үшін келесі модельді пайдаланамыз:

$$AK_{акц} = \sum_{n=1}^t \frac{D_n}{(1+r)^n} + \frac{KK}{(1+r)^t};$$

мұндағы KK – акцияны таратудың соңғы кезіндегі курстық құны;

n – акцияны пайдалану кезіндегі саны.

Акциядан түскен табысы дивидендтен алынған сомадан және оның құнының өсуінен түскен табыстан тұрады. *Ағымдағы табыстылық* соңғы жылдық акциясы бойынша, акцияның курстық құнына дивиденд сомасының қатынасымен анықталады:

$$T_{аз} = \frac{D}{A_{кқ}} \times 100\%.$$

Акцияның курстық құны банктің депозиттік төлемімен (T_d) салыстырғанда былай есептелінеді:

$$A_{кқ} = \frac{D}{T_d} \times 100\%.$$

Акцияның соңғы табыстылығы ($A_{ср}$) – бұл бірлескен табыс сомасының бастапқы құнына қатынасы:

$$A_{ср} = \frac{D_1 + (A_1 - A_0)}{A_0} = \frac{D_1}{A_0} + \frac{A_1 - A_0}{A_0} = A_d + A_k,$$

мұнда D_1 – дивиденд түрде алынған табыс;
 A_1 – ағымдағы акцияның нарықтық бағасы;
 A_0 – акцияны сатып алу бағасы;
 A_d – акцияның дивидендтік табысы;
 A_k – акцияның капиталданған табысы.

13.6. Инновациялық қызметтің тиімділігін талдау

Инновация сөзінің астарында жаңа технология, өнім түрлері, үрдістер түріндегі жаңалықтарды табысты қолдану түсінігі жатыр. *Жаңа пікірдің инновацияға өзгеруі инновациялық үрдіс атауын алды, ал жаңалықты нарыққа шығару коммерциялау деп аталады.*

Инновациялық қызмет бәсекеге қабілеттілікті жоғарлату және кәсіпорынның нарықтық ұстанымын нығайту мақсатымен ғылыми-техникалық нәтижені және интеллектуалды үрдісті, жаңа түбегейлі жетілдірілген өнімдерді, оны өндіру технологияларын, еңбекті басқару жүйесін ұйымдастыру мақсатымен тәжірибені қолдануға бағытталған.

Инновацияны кәсіпорынның табысты болуы және өсімді қамтамасыз ететін негізгі факторы ретінде қарастыру қалыптасқан. *Инновацияның негізгі мақсаттары* өнімнің өзіндік құнын (қызметті) минимизациялау және олардың бәсекелестік артықшылықтарын көбейту болып табылады.

Инновацияларды келесідей бөледі:

- өнімдік және технологиялық;
- базистік және жетілдіретін;
- стратегиялық және бейімдеуші.

Өнімдік инновациялар – сату көлеміне әсер ететін бәсекелестік артықшылықтар мен тұтынушы қасиеттерін арттыру мақсатымен, бұрынғы өнім мен қызметті жетілдіру негізінде жаңасын шығару болып табылады.

Технологиялық инновация өндірістің аса озық техника мен технологияларды қолдану мен қолданыстағысын жетілдіру жолымен, операциялық үрдістің ұйымдық-техникалық деңгейін арттыруға, еңбекті ұйымдастырудың алдыңғы қатардағы әдістерін енгізуге, кәсіпорынның басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған. Олар шығындарды үнемдеуге тікелей әсерін тигізеді (өнім мен қызметке қажетті материалдардың, энергияның жұмсалудың, еңбектің жұмсалудың, қор сыйымдылығын).

Базистік инновациялар – негізінен жаңа өнім мен технологияларды жасауды бағалайды.

Жетілдіретін (жақсартатын) инновациялар – өндірістің технологиясын жетілдіретін, ұсақ және орташа өнертабыс немесе әйгілі тауарлардың сапалы мінездемелерін көрсетеді.

Стратегиялық инновацияға жаңалықтар жатады, оларды қолдану «алғашқы қадам» артықшылығын қамтамасыз етеді, оның нәтижесінде кәсіпорын жоғары табыс алып және тауарлар мен қызмет нарығында көшбасшылық ұстанымға ие бола алады.

Бейімдеуші инновациялар, оләткізу нарығы үшін бәсекелестікте артта қалушылықты болдырмау мақсатында көшбасшыдан кейін кәсіпорынды еңгізеді.

Инновацияларды дайындау жоғарғы басшылар деңгейінде жүзеге асырылатын стратегиялық талдаудың негізгі бағыттарының бірі. Оның негізгі міндеттері:

- инновациялардың техникалық және экономикалық сипаттамасын анықтау, оның сапасы мен өнім бәсекелестігінің деңгейін бағалау;
- инновацияларды жасау және еңгізуге қолданатын инвестиция сомасын анықтау;
- инновацияларды жасау үшін мүмкіндіктерді анықтау: қаржылық, кадрлық, материалдық-техникалық;
- инновацияның өтелімділік уақытын анықтау;
- инновацияның тиімділігін бағалау.

Сонымен қатар жаңалық пен инвестициялар арасында шектеу жүргізу қажет, бірақ сонымен қатар олардың арасында өте тығыз байланыс бар. Инновациялық үрдіс инвестициясыз мүмкін емес, ал инновациясыз инвестицияны жүзеге асырудың еш экономикалық мәні жоқ, сондықтан мұндай тәсіл техника мен технология саласында артта қалғандықты тоқтатып қояды, бұл ақырында кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Олардың тығыз байланысын ескере отырып кейде инвестиция мен инновация тиімділігін бағалау үшін бірдей көрсеткіштер қолданады, бұл дұрыс емес. *Инвестициялық жоба үшін* инвесторларға тартымдылық көзқарасы бойынша оның қаржы тиімділігі негізгі критерийі болып табылады. *Инновациялық жоба үшін* тек қана қаржы нәтижелілігі ғана емес сонымен қатар тұтынушы мен өндірушілердің талаптарына сай оның жаңалықтары маңызды.

Сондықтан инновацияның тиімділігін бағалау үшін инвестицияның тиімділігін бағалауға қарағанда аумақты көрсеткіштер жүйесі қолданылады. Оларды үш топқа біріктіруге болады.

1. **Бірінші топқа** инновацияның өндірістік тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер жатады:

1.1. *Өндіріс өнімі көлемінің өсімі:*

$$\Delta ЖК = ЖК_1 - ЖК_0,$$

мұнда $ЖК_1, ЖК_0$ – жаңалықты қолданғаннан кейін және дейін өнімді өндірудің жалпы көлемі.

1.2. *Қосылған құн өсімі ($\Delta ҚҚ$):*

$$\Delta ҚҚ = ҚҚ_1 - ҚҚ_0,$$

мұнда $ҚҚ_1, ҚҚ_0$ – жаңалықты қолданғаннан кейін және дейін қосылған құн.

1.3. *Материалдық қорларды үнемдеу ($\Delta МК$):*

$$\Delta МК = Q_1 (P_1^{МК} - P_0^{МК}),$$

мұнда $P_1^{МК}, P_0^{МК}$ – инновациядан кейін және дейін өнім бірлігіне сәйкес шығындалған материалдық қорлар;

Q_1 – жаңалықты қолданғаннан кейін, өнімнің заттай көрінісінің жылдық өндірістік көлемі.

1.4. *Өнімнің өзіндік құнын төмендетуден болған үнемдеу ($\Theta Қ$):*

$$(\Theta Қ = Q_1 (C_0 - C_1),$$

мұнда C_1, C_0 – инновациядан кейін және дейін сәйкес өнім бірлігінің өзіндік құны;

Q_1 – жаңалықты қолданғаннан кейін, өндіріс өнімінің жылдық көлемінің натуралдық түрі.

1.5. *Өнімді өндіруге кеткен еңбек шығындарын қысқарту ($EШ$):*

$$(EШ = Q_1 (E_0 - E_1),$$

мұнда E_1 және E_0 – жаңалықты қолданғаннан кейін және дейін сәйкес өнім бірлігін өндіруге кеткен еңбек шығындары.

Егер берілген үнемдеуді бір жұмысшының жұмыс уақытының жылдық қорына бөлсек, инновация нәтижесінде жұмыскерлер санының біршама қысқарғанын көреміз.

1.6. Еңбек өнімділігінің өсуі (орта есеппен бір сағаттық өнім):

$$\Delta E\Theta_{ин} = \frac{\Theta\Pi_0 + \Delta\Theta\Pi_{ин}}{E\Pi_0 - \Delta E\Pi_{ин}} - C\Theta_0,$$

мұнда $\Theta\Pi_0$ – жаңалықты енгізгенге дейін өнімді шығару бағасы;

$\Delta\Theta\Pi_{ин}$ – инновация есебінен өнім шығаруды көбейту;

$E\Pi_0$ – жаңалықты енгізгенге дейін өнімді өндіруге кеткен еңбек шығындары;

$\Delta E\Pi_{ин}$ – жаңалықты енгізгеннен кейін еңбек шығындарын үнемдеу;

$C\Theta_0$ – жаңалықты енгізгенге дейін орта есеппен бір сағаттық өнім.

1.7. Өнімнің материал сыйымдылығын азайту ΔMC :

$$\Delta MC_{ин} = \frac{M\Pi_0 - \Delta M\Pi_{ин}}{ЖК_0 + \Delta ЖК_{ин}} - MC_0,$$

мұнда $M\Pi_0$ – жаңалықты енгізгенге дейін өнімді өндіруге кеткен материалдық шығындар соммасы;

MC_0 – жаңалықты енгізгенге дейінгі материал сыйымдылығы;

$\Delta M\Pi_{ин}$ – инновацияны еңгізу есебінен материалдық шығындарды үнемдеу.

1.8 Өнімнің шығын сыйымдылығын төмендету ($\Pi C_{ин}$):

$$\Pi C_{ин} = \frac{ЖC_0 - ЖC_{ин}}{ЖК_0 + ЖК_{ин}} - \Delta\Pi C_0,$$

мұнда $ЖC_0$ – жаңалықтар еңгізгенге дейінгі өнім өндіру шығынының жалпы сомасы;

$ЖC_{ин}$ – жаңалықтар еңгізгеннен кейінгі шығындар өзгерісі;

$ЖК_0$, $ЖК_{нн}$ – жаңалықты қолданғанға дейін және кейін өнімді өндірудің жалпы көлемі.

2. *Екінші* топқа жаңалықтың қаржы тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер жатады:

2.1. *Өсу маржасының төлемі*, ол таза түсім мен өткізілген өнім бойынша ауыспалы шығын сомасының есептелген айырмасы (ΔMT):

$$\Delta MT = MT_1 - MT_0,$$

мұнда: MT_1 , MT_0 - жаңалықты қолданғаннан кейін және дейін төлеу маржасы.

2.2. Инновация есебінен *таза табыс өсімі* (TT):

$$TT = TT_1 - TT_0,$$

мұнда TT_1 , TT_0 – жаңалықты қолданғаннан кейін және дейін амортизация және таза пайда кіретін табыс.

2.3. *Пайыздар мен салықты төлеуге дейін пайда өсімі* ($P\Theta$):

$$P\Theta = P\Theta_1 - P\Theta_0,$$

мұнда $P\Theta_1$, $P\Theta_0$ – жаңалықты қолданғаннан кейін және дейін, салық пен пайыздар төлеуге дейін операциялық қызметтен түскен пайда сомасы.

2.4. *Пайыздар мен салықтар төлегеннен кейін таза пайданың өсімі* (ΔTP_0):

$$\Delta TP_0 = TP_1 - TP_0,$$

мұнда TP_1 , TP_0 – жаңалықты қолданғаннан кейін және дейін таза пайда сомасы.

2.5. Жалпы маржа сомасы төлемінің таза түсімге қатынасымен есептелетін *маржиналды рентабельдіктің өсімі* келесідей анықталады (ΔMR):

$$MR = MR_1 - MR_0,$$

мұнда MR_1 , MR_0 – жаңалықты енгізгеннен кейін және дейін сәйкес маржиналды рентабельдік.

2.6. Өткізілген өнімнің толық өзіндік құнына, пайыздар мен салық төлегенге дейін өнімді өткізуден түскен пайданың

қатынасымен есептелген шығындар рентабельдігінің өсімі келесідей анықталады (ΔR_3):

$$\text{ШР}_o = \text{ШР}_1 - \text{ШР}_o,$$

мұнда: ШР_1 , ШР_o – жаңалықты енгізгеннен кейін және дейін сәйкес шығындар рентабельдігі.

2.7. Пайыздар мен салық төлегенге дейін өнімді өткізуден түскен пайданың түсім сомасына қатынасымен есептелетін айналым рентабельдігінің өсімі келесідей анықталады (AP_o):

$$\text{AP}_o = \text{AP}_{o1} - \text{AP}_{o0},$$

мұнда AP_{o1} , AP_{o0} – жаңалықты енгізгеннен кейін және дейін айналым рентабельділігі.

2.8. Өнім пайдалылығының таза нормасының өсімі пайыздар мен салықты төлегеннен кейін өткізілген өнімнің таза пайдасының нетто-түсім сомасына қатнасымен анықталады (T_n):

$$\text{T}_n = \text{T}_{n1} - \text{T}_{n0},$$

мұнда T_{n1} , T_{n0} – жаңалықты енгізгеннен кейін және дейін сәйкес пайдалылықтың таза нормасы.

Үшінші топқа инновацияның инвестициялық тиімділігінің көрсеткіштері жатады. Бұл жерде нақты инвестиция тиімділігін бағалау үшін қолданған көрсеткіштердің жүйесі қолданылады: таза келтірілген әсер, тиімділік индексі, өтімділіктің дисконтталған мерзімі, жоғары көрсетілгендердің есеп әдістемелері. Оның ерекшелігі, ғылыми-зерттеу инвестициялары мен тәжірибелі-құрылымдық зерттемелерден бастап, өндіріске шығару үрдісі мен нарыққа шығумен аяқтайтын инновацияның коммерциялауға кәсіпорындардың инвестициялық шығындарының барлық сомасы кіреді.

13 тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер

Бақылау сұрақтары

1. Инвестиция деп нені түсінеді және оны талдаудың мақсаты неде?

2. Инвестициялық қызметтің көлемі мен тиімділігін ретроспективалық әдіспен талдауды сипаттаңыз.

3. Нақты инвестицияның тиімділігін ретроспективалық бағалау үшін қандай көрсеткіштер қолданылады?

4. Инвестициялық жобаның тиімділігін болжау үшін қандай көрсеткіштер қолданылады?

5. Ақша табысын дисконттау қалай және не үшін жүргізіледі?

6. Инвестициялық жобаның таза келтірілген тиімділігі (ТКТ) қалай анықталады?

7. Инновация дегеніміз не және қандай түрлері бар?

8. Инновациялық қызметтің тиімділігін талдау көрсеткіштер жүйесіне сипаттама бер.

Есептер

1 Есеп. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорын үшін өзгерген өнім шығару көлемінің инвестиция тиімділігін алдын-ала есептеу кезеңінің мысалы.

№ п/п	Көрсеткіштің аттары	Өлшем бірлігі	Көрсеткіштің шамасы	
			Инвестиция-лауға дейін	Инвестиция-лан-ғаннан кейін
1.	Капиталдық салымның көлемі	мың теңге	1000	-
2.	Инвестицияның жалпы көлемі - оның ішінде жылдар бойынша көлемі:	мың теңге	-	400
	1.		-	300
	2.		-	70
	3.		-	30
3.	Шығарылған өнімнің көлемі	дана	200	280
4.	Дисконт нормасы	%	10	10
5.	Материалдық шығындар	мың теңге	600	750
6.	Еңбекақы төлемі	мың теңге	240	270
7.	Салық және аударымдар	мың теңге	120	150
8.	Басқа шығындар	мың теңге	220	220
9.	Амортизациялық аударым	мың теңге	100	140
10.	Нормативтік коэффициент		0,15	0,15

Анықтау керек:

1. Инвестициялауды еңгізгенге дейін және еңгізгеннен кейінгі шығындар үлесін;
2. Жылдық үнемділікті;
3. Дисконт шамасын;
4. Жылдық нақты үнемділікті;
5. Инвестицияның қайтарылу уақытын.

2 Есеп. Кестеде есеп беру жылындағы инвестиция жоспарын орындау көрсеткіштері мәліметтері берілген.

Инвестициялар түрі	Инвестиция көлемі, мың теңге		Жоспардан ауытқу	
	Жоспар бойынша	Нақты	мың теңге	%
Құрылыс-монтаж жұмыстары	4000	3800		
Оның ішінде:				
- цехтар	850	850		
- қойма	1400	1300		
- гараж	800	750		
- басқа объектілер	950	900		
Негізгі құрал-жабдықтарды сатып алу	1600	1720		
Материалдық емес активтерді сатып алу	450	500		
Ұзақ мерзімді қаржылық салым	500	500		
Барлық инвестиция	6550	6520		

Есепті жылы инвестициялық жоспардың орындалуына баға бер.

3 Есеп. Кестеде құрылыс-монтаж жұмыстарының орындалу жоспары мәліметтері берілген, мың теңге

164 ♦ Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау

Құрылыс объектісі	Объектінің жоспарлы өзіндік құны	Жыл басында аяқталмаған құрылыс	Есепті жылғы құрылыс жұмысы көлемі		Объектілерді іске қосу		Жыл соңында аяқталмаған құрылыс	
			жоспар	нақты	жоспар	нақты	жоспар	нақты
Цех	2800	1950	850	850	2800	2800		
Қойма	2300	900	1400	1300	2300	-		
Гараж	800	-	800	750	-	-		
Басқа	1200	-	950	900	-	-		
Барлығы	7100	2850	4000	3800	5100	2800		

Құрылыс-монтаж жұмыстарының орындалу жоспарын талда.

14 ТАРАУ.

КӘСІПОРЫННЫҢ БАНКРОТҚА ҰШЫРАУЫН ТАЛДАУ

- Банкроттық туралы түсінік, түрлері және себептері
- Банкроттық себептерін диагностикалау әдісі
- Жансыз кәсіпорындарды қаржылық жандандыру жолдары

14.1. Банкроттық туралы түсінік, түрлері және себептері

Банкроттық (*қаржылық күйреу*) – бұл арбитраждық сотпен мойындалған несие берушілердің ақша міндеттемесі бойынша және басқа төлемдерді төлеу бойынша міндеттерін орындауды қанағаттандыруға қабілетсіз болып қалуы, қарыздануы.

Банкроттықтың негізгі белгілері – кәсіпорынның несие берушілердің талаптарын төленетін күннен бастап 3 ай көлемінде толық орындай алмауы. Бұл мерзім өткеннен кейін кредиторлар арбитраждық сотқа жүгініп кәсіпорынды-борышты банкротты деп есептеуге болатынын мойындата алуға құқылы. Банкроттық нарықтық қатынастағы өзінің мәнімен алдын ала болжанған, шығын тәуекелі және соңғы нәтижесі белгісіз болатын жағдай.

Шаруашылық субъектісінің жарамсыз болуы мүмкін:

– *«сәтсіз»* – өз кінәсінен емес, тосын жағдайлар салдарынан (стихиялық апаттар, әскери шаралар, қоғамның саяси тұрақсыздығы, елдегі тоқырау, өндірістің жалпы құлдырауы, қарызданушылардың банкроттығы тағы басқа факторлар);

– *«жасалған»* (пайдақор) – кредиторларға қарыздарын төлеуден қашу мақсатында мүмкіндіктерін әдейі жасыру нәтижесінде;

– *«абайсызда»* – тәуекелді опреацияларды жүзеге асырудағы тиімсіз жұмыс салдарынан.

Бірінші жағдайда кәсіпорынға дағдарыстан шығуға мемлекет көмек көрсетуге тиіс. Қасақана жасалған банкроттық заң жүзінде айыпталады. Банкроттың ең көп тараған түрі *үшінші* банкроттық түрі.

«Абайсыздан» болған банкроттық бірте-бірте басталады. Оны уақытында байқау және болдырмау үшін үнемі қаржылық жағдайына талдау жүргізіп отыру қажет. Бұндай іс-шара кәсіпорынның экономикасын қаржылық жандандыру бойынша нақты шаралар қабылдауға және оның *«ауыратын»* нүктесін табуға мүмкіндік туғызады.

Банкроттықтың алғышарты әртүрлі, ол әртүрлі ішкі және сыртқы сипаттағы көптеген факторлардың өзара әсері.

Сыртқы факторлар.

1. *Экономикалық:* елдің экономикасының кризистік жағдайы, өндірістің жалпы құлдырауы, инфляция, қаржылық жағдайдың тұрақталмауы, ресурстар бағасының өсуі, нарық конъюнктураларының өсуі, серіктестердің төлемге қабілетсіздігі және банкротқа ұшырауы. Шаруашылық субъектілерінің жарамсыздығының бір себебі мемлекеттің қаржы саясатын дұрыс жүргізуі. Салық төлеудің жоғарғы деңгейі кәсіпорындар үшін шама-сы келмейтіндігі болуы мүмкін.

2. *Саяси:* қоғамның саяси тұрақсыздығы, мемлекеттің сыртқы экономикалық саясаты, экономикалық байланыстарды үзу, нарықтағы өткізуді жоғалту, импорт және экспорт жағдайының өзгеруі, шаруашылық құқықтағы заңдылықтарды жетілдірмеу, мемлекеттің реттеу қызметінің басқа көрсеткіштері және кәсіпкерлік қызметі.

3. *Ғылыми-техникалық прогрестің* дамуына байланысты халықаралық бәсекенің күшеюі.

4. *Демографиялық:* белгілі бір тауарлар мен қызметке халықтың төлем қабілеті бар сұраным, қажеттіліктің мөлшері мен құрылымын анықтайтын халықтың саны, құрамы, халықтың әлауқатының деңгейі, қоғамның мәдени әдет-ғұрыпы, халықтың тауарлар мен қызметке, төлемге қабілеттілігі және тұтыну қабілеті.

Ішкі факторлар.

1. Тиімсіз инвестициялық саясат, немесе тиімсіз өндірістік-коммерциялық қызметтің салдарынан айналымдағы өзіндік капиталдың дефициті.

2. Техниканың, технологияның және өндірістік ұйымдастырудың төмен деңгейі.

3. Кәсіпорынның өндірістік ресурстарын, оның өндірістік қуатын тиімді пайдалануының төмендеуі және нәтиже ретінде өзіндік құнның жоғарғы деңгейі, шығындар, өзінің капиталын «жеп қою».

4. Аяқталмаған құрылыс қалдықтарының мөлшерден тыс құрылуы, аяқталмаған өндіріс, өндірістік қорымен, дайын өнімдермен, тауарлардың көбеюі капитал айналымын ақырындатады және оның тапшылығын тудырады.

5. Банкрот болғанына байланысты кешігіп төлейтін немесе төлемейтін кәсіпорынның нашар клиенттері салдарынан кәсіпорынның өзінің қарызға батуы арқасында тізбекті банкроттық туындайды.

6. Өнімді өткізуде нарықты зерттейтін маркетингтік қызметі төмен деңгейде ұйымдастырудан өнімнің өтпеуі, тапсырыс портфелін қалыптастыруы, өнімнің бәсекеге қабілеттілігі және сапасын арттыру, баға саясатын өңдеуі пайда болады.

7. Өзін қаржыландыратын қабілетін және шаруашылық қызметінің рентабельділігін төмендететін, қаржы шығынын көбейтуге әкелетін, кәсіпорын айналымына пайдасыз жағдай туғызатын қарыз қаржыларды тарту.

8. Бақыланбайтын шаруашылық қызметтің аумағын тез арада кеңейту. Оның салдарынан қорлар, шығындар және дебиторлық қарыздар, сату көлеміне қарағанда тез өседі. Осыдан қысқа мерзімді қарыздық қаржыларды тартуға қажеттілік туындап, таза айналымдағы активтерді арттыруы мүмкін (өзіндік айналым капиталы). Нәтижесінде кәсіпорын банк және басқа кредиторлар бақылауына түсіп, банкроттық жағдайға түсуі мүмкін.

Банкроттық сыртқы және ішкі факторлардың бірлескен әсерінің салдары болып табылады. Нарықтың экономикасы тұрақты және саяси тұрақты жағдайындағы елдердің мәліметтеріне жүгінсек *шаруашылық субъектілерінің жойылуы* 1/3 қатынасы сыртқы факторға байланысты, ал 2/3-і ішкі факторларға байланысты болады.

14.2. Банкроттық себептерін диагностикалау әдісі

Банкроттық себептерін диагностикалаудың бірнеше амалы бар:

- а) белгілер және критерийлер жүйесін кеңінен талдау;
- б) көрсеткіш шеңберінің шектеулігі;
- в) интегралды көрсеткіштер.

Аудиттеу тәжірибесін қорытындылау Комитеті (Ұлыбритания) банкротты екі топқа бөледі:

Бірінші топқа жақын арада банкроттыққа ұшырау мүмкіндігі бар және қаржылық қиыншылықтары мүмкіндігін көрсететін көрсеткіштер жатады:

– өндірістің созылмалы төмендеуін, сату көлемінің қысқаруын және созылмалы зияндылықты көрсететін негізгі қызметінде маңызды жоғалу қайталанып отыратын;

– кредиторлық және дебиторлық қарыздарының мерзімі өтіп кеткендігі туралы;

– өтімділік коэффициентінің және үрдісінің төмендеу мәнінің азаюы;

– жалпы сомадағы қарыз капиталы үлесінің қауіпті шегіне дейін жеткендігі;

– өзіндік айналым капиталының жетіспеушілігі;

– айналым капиталының ұзақтығының жүйелі ұзаруы;

– дайын өнімдер мен нормадан тыс қорлардың болуы;

– тиімсіз жаңа қаржы ресурстарының көзін пайдалану;

– тапсырыс портфеліндегі қолайсыз өзгерістер;

– кәсіпорынның акциясының нарықтық құнының төмендеуі;

– өндірістік мүмкіндіктерінің төмендеуі және т.б.

Екінші топқа кіретін көрсеткіштер, ол ағымдағы қаржылық жағдайды қиын жағдайда деп қарауға негіз бермейтін қолайсыз мәндер көрсеткіштері, бірақ олар шара қолданбаса болашақта жағдайдың төмендейтінін білдіреді.

Оларға жататындар:

– кәсіпорынның шамадан тыс бір нақты жобаға тәуелді болуы, мысалы құрал-жабдықтарға, актив түрлеріне, шикізат нарығына немесе сату нарығына;

- маңызды контрагентті жоғалту;
- техника және технологияны жаңартуға мән бермеу;
- басқару аппаратындағы тәжірибелі қызметкерлерді жоғалту;
- жұмыс ритмінің жоқтығы, амалсыз тұрып қалу;
- ұзақ мерзімді тиімсіз келісімдер;
- капиталдық салымдардың жеткіліксіздігі.

Банкроттық мүмкіндіктердің индикаторларының жүйесінің *жетістігіне жүйелілікті және кешенділікті* жатқызуға болады, ал *кемшілігіне*, көп критерийлі міндеттер жағдайында шешім қабылдаудың күрделілігінің жоғары деңгейін жатқызамыз. Бұған есептелген көрсеткіштердің ақпараттық сипаты болжанған шешімінің субъективтілігі болып есептеледі.

Ұйымның қаржы жағдайын болжау және бағалау үшін ҚР банкроттану және қаржылық жаһандандыру қызметінің әдістемелік нұсқауына сәйкес олардың қызметінің әртүрлі аспектісін сипаттайтын келесі көрсеткіштер тізімін пайдаланамыз:

1. Жалпы көрсеткіштер.

Орталық түсім (K1) ұйымының бизнесінің масштабын сипаттайды:

$$K1 = \frac{\text{төлем бойынша жалпы түсім}}{\text{кезеңнің ай саны}}.$$

Төлем бойынша ақша қаржысының үлесі (K2) ұйымның қаржы ресурсын, өз міндеттемесін уақытында орындау мүмкіншілігін сипаттайды:

$$K2 = \frac{\text{түсім бойынша ақша қаражаты}}{\text{төлем бойынша жалпы өнім}}.$$

Қызметкерлердің орташа тізімдік саны (K3) кәсіпорын қызметінің ауқымымен сипатталады.

2. Қаржылық тұрақтылық және төлемге қабілеттілік көрсеткіштері.

Жалпы төлемге қабілеттілік деңгейі (К4) барлық кредиторлық қарызды жабу мүмкіндігімен сипатталады (егер барлық түсімді кредиторлармен есептесуге жіберсек):

$$K4 = \frac{\text{қарыз қаражаты}}{K1}.$$

Несилер бойынша қарыздық коэффициенті оның деңгейінің азаюын және қарыз құрылымының тауарлық несиеге қарай қисаюын сипаттайды, бюджетке ішкі қарыз бойынша төлемеуді бағалайды.

Басқа ұйымдарға қарыздану коэффициентінің деңгейінің көтерілуі қарыздың жалпы сомасындағы тауарлық несиеге үлес салмағының көбеюімен сипатталады.

Фискальдік жүйе бойынша қарыз коэффициентінің деңгейінің көтерілуі жалпы қарыз сомасындағы бюджетке қарыз болудың үлес салмағының көбеюімен сипатталады.

Ішкі қарыз коэффициентінің деңгейінің көтерілуі жалпы қарыз сомасындағы ішкі қарыздың үлес салмағының көбеюімен сипатталады.

Ағымдағы міндеттемелер бойынша төлемге қабілеттілік деңгейі кредиторлар алдындағы ағымдағы қарыздарды жабу мерзімі мүмкіндігімен сипатталады.

Ағымдағы міндеттемелерді айналымдағы активтермен жабу коэффициенті ағымдағы міндеттемелерді айналымдағы активтермен қаншалықты жаба алатынын көрсетеді.

Айналымдағы өзіндік капиталдың жоқ болуы айналымдағы активтер қарыз қаражаты арқылы қалыптасқанын көрсетеді.

Айналымдағы активтердегі өзіндік капитал үлесі, өзіндік айналым қаржысын қамтамасыз етуді ұйымдастыру деңгейімен анықталады.

Қаржылық автономия коэффициенті, ұйымның өзінің қаржысы арқылы активтердің қандай бөлігі қалыптасқанын көрсетеді.

3. Искерлік белсенділік көрсеткіштері.

Айналымдағы активтердің айналым ұзақтығы айналымдағы активтердің қанша айда айналатынын көрсетеді.

Өндірістегі қаржы айналымының ұзақтығы капитал қорының айналым жылдамдығымен сипатталады.

Есептеудегі қаржы айналымының ұзақтығы дебиторлық қарыздарды сөндіру жылдамдығымен сипатталады.

4. Рентабельдіктің көрсеткіштері.

Айналымдағы капиталдың рентабельділігі ұйымның айналымдағы капиталын тиімді пайдаланумен сипатталады.

Сату рентабельдігі 1 теңгеге шаққандағы қанша пайда алынғанын көрсетеді.

5. Өндіріс үрдісінің интенсификациялық көрсеткіштері.

1 жұмысшыға шаққандағы орташа айлық өнім шығару кәсіпорын жұмысшылар еңбегінің өнімділік деңгейін сипаттайды (К1/К3).

Қор қайтарымдылық негізгі қорды пайдалану қарқынымен сипатталады.

6. Ұйымның инвестициялық белсенділігінің көрсеткіші.

Инвестициялық белсенділік коэффициенті ұйымның инвестициялық белсенділігін сипаттайды.

14.3. Жансыз кәсіпорындарды қаржылық жандандыру жолдары

Қабілетсіз кәсіпорындарды ішкі және сыртқы қаржы көздерімен жетілдіру көзделген. Банкроттыққа ұшырағанда қаржылай қорғау жүйесі дағдарыстық жағдайдың масштабына байланысты болады.

Жеңіл қаржылық дағдарыста ағымдағы қаржылық жағдайды жөнге келтірсе болды, ол жағдайда ақша қаржыларының келуі мен кетуін синхрондап * және теңестірсе жеткілікті.

* *Синхрондау* – екі немесе бірнеше құбылыстарды уақыт жағынан дәл, сәйкес келтіру.

Тереңге кеткен қаржылық дағдарыс, барлық ішкі және сыртқы қаржылық механизмдердің тұрақтылығын толығымен пайдалануды талап етеді.

Толық қаржылық апат тазартудың тиімді түрін іздестіруді көздейді, оған шамасы келмесе кәсіпорын жойылады.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының ішкі механизмі, ең алдымен кәсіпорынның банкротлығын болдырмау үшін ағымдық төлеу қабілетін қалпына келтіруге бағытталуы керек. Ағымдық төлем қабілеттілігін қалпына келтіру үшін қаржылық жағдайды тұрақтандыратын «артықты кесіп тастау» қағидатына негізделген, яғни қаржы міндеттемелерін өсіруді ескерту мақсатында және ақша ағымдарының ұзақтығын көбейту мақсатында жеке активтерді сату сияқты шұғыл шаралар жүргізіледі. Содан кейін кәсіпорынның қаржылық тепе-теңдігі жетістігіне бағытталған тактикалық шаралар жүргізіледі. Атап айтсақ, «кәсіпорынды қысу» үрдісіне негізделген, яғни өзіндік қаржы ресурстарын пайдалану көлемінен, интеграциялау көлемін асырмау.

Толық қаржылық тұрақтануға кәсіпорында ұзақ уақыт қаржылық тепе-теңдікті қамтамасыз ете алған кезде ғана жетеді. Сондықтан қорғану шараларының стратегиялық механизмі, ол кәсіпорын ұзақ уақыт қаржылық тұрақтылықты сақтай алуға бағытталуы тиіс. Кәсіпорынды кризистік жағдайдан шығару үшін ішкі және сыртқы қаржылық тұрақтандыру механизмін кешенді пайдалану жолымен *кәсіпорынды қаржылық жасандандырудың бизнес-жоспарын жасайды* (сурет 14.1).

Акционерлік кәсіпорындар өздерінің айналымдағы капиталының тапшылығын қысқарту мақсатында жаңа акциялар мен облигацияларды шығару және тарату арқылы толықтыруға болады. Дегенмен, бұл жағдайда жаңа акциялар шығару курсының төмендеуі банкроттандудың себепшісі болатынын ескеру керек. Сондықтан батыс елдерде пайыздық табысы көзделген және айырбасталатын облигациялар шығаруға жүгінеді.

Акционерлік кәсіпорындардың банкроттанбауын алдын алатын жолдардың бірі - акция бойынша дивидендтерді төлеуден бас

тарту немесе азайту болып табылады. Бұл жағдайда акционерлерді қаржылық жандандыру бағдарламасының шынайылығына көз жеткізіп және болашақта дивидендтердің төлемін жоғарлатынына сендіреді.

Қаржылық жетілдірудің маңызды көзі *факторинг*, яғни банктерге немесе факторингтік компанияларға дебиторлық қарызды талап етпеуін қарастыру немесе *келісім-цессияға* (цессия-міндеттемедігі талапты өзге адамға ұсыну) отыру. Онда кәсіпорын банкке, дебиторларға несиені қайтаруды қамтамасыз ететін, дебиторларға қоятын талаптарына жол береді.

Кәсіпорынның материалдық-техникалық базасын жаңарту әдісінің бірі *лизинг*, бұл жағдайда арендалық мүліктің бір мезгілде толық төленуін талап етпейді және инвестициялаудың бір түріндегі қызметке жатады. Лизингтік операция бойынша жеделдетілген амортизациялауды пайдалану, құрал-жабдықтарды тез арада жаңартуға және өндірісті техникалық қамтамасыздандыруға әкеледі.

Пайдалы жобаларға несиелер тарту кәсіпорынға үлкен табыс әкеледі, сонымен қатар кәсіпорынды қаржылық жандандырудың бірден-бір қоры. Оған шаруашылық қызметтің негізгі бағыты бойынша өндірісті диверсификациялау әсер етеді, яғни бір бағыттағы шығынды басқа бағыттағы пайда жабады. Өзіндік капиталдың тапшылығын оны байыту арқылы, яғни құрылыс мерзімін, өндірістік коммерциялық циклды, нормадан тыс қорлардың қалдығын, аяқталмаған өндірісті қысқарту арқылы азайтуға болады.

Әлеуметтік-мәдени тұрмыс тіршілік объектілерін сақтау шығынын қысқарту, оны жекеменшікке беру арқылы негізгі қызметке капиталдың құрылуына ықпал жасайды. Шығындарды қысқарту мақсатында және негізгі өндірістің тиімділігін арттыру үшін кейбір қызметтердің түрінен бас тартуға тура келеді. Олар негізгі өндіріске қызмет көрсететін (құрылыс, жөндеу, көлік т.б.) нысандары, бұл мәселелерді арнайы ұйымның қызметіне жүгіну арқылы шешуге болады.


Өзіндік қаржы ресурстарының көлемін мына жолдармен ұлғайтуға болады:

- басқару қызметкерлерін сақтауға, негізгі құралдарды жөндеуге т.б. кететін шығындардың сомасын қысқарту арқылы;
- өндіріс қызметкерлерінің санын қысқарту және еңбек өндірісін өсіру арқылы өзгермелі шығынның деңгейін төмендету;
- машиналар мен құрал-жабдықтарды жеделдету амортизациясы арқылы;
- пайдаланбайтын мүліктерді сату;
- кәсіпорынның инвестициялық белсенділігін төмендету, сыртқы әлеуметтік бағдарламалардан бас тарту.

Егер кәсіпорын пайда тауып және осы жағдайда төлемге қабілетті болмаса, онда пайданы пайдалануды талдау қажет. Кәсіпорынды дағдарыстық жағдайда деп тапқанда, жұмысшылардың пайдадағы үлесін қысқартуды, кәсіпорынның өзіндік айналым қаржысын толтыруға кеткен қор деп есептеуге болады.

Қорды тауып кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсартуға *маркетингтік талдау* көп көмек береді. Маркетингтік талдау нарықтық саудадағы ұсыныстар мен сұраныстарды зерттейді және осы негізде ассотрименттің, өнімді өндіру құрылымының оптимальды және тиімді жолын қалыптастырады.

Кәсіпорынды қаржылық жандандырудың бірден-бір тиімді негізгі және радикалды бағыты ішкі қорларды (резервтерді) іздестіру болып табылады, яғни өндірістің табыстылығын ұлғайту және шығынсыз жұмыс істеуге жету. Ол үшін кәсіпорынның өндірістік қуатын толық пайдаланып, сапаны жоғарлату және бәсекеге қабілетті өнімдер шығару, олардың өзіндік құнын төмендету, еңбектік, материалдық және қаржылық ресурстарды тиімді пайдалану. Бұл жағдайда негізінен ресурстарды үнемдеуге көңіл бөліп, прогрессивті мөлшер мен нормативті және ресурстарды үнемдейтін технологияларды енгізіп, екінші шикізатты пайдалану және пайдаланған ресурстарды бақылау және есептеу және алдыңғы қатарлы тәжірибені енгізу. Үнемдеу тәртібін жүзеге асыруда жұмысшыларды моральды және материалды жағынан ынталандыру қажет.



Сурет 14.1. Жарамсыз кәсіпорындарды жандандырудың қаржыландыру түрі және рәсімдеу типі.

Барлық шығын түрлерін жалпылау және табуды жүйеге келтіру үшін барлық кәсіпорындарда жеке топтар бойынша жіктелген, арнайы келесі шығын реестрін енгізуге болады:

- жарамсыз болғаннан;
- өнімнің сапасының төмендеуі;
- өнімге сұраныс болмағанда;
- пайдалы тапсырыс берушіні және пайдалы нарықты жоғалту;
- кәсіпорынның өндіру қуатын толық пайдаланбау;
- жұмыс күшінің, еңбек құралдарының, ақша қаражатының тұрып қалуынан тағайындалған нормамен салыстырғанда 1 өнімге шаққанда ресурс шығыны;
- дайын өнім мен материалдардың шығыны;
- негізгі амортизацияланған қаржыны толық жұмасалмағанда;
- келісім-шарттың тәртібін бұзып айыппұл төлегенде;
- қажетсіз дебиторлық қарызды шығарып тастағанда;
- дебиторлық қарыздың мерзімін өткізіп алғанда;
- пайдасыз қаржы көздерін тартуда;
- капиталды құрылыс объектілерін мезгілсіз іске-қосқанда;
- табиғат апаттарында;
- өнім бермейтін өндіріс бойынша.

Бұл шығындардың динамикасын талдау және оларды жою үшін іс-шараларды нұсқау шаруашылықтық субъектілердің қаржы жағдайын жақсартуға маңызды көмек көрсете алады. Аса ауыр жағдайда бизнес-жоспар жүргізу қажет, яғни өндірістік бағдарламаны түп-тамырына дейін қайта қарау, материалдық-техникалық жағын қамтамасыз ету, еңбекті ұйымдастыру және еңбекақыны төлеу, қызметкерлерді таңдау және тағайындау, өнімнің нарық шикізаты сапалылығы мен нарықтағы сатуды басқару, инвестициялық және баға саясатын және басқа сұрақтарды шешу.

14 тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер

Бақылау сұрақтары

1. Банкроттықтық дегеніміз не, оның негізгі белгілері қандай?
2. Ішкі және сыртқы факторлардың банкроттыққа әсеріне сипаттама бер.
3. Аудиттеу тәжірибесін қорытындылау топтары нені білдіреді?
4. Қабілетсіз кәсіпорындарды жетілдіру жолдары.

Есептер

1-есеп. Кестедегі кәсіпорынның жұмыс істеу мәліметтері бойынша әрбір кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық дәрежесін келесілер арқылы анықта:

- рейтингтік бағалары;
- дискриминанттық талдау.
-

Көрсеткіш	Кәсіпорын					
	1	2	3	4	5	6
Айналым активтерін қалыптастыруда меншікті капиталдың үлесі	0,42	0,35	0,28	0,44	0,52	0,37
Негізгі және айналым капиталдарының байланысы	0,53	0,43	0,58	0,45	0,48	0,41
Жиынтық активтерінің рентабельділігі	0,312	0,254	0,156	0,189	0,305	0,263
Капитал айналымдылығының коэффициенті	1,35	1,52	1,23	1,15	1,33	1,1
Қаржылық тәуелсізділік коэффициенті	0,77	0,62	0,58	0,66	0,52	0,70
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	1,73	1,54	1,38	1,78	2,08	1,58

2-есеп. Капитал көздерінің динамикасы мен құрылымын талда. Қорытынды шығар. Кестеге ат бер.

Капитал көздері	Қаржы жағдайы, мың теңге			Қаржы құрылымы, %		
	Кезең басында	Кезең аяғында	Өзгеріс (+, -)	Кезең басында	Кезең аяғында	Өзгеріс (+, -)
Меншікті капитал	35000	39800				
Несие капиталы	20000	35000				
Барлығы						

СТУДЕНТТІҢ ОҚУ ЖЕТІСТІГІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУҒА ДАЙЫНДАЛУ СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАҚЫРЫПТАРЫ

Студенттің өзін-өзі емтиханға дайындау сұрақтары

1. Шаруашылық қызметін талдаудың түсінігі, мазмұны, орны және мақсаты.
2. Шаруашылық қызметін талдаудың түрлері және оларды жіктеу.
3. Шаруашылық қызметін талдаудың мақсаты мен объектісі
4. Экономикалық талдаудың әдістері туралы түсінік.
5. Экономикалық талдаудың тәсілдері және оларды жіктеу.
6. Шаруашылық қызметін талдаудағы салыстыру тәсілі.
7. Көрсеткіштерді салыстырмалы түрге келтіру тәсілі.
8. Шаруашылық қызметін талдаудағы салыстырмалы және орташа шамаларды пайдалану.
9. Шаруашылық қызметін талдауды ұйымдастырудың негізгі қағидаттары.
10. Шаруашылық қызметін талдаудағы аналитикалық жұмысты жоспарлау.
11. Шаруашылық қызметін талдауды ақпараттық және әдістемелік қамсыздандыру.
12. Шаруашылық қызметін талдаудың ақпараттарының көздері және міндеттері.
13. Өнімді шығаруды жалпы бағалау.
14. Өнімнің номенклатурасын, ассортиментін және құрылымын талдау.
15. Кәсіпорынның еңбекақысының қоры және еңбек ресурсын пайдалануды талдаудың ақпарат көздері, міндеттері және маңызы.
16. Кәсіпорынды еңбек ресурстарымен қамтамасыз етуді және қызметкерлер құрамын талдау.
17. Еңбек ұжымын әлеуметтік қорғау және еңбек ресурстарының қозғалуын талдау.
18. Жұмыс уақытының баланысын талдау.

19. Жұмыс уақытын жоғалту және ресурстарын пайдалануды талдау.

20. Еңбек өнімділігін талдау.

21. Өнімнің сыйымдылығын талдау.

22. Еңбекақы қорын пайдалануды талдау.

23. Негізгі қорды талдаудың міндеттері және ақпарат көздері.

24. Негізгі қордың жағдайын, құрылымын және қозғалысын талдау.

25. Негізгі қорды пайдаланудың тиімділігін талдау.

26. Кәсіпорынның өндіріс қарқынын және құрал-жабдықтарын пайдалануын талдау.

27. Материалдық ресурстарды пайдалануды талдаудың міндеттері, ақпарат көздері.

28. Материалдық-техникалық жабдықтау жоспарын орындауды талдау.

29. Кәсіпорынды материалдық ресурстармен қамтамасыз етуді талдау.

30. Материалдық ресурстарды тиімді пайдалануды талдау.

31. Өзіндік құнның талдау объектісі және ақпараттық көздері, маңызы.

32. Өндіріске кеткен жалпы соманы талдау.

33. Өнімнің бір теңгеге шыққан шығынын талдау.

34. Өнімнің өзіндік құнын элементі бойынша және калькуляциялық баптарымен талдау.

35. Тікелей материалдық және жанамалық шығын.

36. Маркетингтік қызметті талдаудың мағынасы және мақсаты.

37. Өнімге сұранысты және портфельге тапсырысты қалыптастыруды талдау.

38. Өнімді өткізу нарығын және сұранымсыздық өнімнің тәуекелділігін бағалауды талдау.

39. Кәсіпорын қызметінің қаржы нәтижелерін талдаудың мақсаты және ақпарат көздері.

40. Кәсіпорын табысының құрамы мен динамикасын талдау.

41. Өнімді өткізуден алынған қаржы нәтижелерін талдау.

42. Басқа да қаржы табыстар мен шығындарды талдау.

43. Таза табысты үлестіру мен қолдануын талдау.

44. Капиталды құру мен оны орналастыруды талдаудың ақпарат қайнар көзі, мәні және мақсаты.
45. Кәсіпорын капиталын құрудың қайнар көздерін талдау.
46. Кәсіпорындар активтерінің құрылымын талдау.
47. Негізгі және айналымдағы капиталдың динамикасын, құрамын және құрылымын талдау.
48. Инвестицияның түсінігі, түрлері, жіктелуі және мағынасы.
49. Инвестициялық қызметтің көлемін талдау.
50. Нақты инвестицияның тиімділігін талдау және жобалау.
51. Қаржылық салымның тиімділігін талдау.
52. Инновациялық қызметтің тиімділігін талдау.
53. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың түсінігі, мағынасы және мақсаты.
54. Кәсіпорынның капиталын пайдаланудың тиімділігі мен қарқындылығын талдау.
55. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын талдау.
56. Банкроттықтың түсінігі, түрлері және себептері.
57. Банкроттықтың мүмкіндігін диагностикалау әдістері.
58. Шаруашылық субъектілерінің қаржылық сауығуының жолдары.
59. Шаруашылық қызметін талдаудың өндіріс тиімділігін арттырудағы маңызы.
60. Шаруашылық қызметін талдаудың қағидаты. Экономикалық талдаудың басқа ғылымдармен байланысы.
61. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың маңызы мен ролі.
62. Қаржылық талдаудың мақсаты мен міндеттері.
63. Қаржылық және басқарушылық талдаудың ерекшелігі мен өзара айырмашылығы.
64. Қаржылық және басқарушылық талдаудың басқа ғылымдар мен өзара байланысы.
65. Қаржылық есептілік қаржылық талдаудың ақпараттық базасы ретінде.
66. Қаржылық есептілік қаржылық талдаудың сатылары ретінде.
67. Қаржылық есептіліктің негізгі элементтері.

68. Қаржылық талдау әдістері.
69. Қаржылық есептілікгі құрылымдық талдау.
70. Салыстырмалы талдау.
71. Факторлық талдау.
72. Өнімді өткізуден түскен табысты талдау.
73. Кәсіпорынның ақша қаражаттарының қозғалысын талдау.
74. Айналымдылық көрсеткіштерін талдау.
75. Қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін талдау.
76. Баланс өтімділігін анықтау әдістемесі.
77. Өтімділік коэффициенттерін талдау.
78. Төлем қабілеттілік көрсеткіштерін талдау.
79. Негізгі құралдардың техникалық жағдайын талдау.
80. Негізгі құралдардың тозу, жарамдылық және нақты құн коэффициенттерін талдау.

«Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау» курсы бойынша реферат тақырыптары

1. Қаржылық менеджменттегі экономикалық талдаудың орны мен маңызы.
2. Ақшалай қаражаттың сметалық қозғалысы және ақша ағынын талдау.
3. Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі көрсеткіштерін және балансын есептеу және бағалау.
4. Шаруашылық қызметінің тиімділігін кешенді бағалау әдісі.
5. Ақша қаражаттарының сметалық қозғалысы.
6. Өндірістің техникалық-ұйымдастырушылық деңгейін талдау және бағалау әдістері.
7. Кешенді экономикалық талдау және бизнестің тиімділігін бағалау.
8. Басқару шешімін қабылдауға инфляцияның әсерін талдау.
9. Экономикалық талдаудың әдістерін және тәсілдерін жіктеу.

10. Бизнес-жоспардың құрылымы және негізгі жоспарлық көрсеткіштерді анықтаудағы талдаудың орны.

11. Экономикалық талдаудың түрлері және коммерциялық ұжымды басқарудағы оның орны.

12. Ұжымның шаруашылық қызметін талдауды ұйымдастыру және ақпараттық қамсыздандыру.

13. Ұжымның шаруашылық қызметін талдаудың тәсілдері және қолданылатын көрсеткіштер.

14. Ұжымның шаруашылық қызметін талдаудағы экономикалық ақпараттарды өңдеу тәсілдері.

15. Ұжымның шаруашылық қызметінің тиімділігін факторлық талдау.

16. Ұжымның қызметінің өндірістік нәтижесін талдау.

17. Қазақстандағы экономикалық талдаудың даму тарихы.

18. Экономикалық талдаудың басқару жүйесіндегі және экономикалық ғылымдағы орны.

19. Экономикалық талдаудың әдістері, тәсілдері және олардың ерекшеліктері (эксперттік, салалық, фундаментальдық, техникалық, оперативті, экономико-математикалық, статистикалық т.б.).

20. Материалдық қорларды экстенсивті және интенсивті пайдаланудың өнім көлемінің өсуіне әсерін талдау және бағалау.

21. Материалдық шығындарды пайдаланудың өнімнің өзіндік құнына әсерін есептеу және бағалау.

22. Пайда «сапасын» талдау және бағалау. Пайданы қалыптастыруға есеп саясатының әсері.

23. Таза пайданы факторлық талдау.

24. Бухгалтерлік есептің мәліметі бойынша коммерциялық ұжымның рентабельділігінің деңгейі мен динамикасын талдау.

25. Коммерциялық ұжымның негізгі қорларын, құрылымын, тозуын және амортизациясын талдау және қайта бағалау тәртібі.

26. Жеке өнімдерді калькуляциялауды талдау.

27. Ағымдағы және күрделі шығындарды талдау.

28. Қаржылық жоспардың негізгі көрсеткіштері және оны есептеу әдістері.

29. Негізгі қорларды пайдалануды жақсарту жолдары.

30. Өндірістің негізгі қорларын пайдаланудың өнімнің өзіндік құнына әсерін есептеу және бағалау.

31. Өнімнің өзіндік құнын сметалық жоспарлау.

32. Экономикалық және қаржылық рентабельділікті талдау.

33. Ұжымның өнімді шығару мен тарату көлемін талдау.

34. Ұжымның негізгі қорларының тозуы мен жаңаруын талдау.

35. Ұжымның өнім шығаруы мен қорқайтарымдылығын өсірудің резервтерін талдау.

36. Материалдық қорларды пайдаланудың тиімділігін талдау және ұжымдағы артық қорлардың жағдайын ескеру.

37. Ұжымның пайдасының өсуінің факторлары мен резервтерін талдау.

38. Ұжым қызметкерлерінің орташа еңбекақысының және еңбек өнімділігінің өсу қарқынының арақатынасын талдау.

КӘСПОРЫННЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ КУРСЫ БОЙЫНША ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Барлық көрсеткіштер 100% деп алынатын базистік жыл деңгейінен, бірқатар жылдар көрсеткіштерінің салыстырмалы ауытқуын есептеуге негізделген әдіс:

- A) коэффициенттер;
- B) трендтік талдау;
- C) факторлық талдау;
- D) тікелей талдау;
- E) көлденен талдау.

2. Экономикалық талдау - ол:

A) дебиторлық борыштың орташа шамасы мен өнімді сатудан түскен табысты анықтайды;

B) қысқа мерзімді төлем қабілеттілікті анықтайтын әдіс;

C) ұзақ мерзімді төлем қабілеттілікті анықтайтын әдіс;

D) экономикалық құбылыстар мен процестерді оларды құралдарға, бөліктерге бөлшектеу негізінде және оларды жан-жақты байланыстырып зерттейтін ғылым таным әдісі;

E) болашаққа табысты болжайтын әдістер жинытығы.

3. Экономикалық талдаудың объектісі:

A) статистикалық мәліметтер;

B) шаруашылық қызметтің экономикалық нәтижелері;

C) факторлардың әсерінен жинақталып экономикалық ақпарат жүйесі;

D) экономикалық тиімділігі және олардың қызметтерінің шаруашылық нәтижелері табылады;

E) кәсіпорынның бірлестіктердің, шаруашылық процестердің әлеуметтік экономикалық тиімділігі.

4. Экономикалық талдаудың мазмұны:

A) факторлардың әсерінен экономикалық ақпарат жүйесі жинақтау;

B) экономикалық тиімділігі және олардың қызметтерінің шаруашылық нәтижелері табылады;

C) кәсіпорынның бірлестіктердің, шаруашылық процестердің әлеуметтік экономикалық тиімділігі;

D) қызмет тиімділігін арттыру мақсатымен экономикалық ақпаратты кешенді және жан жақты зерттеу;

E) әлеуметтік экономикалық тиімділігі.

5. Экономикалық талдаудың мақсаттары:

A) активтер мен міндеттемелердің өзгерістеріне әсер ететін факторларды анықтау;

B) объектінің жағдайына нақты баға беру және қойылған талаптан қаншалықты айырмашылығын, активтер мен міндеттемелердің өзгерістеріне әсер ететін факторларды және өндіріс тиімділігі арттыру мен резервтерді анықтау;

C) өндіріс тиімділігін арттыру мен резервтерді анықтау;

D) міндеттемелердің өзгерістеріне әсер ететін факторларды анықтау;

E) объектінің жағдайына нақты баға беру және қойылған талаптан қаншалықты айырмашылығын зерттеу.

6. Экономикалық талдаудың міндеттері:

A) ұйымның нақты жағдайда экономикалық заңдарды зерттеу, экономикалық құбылыстарды ғылыми негіздеу, ресурстарды тиімді пайдалануын бақылау;

B) жыл бойындағы ақша қаражаттарының айналымын бақылау;

C) жиынтық табыс анықтау;

D) таза табысты бақылау;

E) экономикалық құбылыстарды ғылыми негіздеу, ресурстарды тиімді пайдалануын бақылау.

7. Экономикалық талдау әдістері:

A) ұйым қызметі нәтижелерін жоспардың, есептің есеп берудің және басқа да ақпарат көздерінің көрсеткіштер жүйесі;

B) есептің есеп берудің және басқа да ақпарат көздерінің көрсеткіштер жүйесі;

C) ақпарат көздерінің көрсеткіштер жүйесін өндірістің тиімділігін арттыру мақсатында арнайы тәсілдер;

D) ұйым қызметі нәтижелерін жоспардың, есептің есеп берудің және басқа да ақпарат көздерінің көрсеткіштер жүйесін өн-

дірістің тиімділігін арттыру мақсатында арнайы тәсілдер арқылы факторлардың әсерін жинақтап, жүйелі, кешенді зерделеу;

Е) тәсілдер арқылы факторлардың әсерін жинақтап, жүйелі, кешенді зерделеу.

8. Дәстүрлі әдістерге жататындар:

- A) матрицалық әдіс;
- B) индекстік әдіс;
- C) ойындар теориясы;
- D) корреляциялық әдіс;
- E) математикалық әдіс.

9. Экономика-математикалық әдістерге жататындар:

- A) матрицалық әдіс;
- B) индекстік әдіс;
- C) динамика қатарлары;
- D) салыстыру;
- E) топтастыру.

10. Жалпы әдістерге жататындар:

- A) матрицалық әдіс;
- B) индекстік әдіс;
- C) дедукция;
- D) математикалық әдіс;
- E) салыстыру.

11. Арнайы әдістерге жататындар:

- A) индекстік әдіс;
- B) детерминді талдау әдісі;
- C) дедукция;
- D) математикалық әдіс;
- E) салыстыру.

12. Детерминді талдау әдісіне жатады:

- A) салыстыру;
- B) модельдеу;
- C) дедукция;
- D) матрицалық әдіс;
- E) индекстік әдіс.

13. Стохастикалық факторлық талдау әдісіне жатады:

- A) модельдеу;
- B) салыстыру;
- C) матрицалық әдіс;
- D) индекстік әдіс;
- E) кешенді әдіс.

14. Басқарудағы талдаудың мақсаты:

A) ұйымның техникалық және экономикалық процесстерін зерттеу;

B) басшылыққа жоспарлау, бақылау және басқару шешімдерін қабылдауға қажетті ақпарат беру;

C) ұйымның әлеуметтік және экономикалық процесстерінің өзара байланысын зерттеу;

D) басқарудың әртүрлі деңгейлеріндегі көлемді қоғамдық құбылыстарды зерттеу;

E) ұйым қызметінің қаржылық нәтижелерін зерттеу.

15. Ұйым қызметі жан-жақты зерттелетін талдау:

A) тақырыптық;

B) жаппай;

C) ішінара;

D) ішкі;

E) кешенді.

16. Қаржылық талдауда рентабельділікті, айналымдылықты және іскерлік белсенділікті анықтау кезінде кеңінен таралған әдіс:

A) коэффициенттер;

B) трендтік талдау;

C) тікелей талдау;

D) факторлық талдау;

E) көлденең талдау.

17. Экономикалық ақпарат көздеріне жатады:

A) жоспарлы, есептік және есептен тыс;

B) негізгі және қосымша құжаттар;

C) қарапайым және күрделі;

D) келісім шарттар;

E) нұсқау, лимит және нормативтік құжаттар.

18. Ағымағы талдаудың міндеті – бұл:

- A) коммерция қызметтің нәтижесін бағалау;
- B) пайдаланбаған резервтерді анықтау;
- C) пайдаланбаған резервтерді жинақтау;
- D) тапсырманың орындауын бағалау;
- E) ақпараттың дұрыстығын тексеру.

19. Экономикалық талдау факторлары – бұл:

- A) нәтижеге әсер ететін себеп;
- B) қолданбаған мүмкіндіктер;
- C) кәсіпорынның мүмкіндіктері;
- D) өндірістің тиімділігінің көрсеткіші;
- E) талдаудың міндеттері.

20. Жоспарлау ақпарат беру көздеріне жатады:

- A) ревизия және аудит тексерудің мәліметтері;
- B) бухгалтер мен статистика есептеу мәліметтер;
- C) аналитикалық мәліметтер;
- D) жоспарлау, нормативтер мен стандарттар;
- E) жоспарлар мен есеп беру құжаттары.

21. Ішкі талдау – бұл

- A) қаржы есептеудің бөлігі;
- B) басқару мен ішкі есептеудің бөлігі;
- C) басқару есептеудің бөлігі;
- D) бухгалтерлік есептеудің бөлігі;
- E) жоспарлау бөлігі.

22. Оперативті талдаудың ерекшелігі – ол пайдаланады,

тек:

- A) натуралды көрсеткіштерді;
- B) сандық көрсеткіштерді;
- C) құнды көрсеткіштерді;
- D) натуралды және құнды көрсеткіштерді;
- E) сапалы көрсеткіштерді.

23. Барлық талдау әдістері бөлінеді:

- A) жай және күрделі;
- B) дәстүрлі және экономико-математикалық;
- C) перспективті және ағымдағы;

D) дәстүрлі және күрделі;

E) статистикалық.

24. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі – ол:

A) экономикалық талдаудың объектісі;

B) экономикалық талдаудың субъектісі;

C) экономикалық талдаудың мазмұны;

D) экономикалық талдаудың әдісі;

E) экономикалық талдаудың қағидасы.

25. Экспресс-талдаудың мақсаты:

A) есептің оқуға дайындығын тексеру;

B) кәсіпорын туралы едәуір көлемде ақпараттар алу;

C) есеп кезіндегі жұмыс жағдайын бағалау;

D) шаруашылық субъектісінің қаржылық жағдайы мен даму динамикасын көрнекті түрде және қарапайым бағалау;

E) жоспардын орындауын бағалау.

26. Ақау – бұл:

A) өнім сапасының көрсеткіші;

B) аяқталмаған өндіріс;

C) өндірістік емес шығындар;

D) өнімнің уақыты жеткізбеген жіктеуі;

E) өнімнің сандық көрсеткіші.

27. Талдау нәтижесі келесі нысапда құрастырылады:

A) түсініктеме хат және қорытынды;

B) жоспар-график;

C) жазбаша және мәтінсіз;

D) теория және тәжірибе;

E) кесте, жоспар.

28. Құндық бағасы бар кәсіпорынның мүлкі, мүліктік, жеке мүліктік емес иелігі және құқығы:

A) капитал;

B) міндеттеме;

C) есеп беру;

D) активтер;

E) пассивтер.

29. Негізгі құралдарды пайдалану тиімділігін қай көрсеткіш сипаттайды:

- A) тозу коэффициенті;
- B) жарамдылық коэффициенті;
- C) қор қайтарымдылығы;
- D) нақты құн коэффициенті;
- E) амортизация сомасы.

30. Табыстылықтың абсолютті көрсеткіші:

- A) инвестициялардың табыстылығы;
- B) қаржыландыру коэффициенті;
- C) перманентті капитал табыстылығы;
- D) өнімді сатудан алынған табыс;
- E) активтер табыстылығы.

31. Қысқа мерзімді міндеттемелерге қай бап жатады:

- A) бөлінбеген табыс;
- B) кейінге шегерілген салық;
- C) дебиторлық борыш;
- D) кредиторлық борыш;
- E) алдағы кезең шығындары.

32. Жалпы пайда қалай анықталады:

- A) өнімді сатудан алынған табыс – кезең шығындары;
- B) негізгі қызметтен алынған табыс + негізгі емес қызметтен алынған табыс;
- C) салық салынғанға дейінгі әдеттегі қызметтен алынған табыс - салықтар;
- D) өнімді сатудан алынған табыс – сатылған өнімнің өзіндік құны;
- E) өнімді сатудан алынған табыс - салықтар.

33. Инвестициялық коэффициенті қалай анықталады:

- A) меншікті капитал/ негізгі капиталға;
- B) қарыз капиталы / меншікті капитал;
- C) қарыз капиталы / баланс валютасы;
- D) меншікті капитал / ұзақ мерзімді міндеттеме;
- E) меншікті капитал / қарыз капиталына.

34. Акция бағамы қалай анықталады:

- A) меншікті капитал/ дивидендтер;
- B) дивидендтер / саудалық пайыз*100;
- C) ұзақ мерзімді міндеттемелер/ дивидендтер;
- D) қысқа мерзімді міндеттемелер/ салық;
- E) саудалық пайыз / дивидендтер *100.

35. Қаржылық талдаудың ақпарат көзі:

- A) нормативті актілер;
- B) заңдар;
- C) ақша қаражаттары;
- D) баланс;
- E) статистикалық мәліметтер.

36. Негізгі құралдардың тозу коэффициенті:

- A) тозу сомасы / негізгі құралдардың қалдық құны;
- B) тозу сомасы / баланс валютасы;
- C) негізгі құралдардың қалдық құны/ баланс валютасы;
- D) негізгі құралдардың қалдық құны/ баланс валютасы;
- E) тозу сомасы / негізгі құралдардың бастапқы құны.

37. Сатудан алынған табыс пен айнымалы шығындар

арасындағы айырма:

- A) таза табыс;
- B) маржиналды табыс;
- C) негізгі қызмет табысы;
- D) жиынтық табыс;
- E) салық салынғаннан кейінгі табыс.

38. Айналым капиталының табыстылығы:

- A) таза табыс / сатудан алынған табыс;
- B) таза табыс / айналым капиталы;
- C) жиынтық табыс / сатудан алынған табыс;
- D) таза табыс / жиынтық капитал;
- E) негізгі қызметтен алынған табыс / сатылған өнімнің толық

өзіндік құны.

39. Шаруашылық қызметті талдау үшін пайдаланатын резервтер жіктеледі:

- A) кешенді және ғылыми;

- В) пайдаланбаған, ағымдағы және перспективті;
- С) сан және сапа;
- Д) арнаулы және көлемді;
- Е) салыстырмалы мөлшермен.

40. Акцияға түскен табысты келесідей анықтауға болады:

- А) акцияның нарықтық бағасын / акцияға түскен табысқа;
- В) акцияның нарықтық бағасының / баланстық құнына қатынасы;
- С) таза табыстан – дивидентке бөлінетін табыс / акцияның саны;
- Д) бір акцияға түскен дивиденті / бір акцияның нарықтық бағасына;
- Е) акцияның нарықтық бағасынан - акцияға түскен табысты.

41. Ұйымның қаржылық жағдайына қандай ішкі фактор әсер етеді:

- А) нарықтағы баға деңгейі;
- В) басшының атағы;
- С) қарыз капиталының көбеюі;
- Д) бәсеке;
- Е) жұмысшыларды материалдық ынталандыру.

42. Ұзақ мерзімді активтерді сатып алу және сату, несиелерді алу және қайтару ол:

- А) қаржылық қызмет;
- В) инвестициялық қызмет;
- С) қарапайым қызмет;
- Д) операциялық қызмет;
- Е) негізгі қызмет.

43. Тез өтетін активтер:

- А) қысқа мерзімдегі дебиторлық борыш;
- В) қорлар;
- С) басқа кәсіпорындардың жарғылық капиталға салған салымдары;
- Д) негізгі құралдар;
- Е) ақша қаражаттар және құнды қағаздар.

44. Негізгі құралдардың қор қайтарымдылығы нені сипаттайды:

- A) техникалық жағдайын;
- B) пайдалану тиімділігін;
- C) жарамдылық дәрежесін;
- D) тозу мөлшерін;
- E) нақты құнын.

45. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдауда негізгі ақпарат көзі қызметін атқарады:

- A) активтер;
- B) бухгалтерлік баланс;
- C) пассивтер;
- D) есеп беру;
- E) міндеттемелер.

46. Кадр саясатының тиімділігін бағалайтын көрсеткіш:

- A) кадрларды қабылдау коэффициенті;
- B) кадрларды шығару коэффициенті;
- C) кадрлардың тұрақтылық коэффициенті;
- D) кадрлардың жылжу коэффициенті;
- E) кадрлардың көбейту коэффициенті.

47. Қоймадағы дайын өнімнің қалдықтары және жыл аяғында тиіп жіберілген тауарлар көлемінің өсуі:

- A) сатудың көлемін арттырады;
- B) өзгертпейді;
- C) теңестіреді;
- D) сатудың көлемін кемітеді;
- E) өсіп отырады.

48. Материалдық шығындардың әр бір теңгесіне есептелген өнімнің көлемі қай көрсеткішпен сипатталады?

- A) материалдық шығындардың коэффициенті;
- B) материалдық шығындардың үлесі;
- C) материал сыйымдылығы;
- D) материал қайтарымдылығы;
- E) материал құны.

49. Кәсіпорынның кадрлармен қамтамасыз етуінің талдауы неден басталады:

- A) кадрлардың тұрақтылық коэффициентін есептеуі;
- B) шаруа субъектінің жұмыс күшімен қамтамасыз етуінен;
- C) еңбек өнімділіктің өсуін анықтаудан;
- D) персоналдың құрамы мен құрылымын меңгеруінен;
- E) еңбек сыймдылықтың анықтауымен.

50. Қаржылық талдауда жекелеген көрсеткіштердің жиынтық көрсеткіштегі үлес салмағын анықтайтын әдіс:

- A) коэффициенттер;
- B) трендтік талдау;
- C) тігінен талдау;
- D) көлденен талдау;
- E) факторлық талдау.

51. Өнімнің рентабельділігі қалай анықталады:

- A) таза табысты өнімді өткізуден түскен табысқа бөлумен;
- B) өнімді өткізуден түскен табысты таза табысқа бөлумен;
- C) жалпы табысты өнімді өткізуден түскен табысқа бөлумен;
- D) таза табысты өнімнің өзіндік құнына бөлумен;
- E) таза табысты жалпы табысқа бөлумен.

52. Ұйымның қаржылық жағдайына қандай ішкі фактор әсер етеді:

- A) нарықтағы баға деңгейі;
- B) қарыз капиталының көбеюі;
- C) басшының атағы;
- D) бәсеке;
- E) жұмысшыларды материалдық ынталандыру.

53. Қаржылық талдауда ауытқуларды анықтау арқылы көбірек таралған әдіс:

- A) тікелей талдау;
- B) коэффициенттер;
- C) трендтік талдау;
- D) көлденен талдау;
- E) факторлық талдау.

54. Талдау нәтижесі келесі нысанда құрастырылады:

- A) жоспар-график;
- B) жазбаша және мәтінсіз;
- C) түсініктеме хат және қорытынды;
- D) теория және тәжірибе;
- E) аналитикалық.

55. Кәсіпорынның басқару жүйесіне төменде аталған міндеттердің қайсысы енеді:

- A) жоспарлау және бағалау;
- B) ғылымилық;
- C) қаржы-шаруашылық қызметін талдау;
- D) есепке алу және қадағалау;
- E) басқару шешімін қабылдау.

56. Талдауды жүргізу кезіндегі ақпараттың негізгі көздеріне жататындар:

- A) экономикалық көрсеткіштер;
- B) нормативті-жосапарлау көрсеткіші;
- C) бухгалтерлік, статистикалық, жылдам есептеу, алғашқы құжаттау мәліметтері;
- D) есеп бермейтін ақпараттар көздері.
- E) аналитикалық зерттеу мәліметтері.

57. Өнеркәсіп өндірісінің жұмысын талдау мынадан басталады:

- A) өнімді шығару көрсеткіштерін зерттеуден;
- B) кәсіпорынның еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуін зерттеуден;
- C) кәсіпорынның негізгі құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуін талдаудан;
- D) кәсіпорынның шикізат, материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуін зерттеуден;
- E) маркетингтік талдаудан.

58. Өндірісті талдау және өнімді өткізудің негізгі міндеттері болып есептеледі:

- A) өндіріс динамикасы мен жоспарды орындау және өнімді өткізу деңгейін бағалау, сонымен қатар көрсеткіштердің жоспардан ауытқуына әсер ететін факторларды анықтау;

В) негізгі факторды қолданудың өнімді өндіру көлеміне әсерін есептеу;

С) өнімді шығарудың ішкі шаруашылық қорларын анықтау, олардың сапасы мен ассортиментін жақсарту;

Д) талдау барысында анықталған қорларды меңгеру бойынша шараларды жасау;

Е) экспорттық өнім шығару.

59. Кәсіпорында өнімді өндіру көлемін сипаттау үшін келесі өлшеуіштер қолданады:

А) бағалық;

В) натуралдық;

С) шартты-натуралдық;

Д) еңбектік;

Е) экспорттық өнім шығару.

60. Номенклатура түсінігі, ол:

А) натуралды түрінде кәсіпорынның жоспарлы тапсырмасында бекітілген атаулар мен олардың кодтар тізімі;

В) әрбір түрі бойынша шығару көлемі көрсетілген атаулар бойынша өнімдердің тексерілген тізімі;

С) шығарылған өнімнің түрлері;

Д) қолданыстағы шикізат ресурстарының түрлері;

Е) қосымша жасақтаушы өнімдер.

61. Өнім сапасының көрсеткіштерінің түрлері:

А) жалпылаушы;

В) жекеше;

С) жанама;

Д) салыстырмалы;

Е) аралас.

62. Жұмыс ресурстарын пайдаланудағы талдауын негізгі міндеттеріне жататындар:

А) кәсіпорындарды және оның салаларын түгелдей категория және мамандығы бойынша қызметкерлермен қамтамасыз етілуін бағалау және зерттеу;

В) жұмыс ресурстарының қозғалуын бағалау және кадрлар ағымның себебін табу;

С) жұмыс уақытын дұрыс пайдалануын бағалау, жарамсыздықтан болған шығынның себебін анықтау;

Д) еңбекке төленген қаржыны нақты пайдалануды бағалау;

Е) жұмыс уақытына жұмыс ресурстарын тиімді пайдалануға және кәсіпорындағы кадрлар ағымын азайтуға бағытталған іс-шаралардың нұсқауы.

63. Жұмысшыларды толықтыру коэффициенті дегеніміз:

А) орташа тізімдегі қызметкерлер санының, жұмысқа қабылданған қызметкерлер санына қатынасы;

В) жұмысқа қабылданған қызметкерлер санының, орташа тізімдегі қызметкерлер санына қатынасы;

С) жұмысқа қабылданған қызметкерлер санының жұмыстан шыққандар санына қатынасы;

Д) бір жыл бойы жұмыс істеген жұмысшылар санының жұмыстан шыққан қызметкерлер санына қатынасы;

Е) барлық жауабы дұрыс.

64. Еңбек жағдайын және жұмысшылардың денсаулықтарын жақсарту іс-шараларын бағлау кезінде келесі көрсеткіштерді пайдаланамыз:

А) жұмысшыларды санитарлық-тұрмыстық бөлмелермен қамтамасыз ету;

В) еңбектің санитарлық-гигиеналық жағдайының деңгейі;

С) 100 адамға шаққанда жарақат алу деңгейінің жиілігі;

Д) кәсіби аурулармен ауыратын жұмысшылар пайызын анықтау;

Е) 100 адамға шаққандағы уақытша жұмысқа жарамсыздық саны.

65. Жұмысшылардың әлеуметтік-мәдени және тұрмыс-тұрғын үй жағдайы келесі көрсеткіштермен сипатталады:

А) жұмысшыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету;

В) емделуге жәрдемақы бөлу;

С) жаңа үй салу жоспарын орындау;

Д) балалар бақшасын салу;

Е) шипажайлар мен демалыс үйлерін салу.

66. Еңбек ұжымын әлеуметтік қорғаудың негізгі бағыттарына жататындар:

А) бірінші кезекте көп балалы отбасына материалдық көмек беру;

В) шипажайлар мен демалыс үйлерін салу;

С) тұрғын үй салуға пайызсыз ссудалар беру;

Д) жолдамалар алу, емделуге жәрдемақы төлеу;

Е) тамағына, жолақысына ішінара төлем жасау.

67. Кадрлар ағымының коэффициенті мына қатынаспен анықталады:

А) өз еркімен жұмыстан кеткен және еңбек тәртібін бұзған жұмысшылар санының орташа тізімдегі қызметкерлер санына қатынасы;

В) жұмыстан кеткен жұмысшылар санының орта тізімдегі қызметкерлер санына қатынасы;

С) жұмыстан шыққан жұмысшылар санының, қабылданғандар санына қатынасы;

Д) жұмыстан кеткен жұмысшылар санының 1 жыл бойы жұмыс істеген жұмысшылар санына қатынасы;

Е) жұмыстан шығарылған жұмысшылардың орташа тізімдегі қызметкерлер санына қатынасы.

68. Негізгі қорды талдаудың міндеттері:

А) кәсіпорынды және оның құрылымдық салаларын, оларды пайдалану деңгейін негізгі қорлармен қамтамасыз етуді анықтау;

В) кәсіпорынның материалдық ресурстарын тиімді пайдалану деңгейін бағалау;

С) жұмыс күнін тиімді пайдалануды есептеу және жарамсыз өнімнен болатын шығынды анықтау;

Д) кәсіпорынның өндіру қарқынын және құрал-жабдықтарды пайдалану деңгейін зерттеу;

Е) негізгі қорды тиімді пайдаланудың ұлғайту резервтерін табу.

69. Негізгі құрал-жабдықтардың құрылымын және құрамын зерттеу арқылы анықтайды:

А) негізгі құрал-жабдықтардың бар екенін;

В) негізгі құрал-жабдықтардың қозғалуын;

- C) негізгі құрал-жабдықтардың техникалық жағдайын;
- D) негізгі құрал-жабдықтардың жаңарту деңгейін;
- E) негізгі құрал-жабдықтардың көлемін.

70. Негізгі құрал-жабдықтардың техникалық жағдайы олардың келесі деңгейімен сипатталады:

- A) тозу;
- B) жаңарту және істен шығу;
- C) техникалық жарамдылығы;
- D) құрал-жабдықтардың жас құрамы;
- E) шикізат, материалдық ресурстарды үнемдеу мүмкіншілігі.

71. Бір өнімді өндіруге шығатын шикізатты азайтуға болады:

- A) өнімнің конструкциясын жеңілдету арқылы;
- B) өндіріс технологиясы мен техниканы жетілдіру арқылы;
- C) сапасы жоғары шикізат дайындау арқылы;
- D) жарамсыздықты болдырмау, қалдықтарды азайту арқылы;
- E) жұмысшылар біліктілігін арттыру, тасымалдау және сақтау кезінде шикізатты жоғалтуды азайту арқылы.

72. Бір дана өнімге деген жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық сомасы байланысты:

- A) жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық шығындардың жалпы сомасына;
- B) тікелей шығындар сомасына;
- C) ауыспалы шығындар сомасына;
- D) өнімді өндіру көлеміне;
- E) негізгі қордың көлеміне.

73. Кез-келген кәсіпорынның қызметі мынадан басталады:

- A) уставты капиталды құрудан;
- B) маркетингтік талдауды жүргізуден;
- C) өнімге деген сұранысты зерттеуден;
- D) жабдықтарды сатып алудан;
- E) таза пайда табудан.

74. Маркетинг көмегімен мынаны анықтайды:

- A) жаңа нарықты;

- В) жаңа тұтынушыны;
- С) жаңа тауарды;
- Д) таза пайда табуды;
- Е) еңбекақыны көбейтуді.

75. Тауарлардың өмірлік циклінің полдік стадиясы былай сипатталады:

- А) тауарды нарыққа шығарады;
- В) жаңадан шыққан тауар мен тауардың өзін жасау идеясын зерттеу мен қабылдау (апробация);
- С) сатылымның өсімімен;
- Д) тауар өз сұранысын азайтады;
- Е) тауар сұранысы көбейеді.

76. Төменде көрсетілгендердің қайсысы капиталды құрудың қайнар көзінің талдауы мен қатарына жатпайды:

- А) кәсіпорын капиталын құрудың қайнар көздерінің құрамын, құрылымын және динамикасын зерттеу;
- В) олардың көлемінің өзгеру факторларын анықтау;
- С) капиталдың жеке қайнар көздерінің құнын, оның өлшенген орташа құнымен бағасының өзгеру факторларын анықтау;
- Д) кәсіпорынның қаржы тұрақтылығы деңгейінің көтерілу көзқарасы бойынша, баланс пассивіндегі өзгерістерді бағалау;
- Е) жеке және қарыз капиталдың арақатынасының тиімді нұсқасын дәлелдеу.

77. Қосымша капитал мынаның салдарынан құрылады:

- А) мүлікті қайта бағалау немесе акцияны олардың номиналды құнынан жоғары құнға сату нәтижесінен;
- В) кәсіпорынның таза пайдасы есебінен құрылтайшы құжаттарға сәйкес немесе заңдарға сәйкес;
- С) жеке тұлға мен заңды тұлғалар есебінен;
- Д) акцияны сату қаражатынан;
- Е) өнімнің өзіндік құнын төмендетуден.

78. Төменде көрсетілгендердің қайсысы қысқа мерзімді заемдық капиталға жатпайды:

- А) қарыздар;
- В) лизинг;

- C) несиелік қарыз;
- D) заемдық капитал;
- E) меншікті капитал.

79. Капиталдың айпалымы мына қатынасқа тең:

- A) капиталдың орта жылдық сомасына кіріс қатынасы;
- B) кіріске сатудан түскен пайда қатынасы;
- C) таза пайданың сомасына қайта инвестицияланған пайда сомасының қатынасы;
- D) баланс активтерінің орта жылдық сомасына кіріс қатынасы;
- E) меншікті капиталдың ортажылдық сомасына баланс активтерінің ортажылдық сомасының қатынасы.

80. Монетарлы активтер-бұл:

- A) ағымдағы ақшамен бағалаудағы көрінетін міндеттемелер, қаражаттар, баланс статьялары;
- B) негізгі құрал-жабдықтар, аяқталмаған күрделі құрылыс, өндірістік қорлар, аяқталмаған өндіріс, дайын өнім, сатуға арналған тауарлар;
- C) капиталдың орта жылдық сомасына кіріс;
- D) кіріске сатудан түскен пайда;
- E) таза пайданың сомасына қайта инвестицияланған пайда сомасының қатынасы.

81. Капиталды тиімді қолдануды сипаттайтын негізгі көрсеткіштер:

- A) капитал тиімділігі;
- B) айналым коэффициенті;
- C) айналым тиімділігі;
- D) рентабельдік;
- E) таза пайда.

82. Салынған объектілері бойынша инвестиция бөлінеді:

- A) қаржылық;
- B) шынайы;
- C) капиталды;
- D) шығынды;
- E) өнімді.

83. Пайдалану бағыттарына байланысты инвестициялар келесідей жіктеледі:

- A) кәсіпорын құруға байланысты инвестициялар;
- B) ағымдағы;
- C) қосымша;
- D) қаржылық;
- E) капиталды.

84. Инвестиция тиімділігін бағалау үшін келесі көрсеткіштер пайдаланылады:

- A) 1 теңгеге шаққандағы инвестицияға қосымша өнім шығару;
- B) 1 теңгеге шаққандағы өнімнің өзіндік құнының төмендеуі;
- C) инвестицияның 1 теңгеге шаққандағы есептелген өнімді өндіруге шыққан еңбек шығыны;
- D) инвестицияны 1 теңгеге шаққандағы пайданы көбейту;
- E) инвестицияның төлем қайтарылу мерзімі.

85. Инвестициялық қызмет бағдарламасын бағалаудың негізгі әдістемесі деп айтамыз:

- A) инвестициялық жобаның орташа салмақпен есептелген өміршеңдік циклын;
- B) табыстың ішкі нормасын (мөлшерін) анықтауды;
- C) инвестицияның келтірілген тиімділікті анықтауды;
- D) инвестиция рентабельдігін есептеу индексін;
- E) инвестиция қайтарылымы мерзімін есептеуді.

ГЛОССАРИЙ

А

Ағымдағы резервтер – деп жақын уақытта (ай, тоқсан, жыл) жүзеге асырылуға тиісті шаруашылық қызметтің резервтерін жақсарту мүмкіндіктерін түсінеді.

Актив – негізгі құрал-жабдық, бейматериалдық активтер, материалдық өндірістік босалқы қорлар, ақшалай қаражат.

Акционер – акционерлік кәсіпорынның ортақ иесі; белгілі бір табысты және істерді басқаруға қатысу құқығын беретін акциялардың иесі.

Амортизация – негізгі қорлардың тозуы себепті оның құндылығының бірте-бірте төмендеуі.

Ақша түсімі – өндірілген тауар мен өнімді сатудан алынған пайда, табыс ретінде көрсетілген ақша қаражаттары.

Ақша жиыны – айналысқа жіберілген металл және қағаз ақшаның бүкіл көлемі.

Ақша айналысы – айналыс қаражаты мен төлем қаражаты міндетін атқаратын ақшаның үздіксіз қозғалысы.

Ақша – сатып алу мен сатуда құн өлшемі болып табылатын және жалпыға бірдей балама рөлін атқаратын металл немесе қағаз белгілер.

Айналыс шығындары – өндірушілер мен тұтынушылардың тауарларды өткізу мен сатып алуға байланысты шығыны.

Айналыс қорлары – айналыс саласында жұмыс істейтін кәсіпорындардың қаражаты.

Айналым қаражаты – өндіру мен өткізудің үздіксіз үрдісін қамтамасыз ететін, өндірістік айналым қорлары.

Акциялардың бақылау пакеті – бір кәсіпорынның қолында шоғырланған және АҚ-ның нақты бақылау мүмкіндігін беретін акциялардың үлесі.

Активтерді тану деп – активтерді бірегейлік өлшемге келтіріп, қаржылық қорытынды есеп мәліметтерін пайдаланушылардың талабына қарай қанағаттандыруды айтады.

«Аю» – биржа практикасында бағаны төмендетуге айла-шарғы жасайтын жалдаптар (маклер).

Б

Банкілер – ақшалай қаражат пен қорлануды шоғырландыратын, несие беретін, ақша мен бағалы қағаздар шығаратын мекеме.

Бағалама – шетелдік валюталардың курстарын қалыптасқан тәжірибеге сәйкес белгілеу.

Балапс – бұл екі жақты кесте түрінде белгілі бір кезеңге ақшалай өлшеммен шаруашылық қаражаттардың болуын және олардың қалыптасу көздерін сипаттайтын, жиынтық ведомоста топтастырылған көрсеткіштер жүйесі.

Бәсеке – капиталдардың жақсы, тиімді жұмсалуды үшін, өнімді өндіру мен өткізудің, өндірістің неғұрлым тиімді жағдайы үшін тауар өндірушілер арасындағы күрестің құрамдас бөлігі.

Баға құру, баға белгілеу – бағаның деңгейлерін, ара салмағын және құрылымын қалыптастырып, өзгерту үрдісі.

Баға – тауар құнының ақшалай тұлғалануы.

Бизнес – табыс, пайда алуға бағытталған кез келген қызмет түрі.

Биржа – биржа операциялары жүзеге асырылатын үй.

Брокер – қор және тауар биржаларында, валюта рыноктарында сатып алушымен сатушы арасында мәміле жасасу кезінде арада жүретін ресми делдал.

В

Валюта – тауарлар құнының шамасын өлшеу үшін пайдаланылатын ақша өлшемі.

Д

Дебит – қайнар көзден белгілі бір мерзімде алынатын газдың, судың, мұнайдың немесе басқа да сұйық затының мөлшері.

Девальвация – ұлттық валютаның құнсыздануы.

Демпинг – бәсекелестерді құрту және сыртқы рынокты басып алу мақсатымен, дүние жүзілік рыноктағы бағадан гөрі едәуір арзан бағамен шығару.

Делдалдық – заңды ұйымдар мен жеке адамдардың шарт жасасуына және оны орындауына ықпал жасауға бағытталған қызметі.

Депозит – кредит мекемелеріне сақтауға тапсырылатын ақша сомасы.

Дефицит – микроэкономикада әлдебір ресурстың жетіспеушілігі, тапшылығы.

Дивиденд – акционерлік қоғамның есепті бір кезеңде акция иесімен алған пайдасының бір бөлігі.

Дилер – бағалы қағаздарды, валюталарды сатып алумен және сатумен айналысатын қор биржасының мүшелері және банкілер.

Дистрибьютор – өндіруші ірі өнеркәсіп фирмаларынан, дайын өнімді көтере сатып алу негізінде өнім өткізетін фирма.

Ж

Жалгерлік – мүлікті жалдау, жалға беруші, жалгерлерге мүлікті уақытша пайдалануға беретін шарт.

Жалгерлік ақы – жалгерлік тәртібімен берілген мүлік үшін ақшалай нысандарда төленетін ақы.

Жалпы пайда – кәсіпорын қызметінің жалпы нәтижесі, ол кәсіпорынның жиынтық кірістері мен шығыстары арасындағы айырма.

Жұмыссыздық – жұмыс істегісі келген еңбекке жарамды халықтың өндірісте жұмыспен қамтылмауы.

Жаңартпа, жаңа енгізілім – еңбекпен басқаруды ұйымдастырудың жаңа нысандарын еңгізу.

Жапама шығындар – кәсіпорынның өнім өндіруге және өткізуге, өндірісті ұйымдастыруға және басқаруға жұмсаған шығындары.

Жапама салықтар – тауарлар мен қызметтерді өндіру, сату, сатып алу және түпкілікті пайдалану кезінде өндірушілер төлейтін салық.

Жарғылық капитал, немесе меншікті капитал – ұйымдардың бастапқы кезеңде құру және бұлардың қызметін бастау жөнінде меншік иелерінің, сондай-ақ басқа да тұлғалардың осы ұйымға салған көздерін (источник) атаймыз.

Жұптама корреляция – бұл біреуі факторлы, ал екіншісі нәтижелік болып келетін екі көрсеткіш арасындағы байланыс.

И

Импорт – импорттаушы елдің ішкі рыногында өткізу үшін тауарларды, технологияны, бағалы қағаздарды шетелден әкелу.

Инвестициялар – капиталдың ел ішіндегі және шетелдегі экономикаға ұзақ мерзімді жұмсалымы.

К

Капитал – тауар өндіру мен қызметтер көрсетуге пайдалану үшін жасалынған ресурстар.

Күрделі жұмсалым, қаржылар – кейіннен пайда, табыс алу немесе әлеуметтік нәтижеге қол жеткізу мақсатымен экономиканың объектілеріне жұмсалатын мүліктік құндылықтардың барлық түрлері.

Коммерциялық баға – коммерциялық дүкендерде сатылатын тұтыну заттарының бағасы.

Коммерциялық несие – сатушылар, сатып алушыларға кредиттік тауарлар үшін төлем мерзімін ұзарта отырып тауар нысанында беретін несие.

Коммерциялық кәсіпорын – заңды ұйым құқықтары берілген, өзін-өзі қаржыландыру жағдайында жұмыс істейтін және көп пайда алу мақсатын көздейтін шаруашылық жүргізуші дербес субъект.

Коммивояжер – сауда фирмасының сатып алушыларға өзінің қолында бар үлгілер бойынша тауарлар ұсынушы, жүргінші агенті.

Комекші өндіріс – негізгі өндіріске қызмет көрсету жұмыстары орындалатын қосалқы бөлімдері.

Консалтинг – ынтымақтастық нысаны; тауар өндірушілерге, фирмаларға кеңес беріледі.

Консорциум – бірлескен қаржы және коммерциялық операцияларды жүргізу үшін ұйымдардың бірлестігі.

Күрделі қаржылардың (КҚ) экономикалық тиімділігі – негізгі қорларды құруға немесе дамытуға арналған КҚ шамасы мен нәтижелердің арасалмағы.

Кәсіпорын қорлары – тауарлар өндіру және қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын материалдық және ақшалай қаражат.

Көтерме сауда бағасы – кәсіпорындар өндірілген өнімді, халықтан басқа кәсіпорындар мен ұйымдарға сатқанда қолданылатын баға.

Кәсіпкер – иелігіндегі мүлікті заңды негізде пайдалану жөнінде өз бас-тамасымен шешімдер қабылдауға құқылы заңды ұйым.

- Кәсіпкерлік** – қолданылып жүрген заңдар шеңберінде іс-қимыл жасайтын бастамалық, шаруашылық немесе басқа да қызмет.
- Көлденең (уақытпен) талдау** – есептіліктің әрбір позициясын өткен кезеңмен салыстыру.

Қ

- Қарыз алушы** – несие алушы, кредиттік қатынастар субъектілерінің бірі.
- Қарыз** – жеке адамның, заңды ұйымның және мемлекеттің қайтарма негізде және белгілі бір мерзімге ақшалай қаражат алуы.
- Қаржы, кәсіпорынның қаржылары** – мемлекеттің, кәсіпорынның ақшалай қаражатының жиынтығы.
- Қорлар** – тұрақты табыс әкелетін бағалы қағаздар.
- Қызметтер** – кәсіпорынның өндірістік емес қызметінің нәтижесі.
- Қосылған құн** – белгілі бір кәсіпорында тауарлар өндіру барысында жасалатын құн өсімі.
- Қорытынды баланс** - құрастырған кезде мұндай көрсеткішке ұйымның қаржылық нәтижесі (пайда немесе зиян) жатқызылып және оны құрастырудың алдында баланстың барлық баптарына түгендеу міндетті түрде жүргізіледі.

Л

- Лизинг** – жабдықты, көлікті, өндірістік ғимараттарды ұзақ мерзімді жалға алу.

М

- Маржа** – белгілі бір екі көрсеткіш арасындағы айырманы көрсететін шама.
- Макроэкономикалық талдау** – бұл әлемдік шаруашылықтың талдауы, мемлекеттің, халық шаруашылығының жүйелі талдауы.
- Микроэкономикалық талдау** – мекеменің халық шаруашылығының негізгі бөлімдерін жүргізудің талдауы.

Н

- Нақты экономикалық талдау** – нақты есептеулер мен формулалар арқылы берілген сандық талдау.
- Негізгі қаражат** – еңбек құралдарына жататын материалдық-заттай құндылықтардың жиынтығына жұмсалған қаражат.

Негізгі қорлар – ұзақ кезең бойына қызмет ететін материалдық-заттай құндылықтардың жиынтығы.

Негізгі қорлардың құны – кәсіпорындар ғимараттарының, машинаналары мен жабдығының, жалпы экономиканың белгілі бір күнгі жиынтық құны.

Негізгі қорлардың қалдықтық құны – негізгі қорлардан тозуды алып тастағандағы бастапқы немесе қалпына келтіру құны.

Несие (кредит) – ақшалай немесе тауарлар нысанындағы несие.

О

Оргалық банк – ақша жеке дара шығару, кредитті, валюта курсы реттеу, ресми алтын-валюта резервтерін сақтау құқығы берілген банк.

Ө

Өзара шарт – екі жақтың тауар жеткізу, белгілі бір жұмысты орындау жөнінде өзара міндеттенген келісімі.

Өндіріс бағасы – тауарлардың рыноктық бағасы негізінде бар құнның өзгерген нысаны.

Өтелім мөлшері – өтелім жарнасының белгілі бір кезеңде белгіленген мөлшерінің негізгі өндірістік қорлардың баланстық құнына қатынасы.

Өнім – белгілі бір уақыт аралығында өндірілген өнімдердің бүкіл көлемі.

Өндіруші – пайда алу мақсатымен тауар дайындайтын немесе қызмет ұсынатын кәсіпорын.

Өнімділік – тұтынылған ресурстардың көлеміне бөлінген шығарылым көлемі.

Өнімнің пайдалылығы – өнімді өткізуден алынған пайданың, тікелей өндірістік шығындарды шегеріп тастағандағы өзіндік құнына қатысы.

Өзіндік құн калькуляциясы – өнім өндіруге және өткізуге, жұмысты орындауға жұмсалатын шығынды ақшаға шағып есептеу.

П

Пайда мөлшері – қосымша құнның пайыз түрінде көрсетілген бүкіл капиталға қатынасы.

Пайда – фирманың жалпы табысы мен шығындары арасындағы айырма.

Пайдалылық – құндық бағалау көрсеткіштерінің біріндегі пайданың үлесін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш.

Пайдаланылмаған резервтер – өткен уақыт мерзімдеріндегі өндіріс тиімділігін арттыруда жіберілген мүмкіндіктер.

С

Салыстырмалы (кеңістіктік) талдау – бұл фирмалардың, еншілес фирмалардың, бөлімшелердің және цехтардың жекелеген көрсеткіштері бойынша есебінің құрама көрсеткіштерін шаруашылық ішіндегі талдау, сондай-ақ берілген фирманың көрсеткіштерін, орташа салалық және орташа жалпы экономикалық мәліметтері бар бәсекелес фирмалардың көрсеткіштерімен салыстырғандағы шаруашылық аралық талдау болып тыбалады.

Сауда пайдасы – тауар өткізуден сатып алу мен сату бағасы арасындағы айырма есебінен алынатын пайда.

Сыртқы сауда объектілері, тауарлар – шетке (экспортқа) шығарылатын ішкі өндіріс тауарлары мен қызметтері.

Т

Табыс – кәсіпорындар, фирмалар жұмысының аса маңызды экономикалық көрсеткіші.

Таза монополия – нақты тауар рыногындағы жағдай, мұнда тек бір ғана сатушы әрекет етеді.

Таза өнім - өндіріш қызметтің нәтижесін сипаттайтын көрсеткіш.

Таза бәсеке – көптеген ұсақ сатып алушылар мен сатушылардың бәйгелестігі.

Табыстар дегеніміз – қаржының келуі немесе активтер құнының өсуі, не болмаса пассивтердің азаюы түріндегі есепті кезеңдегі экономикалық пайданың ұлғаюы болып табылады, бұл акционерлер салымдарының есебінен өсуден, басқа жағдайдағы капиталдың өсуіне әкеледі.

Тартылған капитал деп – кәсіпорынның барлық міндеттемелерін айтады, яғни ол осы ұйымның басқа заңды және жеке тұлғаларға

қандай да бір операциялар нәтижесіне сәйкес кредиторлық қарыздары болып табылады.

Теориялық, саяси-экономикалық талдау – абстракцияның жоғарғы дәрежесіне негізделген сапалы логикалық талдау, дәлмедәл айтқанда экономикалық заңдылықтар, категориялар мен түсініктердің талдауы.

Талдау әдісі - шаруашылық құбылыстар мен үрдістердің құралуы мен дамуына зерттеу жағынан және диалектикалық тұрғыдан жақындау амалы.

Тауар өнімі – кәсіпорын өндірген және сыртқа сатуға, немесе өз қажетіне арналған барлық өнімнің құнын сипаттайтын өндіріс көлемі көрсеткіштерінің бірі.

Талдау – бұл біртұтастылықты құрамдас бөліктерге бөлуге және олардың арасындағы өзара байланыстылықты және өзара тәуелділікті зерттеуге негізделген ішкі және сыртқы ортаның құбылыстары мен үрдістерін тану құралы.

Тақырыптық жоспарлар – бұл терең зерттеуді талап ететін, кешенді сұрақтар бойынша талдау жүргізу жоспарлары.

Тауарларды өткізуден алынған пайда – жалпы табыс пен айналыс шығындар арасындағы айырма.

Тігінен (құрылымдық) талдау – есептіліктің әрбір позициясының жалпы нәтижеге әсер етуін айқындау мақсатымен жиынтық көрсеткіштердің құрылымын анықтау.

Трендтік талдау – перспективті талдаудың бөлігі, көлденең талдаудың жалғасы, қаржылық болжау үшін басқаруда қажет.

Тұтыну – қажетсіздікті қанағаттандыру барысында өнімді пайдалану, ұдайы өндіріс процесінің ақырғы кезеңі.

Тұтыну бағасы – сатып алушының тауарды сатып алуға және оны пайдаланудың қалыпты кезеңі бойынша пайдалануына жұмсаған шығыны.

Ұ

Ұсыным – рыноктағы немесе рынокқа жеткізілуге жарамды тауарлардың жиынтығы.

Ф

Факторлық талдау – бұл жекелеген факторлардың қорытынды көрсеткішке тигізетін әсерін зерттеудің детерминдік (анықтау) немесе реттелмеген тәсілдері көмегімен талдау.

Фирма – заңды ұйым құқықтарын пайдаланатын шаруашылық, өнеркәсіптік немесе сауда кәсіпорындары.

Х

Хеджирлеу – коммерциялық және валюталық қатерден сақтандыру.

Ш

Шағын кәсіпорын – жұмыс істеушілердің санына немесе шаруашылық қызметтің көлеміне қатысты шектеу ерекше белгілері болып табылатын дербес субъект.

І

Ішкі тұтынуға арналған тауарлар – сыртқы рынокта тікелей өткізуге болмайтын ішкі өндіріс тауарлары мен қызметтері.

Э

Экономикалық талдау – шығын мен пайданы, қызметтің біршама пайдалылығын бағалаудың әдісі.

Экономикалық пайда – фирманың барлық есептелген шығындары шегерілгеннен кейін қалған жалпы табысы.

Экономика – материалдық өндіріс пен өндірістік емес саланы қамтитын халық шаруашылығы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен бекітілген.

2. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты».

3. Баканов М.И., Мельник М.В., Шеремет А.Д. Теория экономического анализа: Учебник. – М.: Финансы и статистика, 2006.

4. Бирман Г., Шмидт С. Экономический анализ инвестиционных проектов. – М.: Банки и биржи: ЮНИТИ, 1997.

5. Киреева Н.В. Комплексный экономический анализ хозяйственной деятельности: Учеб. пособие. – М.: Социальные отношения, 2007.

6. Любушин Н.П., Лещева В.В., Дьякова В.Г. Анализ финансово-экономической деятельности предприятия: учебное пособие для вузов. Под редакцией проф. Н.П. Любушина.-М.:ЮНИТИ-Д, 2006.

7. Любушин Н.П. Комплексный экономический анализ хозяйственной деятельности. – М.: ЮНИТИ, 2005.

8. Савицкая Г.В. Анализ хозяйственной деятельности: вопрос - ответ. - М.: ИНФРА-М, 2008.

9. Савицкая Г. В. Анализ хозяйственной деятельности предприятия: Учебник для техникумов. - М.: ИНФРА-М, 2007.

10. Савицкая Г.В. Анализ хозяйственной деятельности предприятий АПК. 7-е изд. - М.: Новое знание, 2007.

11. Шеремет А.Д. Комплексный анализ хозяйственной деятельности: Учебник. – М.: ИНФРА-М, 2006.

12. Шеремет А.Д., Сайфулик Р.С. Методика финансового анализа. – М.: ИНФРА-М, 2002.

13. Фирстова С.Ю. Экономический анализ в вопросах и ответах. Учебное пособие. – М.: Кнорус, 2006.

Қосымша әдебиеттер:

14. Абрютинa М.С., Грачев А.В. Анализ финансово-экономической деятельности предприятия. – М.: Дело и сервис, 1998.
15. Анализ хозяйственной деятельности в промышленности / Под ред. В.И. Стражева. , – Минск: Вышэйшая школа, 2008.
16. Донцова Л.В., Никифорова Н.А. Комплексный анализ бухгалтерской отчетности. – М.: ДИС, 2002.
17. Ермолович Л.Л. Анализ финансово-хозяйственной деятельности предприятия. - Минск: Совр. школа, 2006.
18. Молибoг Т.А., Молибoг Ю. И. Комплексный экономический анализ финансово-хозяйственной деятельности организации. – М.: ВЛА – ДОС, 2005.
19. Негашев Е. В. Анализ финансов предприятия в условиях рынка. – М.: Высшая школа, 1997.
20. Савицкая Г. В. Анализ эффективности и рисков предпринимательской деятельности: методологические аспекты: Монография. – М.: ИНФРА-М, 2008.
21. Савицкая Г. В. Экономический анализ. 13-е изд. – М.: Новое знание, 2007.
22. Савицкая Г.В. Теория анализа хозяйственной деятельности. - М.: ИНФРА-М, 2008.
23. Федорова Г.В. Финансовый анализ при угрозе банкротства. – М.: Омега-Л, 2003.
24. Шеремет А.Д., Негашев Е.В. Методика финансового анализа деятельности коммерческих организаций. – М.: ИНФРА-М, 2005.
25. Ковалев В.В. Сборник задач по финансовому анализу: Учебное пособие.- М: Финансы и статистка, 2000.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
I БӨЛІМ. ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ТАЛДАУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ.....	6
1-ТАРАУ. Шаруашылық қызметті талдаудың пәні, Мазмұны және міндеттері	6
1.1. Шаруашылық қызметті талдаудың түсінігі, мазмұны, орны және міндеті.....	6
1.2. Шаруашылық қызметті талдаудың түрлері және оларды жіктеу	10
1.3. Шаруашылық қызметті талдаудың пәні мен объектісі	11
<i>1-тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер</i>	<i>12</i>
2-ТАРАУ. Экономикалық талдаудың әдістері мен тәсілдері.....	14
2.1. Экономикалық талдаудың әдістері туралы түсінік.....	14
2.2. Экономикалық талдаудың тәсілдері және оны жіктеу	15
<i>2-тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер</i>	<i>20</i>
3-ТАРАУ. Шаруашылық қызметті талдауды ұйымдастыру және ақпараттық қамсыздандыру	22
3.1. Шаруашылық қызметті талдауды ұйымдастырудың негізгі қағидағтары	22
3.2. Кәсіпорында шаруашылық қызметті талдаудың орындаушылары және ұйымдастыру түрлері	23
3.3. Аналитикалық жұмыстарды жоспарлау	25
3.4. Шаруашылық қызметті талдауды ақпараттық және әдістемелік қамсыздандыру	26

3.5. Шаруашылық қызметінің нәтижесін құжаттап рәсімдеу	28
<i>3-тарауға өз білімін тексеру және бақылау</i>	

<i>сұрақтары, есептер</i>	29
---------------------------------	----

II БӨЛІМ. КӘСІПОРЫН ДЕҢГЕЙІНДЕ

БАСҚАРУШЫЛЫҚ (ШКІ) ТАЛДАУ ТӘСІЛІ.....	30
--	-----------

4-ТАРАУ. Өнімді өндіруді және таратуды талдау

4.1. Талдаудың ақпараттық көздері және міндеттері	30
---	----

4.2. Өнімді шығарудың жалпы бағасы.....	31
---	----

4.3. Өнімнің номенклатурасын, ассортиментін, және құрылымын талдау.....	33
---	----

4.4. Жарамсыздықтан болған шығынды және өнім сапасын талдау	36
---	----

4.5. Өнімді таратуды талдау	38
-----------------------------------	----

4.6. Өнімнің ырғақтылығын талдау.....	39
---------------------------------------	----

4-тарауға өз білімін тексеру және бақылау

<i>сұрақтары, есептер</i>	41
---------------------------------	----

5-ТАРАУ. Кәсіпорынның еңбекақы қоры және еңбек

ресурсын пайдалануды талдау	44
--	-----------

5.1. Ақпарат көздері, міндеттері және маңызы	44
--	----

5.2. Кәсіпорынды еңбек ресурстарымен қамтамасыз етуді және қызметкерлер құрылымын талдау.....	45
---	----

5.3. Еңбек ұжымын әлеуметтік қорғау және еңбек ресурстарының қозғалуын талдау	47
---	----

5.4. Жұмыс уақытының теңгерімін талдау	50
--	----

5.5. Жұмыс уақытын жоғалту және еңбек ресурстарын пайдалануды талдау	51
--	----

5.6. Еңбек өнімділігін және еңбек сыйымдылығын талдау	52
---	----

5.7. Еңбекақы ресурсын пайдалануды талдау	54
---	----

5-тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары,

<i>есептер</i>	57
----------------------	----

6-ТАРАУ. Негізгі қорды пайдалануды талдау	60
6.1. Талдаудың міндеттері және ақпарат көздері. Негізгі құралдардың жағдайының, құрылымының және қозғалысының талдауы.....	60
6.2. Негізгі өндіріс қорларын тиімді пайдалануды талдау	62
6.3. Кәсіпорынның өндіріс қуатын және құрал-жабдықтарын пайдалануын талдау.....	65
<i>6-тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер</i>	<i>69</i>
7-ТАРАУ. Материалдық ресурстарды пайдалануды талдау ...	71
7.1. Талдау міндеттері, ақпарат көздері	71
7.2. Материалдық-техникалық жабдықтау жоспарын орындауды талдау	72
7.3. Кәсіпорынды материалдық ресурстармен қамтамасыз етуді талдау	74
7.4. Материалдық ресурстарды тиімді пайдалануды талдау	76
<i>7-тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер</i>	<i>77</i>
8-ТАРАУ. Өнімнің (жұмыс, қызмет) өзіндік құнын талдау	80
8.1. Өзіндік құнды (жұмыс, қызметті) талдау объектісі, көздері және маңызы	80
8.2. Өндіріске кеткен жалпы соманы талдау	81
8.3. Өнімнің бір теңгеге шаққандағы шығынын талдау	82
8.4. Өнімнің өзіндік құнын элементі және калькуляциялық статьялары бойынша талдау	84
8.5. Тікелей материалдық және жанамалық шығын бойынша талдау	86
<i>8-тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер</i>	<i>88</i>

9-ТАРАУ. Кәсіпорынның маркетингтік қызметін талдау	90
9.1. Маркетингтік қызметті талдаудың мәні мен мақсаты	90
9.2. Өнімді өткізу нарығын талдау және сұраныссыз өнімнің тәуекелділігін бағалау.....	91
9.3. Кәсіпорынның бағалық саясаты мен оның өнімінің бәсекеге қабілеттілігін талдау.....	94
<i>9-тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер</i>	<i>97</i>
ІІІ БӨЛІМ. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ ӘДІСІ	99

10-ТАРАУ. Кәсіпорын қызметінің қаржы нәтижелерін талдау	99
10.1. Талдау мақсаты және ақпарат көздері	99
10.2. Кәсіпорын табысының құрамы мен динамикасын талдау	100
10.3. Өнімді өткізуден алынған қаржы нәтижелерін талдау	102
10.4. Басқа да қаржы табыстары мен шығындарды талдау	103
10.5. Таза табысты үлестіру мен қолдануын талдау	103
<i>10-тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер</i>	<i>104</i>

11-ТАРАУ. Капиталды құру мен оны орналастыруды талдау	106
11.1. Ақпарат қайнар көзі, мәні және мақсаты	106
11.2. Кәсіпорын капиталын құрудың қайнар көздерін талдау	107
11.3. Кәсіпорын активтерінің құрылымын талдау	111
11.4. Негізгі және айналымдағы капиталдың динамикасын, құрамын және құрылымын талдау	114
11.5. Дебиторлы қарыздың және қорлардың жағдайын талдау	115
<i>11-тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер</i>	<i>118</i>

12-ТАРАУ. Кәсіпорын капиталын пайдаланудың тиімділігі мен өнімділігін талдау	121
12.1. Капиталды қолдану тиімділігі мен өнімділігінің көрсеткіштері	121
12.2. Капитал айналымын талдау	126
12.3. Қарыз капиталын қолдану тиімділігін талдау. Қаржылық тұтқаның әсері	129
12.4. Меншікті капиталдың табыстылығын талдау	130
<i>12-тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер</i>	<i>132</i>
13-ТАРАУ. Инвестициялық және инновациялық қызметті талдау	135
13.1. Инвестиция туралы түсінік, түрлері, жіктеу және оның маңызы.....	135
13.2. Инвестициялық қызметтің көлемін талдау	136
13.3. Нақты инвестициялардың тиімділігін ретроспективті (өткенді шолатын) бағалау	139
13.4. Нақты инвестиция тиімділігін болжау.....	141
13.5. Қаржы салымының тиімділігін талдау	149
13.6. Инновациялық қызметтің тиімділігін талдау	156
<i>13-тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер</i>	<i>161</i>
14-ТАРАУ. Кәсіпорынның банкротқа ұшырауын талдау	165
14.1. Банкроттық туралы түсінік, түрлері және себептері	165
14.2. Банкроттық себептерін диагностикалау әдісі	168
14.3. Жансыз кәсіпорындарды қаржылық жандандыру жолдары	171
<i>14-тарауға өз білімін тексеру және бақылау сұрақтары, есептер</i>	<i>177</i>
Студенттің оқу жетістігін бағалау және қорытынды бақылауға дайындалу сұрақтары мен тақырыптары	178

Студенттің өзін-өзі емтиханға дайындау үшін сұрақтары....	178
«Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау» курсы бойынша реферат тақырыптары	181
Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау курсы бойынша тест сұрақтары.....	184
ГЛОССАРИЙ	203
Әдебиеттер тізімі	212

ЗАМАНБЕКОВ Шуақбай Заманбекұлы

КӘСПОРЫННЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ

(Оқулық)

Компьютерде беттеген *Тілеуқанова А.Т.*
Мұқаба дизайнері *Мышбаев Қ.Т.*

Басуға 05.05. 2016 ж. қол қойылды. Пішіні 60×84¹/₁₆.
Баспа табағы 13,75 . Шартты баспа табағы
Есептік баспа табағы 10,4. Офсеттік басылым.
Таралымы 300. Тапсырыс № 3/55-16.

«Экономика» баспасы» ЖШС
050063, Алматы қаласы, Сайын көшесі, 81-үй

ISBN 978-601-225-906-3



9 786012 259063